

ҚАЗАК ӘДЕБИЕТІ

Қазақстан Республикасының әдебиет, мәдениет және өнер апталығы



«Бірінді, қазақ, бірін дос,
Көрмесен, істің бәрі бос!»

12+



№3 (4001), 23 қаңтар, 2026 жыл

1934 жылы 10 қаңтардан шыға бастады

www.qazaqadebieti.kz

САЯСИ ЖАҢҒЫРУДЫҢ ЖАҢА КЕЗЕҢІ



АБАЙ АТЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК СЫЙЛЫҚҚА ӨТІНІМ ҚАБЫЛДАУ БАСТАЛДЫ

Қазақстан Республикасының Абай атындағы әдебиет пен өнер саласындағы Мемлекеттік сыйлығына өтінім қабылдау басталғанын хабарлаймыз.

Аталған беделді марапат ел мәдениетінің дамуына ерекше үлес қосқан отандық және шетел авторларына әдебиет пен өнер саласындағы аса үздік шығармалары үшін беріледі. Конкурс Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 21 қаңтардағы №993 Жарлығымен бекітілген тәртіпке сәйкес өткізіледі.

2026 жылғы Қазақстан Республикасының Абай атындағы әдебиет пен өнер саласындағы Мемлекеттік сыйлығына үміткерлерді ұсынуды Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарының алқалары, шығармашылық одақтар мен ұжымдар жүзеге асырады. Абай атындағы Мемлекеттік сыйлыққа Қазақстан Республикасының азаматтары мен шетел азаматтары ұсыныла алады. Ұсынылатын шығармалар көпшілік айналымға кейінгі бес жыл ішінде енген және кемінде бір жыл бұрын (2026 жылғы 1 наурызға дейін) жарияланған болуы тиіс. Бір жұмыс Абай атындағы Мемлекеттік сыйлыққа бір рет ғана ұсынылады, ал бір автор немесе авторлар ұжымы қатарынан екі рет ұсыныла алмайды. Бұрын Қазақстан Республикасының мемлекеттік сыйлықтарына ие болған жұмыстар конкурсқа жіберілмейді.

Авторлар ұжымы 5 адамнан аспауы керек, тек әкімшілік немесе ұйымдастырушылық қызмет атқарған тұлғаларды ұжым құрамына енгізуге жол берілмейді. Абай атындағы Мемлекеттік сыйлыққа ұсынылған үміткерлер мен олардың еңбектері республикалық бұқаралық ақпарат құралдарында ашық жарияланып, кеңінен талқыланады. Сыйлықты беру жөніндегі түпкілікті шешім де баспасөз беттерінде жарияланатын болады. Өтінімдер мен шығармашылық жұмыстарды қабылдау 2026 жылдың 1 наурызына дейін жүргізіледі.

Қызылорда қаласында Мемлекет басшысының қатысуымен Ұлттық құрылтайдың бесінші отырысы өтті. Танымал мемлекет және қоғам қайраткерлері, саяси партиялардың өкілдері, үкіметтік емес ұйымдар, бизнес-қауымдастық, сараптамалық орта және облыстардағы қоғамдық кеңестердің мүшелері қатысқан Сыр бойындағы жиында Президент Қасым-Жомарт Тоқаев сөз сөйлеп, саяси жаңғырудың жаңа кезеңіне қадам басқан Қазақстанның келешек даму бағдары мен қоғамдағы өзекті мәселелер туралы ойларын ортаға салды.

3-4-беттер →

«ҚАЗАК ӘДЕБИЕТІНІҢ» СҮЙЕНЕРІ — ОҚЫРМАН. ОҚЫРМАННЫҢ СҮЙІП ОҚИТЫН ГАЗЕТІ — «ҚАЗАК ӘДЕБИЕТІ»

Газеттің индексі: жеке жазылушылар үшін – **65353**; мекемелер мен ұйымдар үшін – **15353**

Баспасөз-2025

Жеке жазылушыларға:	Аудандар мен ауылдарда:	Кәсіпорындар мен ұйымдарға:	Аудандар мен ауылдарда:
Қалаларда:	Қалаларда:	Қалаларда:	Қалаларда:
1 айға – 925,82 т.	1 айға – 925,82 т.	1 айға – 1918,53 т.	1 айға – 1720,82 т.
3 айға – 2 777,46 т.	3 айға – 2 777,46 т.	3 айға – 5755,59 т.	3 айға – 5162,46 т.
6 айға – 5 554,92 т.	6 айға – 5 554,92 т.	6 айға – 11511,18 т.	6 айға – 10324,92 т.
12 айға – 11 109,84 т.	12 айға – 11 109,84 т.	12 айға – 23022,36 т.	12 айға – 20649,84 т.

«Евразия пресс» ЖШС бойынша
Жеке жазылушылар үшін:
1 айға – 746 теңге. 3 айға – 2238 теңге
6 айға – 4476 теңге. 12 айға – 8952 теңге

Кәсіпорындар мен ұжымдар үшін:
1 айға – 1441 теңге. 3 айға – 4323 теңге
6 айға – 8646 теңге. 12 айға – 17292 теңге

Құжаттар мен еңбектер Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде мына мекенжай бойынша қабылданады:
010000, Астана қаласы, Мәңгілік Ел даңғылы, 8-үй, «Министрліктер үйі» ғимараты, 14-кіреберіс, 527-кабинет.
Байланыс: d.ozykhan@mki.gov.kz, тел.: **8-708-689-45-74**
Жауапты тұлға:
Озыхан Данагүл Нұрболатқызы

МӘДЕНИ-БІЛІМ БЕРУ ОРТАЛЫҒЫ АШЫЛДЫ

Алматы қаласындағы Жамбыл атындағы қалалық жасөспірімдер кітапханасы жанынан «American Space & Makerspace» мәдени-білім беру орталығы ашылды. Бұл жастарды, креативті қауымдастықтарды және білім мен инновацияға ұмтылған қала тұрғындарын біріктіретін алаң болмақ.

дыкпен, әлемдік тәжірибемен үндесіп отырғанда ғана дамиды. Бұл орталық жастардың тек технологияны меңгеруіне ғана емес, еркін ойлауына, жаңа идеялар тудыруына, әлемдік мәдени диалогқа ашық болуына жол ашады деп сенемін.

Осы игі жобаны жүзеге асыруға қолдау көрсеткен Алматы қаласының әкімдігіне, АҚШ Елшілігі мен Алматыдағы Бас консулдығына, сондай-ақ барлық



Аталған орталық қала әкімдігінің, АҚШ Елшілігі мен АҚШ-тың Алматыдағы Бас консулдығының қолдауымен, сондай-ақ жергілікті серіктес ұйымдардың қатысуымен жүзеге асырылды. Жоба қала тұрғындарының білім алу, шығармашылықпен айналысу және заманауи технологияларды меңгеру мүмкіндіктерін кеңейтуге, сондай-ақ халықаралық мәдени және білім беру ынтымақтастығын нығайтуға бағытталған.

Орталықтың тұсауын кескен Қазақстан Жазушылар одағы Басқармасының Төрағасы Мереке Құлкенов орталықты «Алматы төріндегі Американың рухани отауы» деп атады.

«Бүгінгі күн — Алматы қаласының мәдени және білім кеңістігі үшін айрықша мәні бар, қуанышты сәт. Жамбыл атындағы қалалық жасөспірімдер кітапханасы жанынан «American Space & Makerspace» мәдени-білім беру орталығының ашылуы — заман талабына сай ойлайтын, білім мен инновацияға ұмтылған жас ұрпақ үшін үлкен мүмкіндік.

Кітапхана — тек кітап сақтайтын орын емес, ол — ойдың, идеяның, рухани ізденістің ордасы. Ал бүгін ашылып жатқан бұл орталық сол рухани кеңістікті жаңа мазмұнмен толықтырып, креатив пен технологияны, мәдениет пен білімді тоғыстыратын заманауи алаңға айналмақ.

Қазақстан Жазушылар одағы үшін мұндай бастамалардың маңызы зор. Өйткені сөз өнері мен шығармашылық қиял қай кезеңде де біліммен, жаңашыл-

серіктес ұйымдарға шынайы алғысымды білдіремін. Бұл — халықаралық мәдени және білім беру ынтымақтастығының жарқын үлгісі.

Жастарға айтарым, осы кеңістікті барынша тиімді пайдаланып, білім алу-дан, ізденуден, шығармашылықтан тайынбаңыздар. Себебі болашақ білімді, ойы ұшқыр, мәдениеті биік ұрпақтың қолында», — деді М. Құлкенов орталықтың руханият үшін маңыздылығына тоқталып.

«American Space & Makerspace» орталығында АҚШ университеттерінде білім алуға қызығушылық танытқан жастарға кеңес беру, ағылшын тілі курстары мен сөйлеу клубтары, кәсіби және цифрлық дағдыларды дамытуға арналған воркшоптар, сондай-ақ кәсіпкерлік, көшбасшылық және азаматтық белсенділік бағытындағы бағдарламалар іске асырылатын болады.

Сонымен қатар орталықта 3D басып шығару, дизайн, робототехника, бағдарламалау, ғылыми тәжірибелер мен қолданбалы шығармашылыққа арналған заманауи құралдармен жабдықталған Makerspace аймағы және америкалық әдебиет бұрышы қарастырылған.

Аталған жоба қалалық кітапханалардың уақыт талабына сай жаңғырып, тек кітап оқу орындары ғана емес, сонымен қатар білім, мәдениет, инновация және халықаралық диалогты дамытатын заманауи қоғамдық кеңістіктерге айналып келе жатқанын айқын көрсетеді.



МАҢҒЫСТАУДА ҚАЛАМҒЕРЛЕР БАС ҚОСТЫ

Маңғыстауда өлке қаламгерлерінің қатысуымен кеңейтілген жиын өтті.

Кездесуге Маңғыстау облысы әкімінің орынбасары Аббат Өрісбаев, Қазақстан Жазушылар одағы Басқарма Төрағасының орынбасары Ғалым Қалибекұлы, Қазақстан Жазушылар одағының аппарат жетекшісі Еділбек Дүйсен, сондай-ақ өңірдегі Жазушылар одағының мүшелері мен зиялы қауым өкілдері қатысты.

Жиында өңірдегі әдеби үдерістің қазіргі ахуалы, шығармашылық ортаны қолдау, қаламгерлердің қоғамдық өмірдегі рөлі мен алдағы жоспарлары кеңінен сөз болды.

Алдымен сөз сөйлеген Маңғыстау облысы әкімінің орынбасары Аббат Өрісбаев әдебиет өкілдерінің өңірлік бастамаларға белсене атсалысып жүргенін атап өтіп, шығармашылық иелерін қолдау мемлекеттік мәдени саясаттың маңызды бағыттарының бірі екенін жеткізді.

— Бүгінде Маңғыстау облысында Қазақстан Жазушылар одағының 40-қа жуық мүшесі бар. Олар өңірдегі өзекті мәселелер мен маңызды бастамалардың бел ортасында жүріп, қоғамдық жұмыстарға белсене араласып келеді. Өткен жылы облыста Одақ филиалымен бірлесіп бірқатар ауқымды іс-шаралар ұйымдастырылды. Атап айтқанда, Халықаралық Түркі әлемі жазушыларының фестивалі өтті. Сонымен қатар облыс әкімдігінің қолдауымен мемлекеттік гранттық тапсырыс аясында үш ақынның кітабы жарық көріп, аудан орталықтарында оқырмандармен кездесулер ұйымдастырылды, — деді Аббат Өрісбаев.

Жиын барысында Қазақстан Жазушылар одағы Басқарма Төрағасының орынбасары Ғалым Қалибекұлы өңірлік бөлімшенің бытырғы жұмысын қорытындылап, алдағы жоспарлармен таныстырды.

— Бүгінгі жүздесудің негізгі мақсаты — өңірлік бөлімшенің өткен жылғы жұмысын саралап, алдағы бағыт-бағдарды айқындау. Маңғыстау — Әбіш Кекілбаевтай заңғар тұлға туған, рухани әлеуеті жоғары өлке. Басты міндетіміз — қаламгерлердің мұн-мұқтажы мен ұсыныс-талаптарын өңір басшылығына жеткізу, — деді Ғалым Қалибекұлы.

Кездесу аясында бірқатар қаламгерге Қазақстанның Құрметті жазушысы

атағы табысталды. Атап айтқанда, аталған құрметті атақ Бектұр Төлеуғалиев, Медет Дүйсенов, Отыншы Көшбайұлы, Темір Мыңжас және Сабыр Адайға берілді.

Сондай-ақ жиын барысында Қазақстан Жазушылар одағының Маңғыстау облысы бойынша филиалына директор-өкіл тағайындалды. Бұл қызметке белгілі ақын, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, журналист Анар Шамшадинова бекітілді.

Кездесу қорытындысында Жазушылар одағының мүшелері өңірдегі әдеби үдерісті дамыту, жас қаламгерлерді қолдау және шығармашылық жобаларды іске асыру бағытындағы ұсыныстарын ортаға салды.



Бұдан соң Маңғыстау облысының әкімі Нұрдәулет Қилыбай Маңғыстау облысына арнайы іссапармен барған Қазақстан Жазушылар одағының өкілдерін қабылдады.

Кездесу барысында өңірдегі әдеби орта мен шығармашылық қауымға көрсетіліп отырған қолдау мәселелері талқыланды.

Өз кезегінде Қазақстан Жазушылар одағының Басқарма Төрағасының орынбасары Ғалым Қалибекұлы Маңғыстау өңірінде әдебиет пен руханиятты дамыту бағытында атқарылып жатқан жұмыстарға оң бағасын берді. Сондай-ақ жас қаламгерлерді қолдауға арналған бастамалардың маңыздылығын атап өтіп, өңір басшылығы тарапынан көрсетіліп отырған қолдау үшін алғысын білдірді.

Айта кетейік, 2025 жылы жүзеге асқан «Жас қаламгер» гранттық жобасы өңір әдебиеті үшін маңызды болды, жоба аясында белгілі қаламгерлердің қатысуымен әдеби-музыкалық кештер мен шеберлік сабақтары өтіп, жас авторлардың шығармаларының тұсау-кесері ұйымдастырылған.

Бұдан бөлек Ақтау қаласында өткен халықаралық «Түркі жас қаламгерлері» фестивалі түркі елдері арасындағы әдеби байланысты нығайтуға үлес қосты.

Қазақстан Жазушылар одағының баспасөз қызметі

Құттықтаймыз!

Президент Ұлттық құрылтайдың қызметіне белсене атсалысып, реформалардың табысты жүзеге асырылуына елеулі үлес қосқан бір топ азаматты мемлекеттік наградамен марапаттады.

Елдің әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық дамуына қосқан елеулі үлесі үшін наградалғандар:



III дәрежелі «Барыс» орденімен
Досжан Сәуле
Мағазбекқызы — жазушы,
Алматы қаласы;



«Парасат» орденімен
Сатыбалды Азамат —
актер, Алматы қаласы;



«Құрмет» орденімен
Сарymbай Серік Әбікенұлы —
жазушы, Жетісу облысы.



(Басы 1-бетте)

Мемлекеттік билік реформалары

Мемлекет басшысы жаңа Парламентке «Құрылтай» деген атау беруді ұсынды.

— Ең алдымен, болашақ Парламенттің атауы бойынша пікірімді айтсам. Қысқаша айтқанда, Құрылтай деген атауды беру керек деп сенемін. Құрылтайдың тарихи аясы да, мағынасы да халқымызға түсінікті, жақын. Құрылтай отырыстарын жаңғырту бастамасын мен өзім 2022 жылы көтердім. Бұл баяндаманың басында Құрылтай жұмысының тиімділігі мен пайдасына ден қойдым. Жалпы, еліміздің саяси жүйесінде Құрылтай атауын аса маңызды мемлекеттік институттың символы ретіне сақтап қалуымыз керек деп ойлаймын, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев. — Ал депутаттар санына келсек, бұл мәселе де қызу пікірталас туғызды. Ең көп пікір қайшылығы осы мәселеге қатысты болды. Бірінші тарап еліміздегі халық санына қарай пропорционалды уәкілдік идеясын ұсынды. Екінші тарап депутат санын 500-ге дейін арттыру қажет деді. Біздің негізгі мақсатымыз — шын мәнінде, тиімді әрі кәсіби Парламент құру.

Жаңа заң шығарушы орган елдегі ауқымды өзгерістерге заңнамалық тұрғыда барынша қолдау көрсетуге тиіс. Әлемдегі озық тәжірибелерге қарасақ, бұл үшін депутат санын көбейтудің еш қажеті жоқ. Сондықтан мәселе — санда емес, сапада! Ең бастысы, Парламентте нағыз отаншыл азаматтар — білікті мамандар отыруға тиіс!

Жұмыс тобы азаматтардың ұсыныстарын мұқият зерделеп, қызу талқылады. Ақыр соңында Парламенттің мандат саны 145 болуы керек деген байламға келді. Жаңа Парламентте Төрағаның үш орынбасары болуы мүмкін. Ал комитет саны 8-ден аспауы керек.

Жаңа Парламентте депутаттарды бес жылға сайлау көзделіп отыр. Заң қабылдаудың үш кезеңнен тұратын процедурасы ұсынылады. Депутаттар бірінші кезеңде заң жобасын жалпы мақұлдайды. Одан кейін өзгерістерді мақұлдайды, соңында заңды қабылдайды. Осылайша, біз Парламент қызметін түбегейлі қайта құру арқылы осыған дейін жүзеге асырылған саяси реформаларды одан әрі жалғастырамыз. Мемлекеттің институционалды тұғырын нығайтып, «Күшті Президент — ықпалды Парламент — есеп беретін Үкімет» қағидатына сәйкес орнықты саяси жүйе қалыптастырамыз. Басты мақсатымыз да — осы. Билік институттарының жаңа құрылымы баршаға бірдей мүмкіндік беретін әділетті қоғам құрудың мызғымас негізі болмақ.

Реформалардың жаңа кезеңінде қоғам дамуының барлық мәселесіне қатысты тұрақты жалпыұлттық диалог жүргізу үшін ауқымды платформа немесе биік мінбер қажет. Бұл ретте Қазақстан халқы ассамблеясы мен Ұлттық құрылтайдың тарихи мән-маңызы зор әрі айрықша жауапты миссиялары табысты аяқталды деп санауға болады. Президент жаңа институт ретінде Қазақстанның Халық Кеңесін құруды ұсынды. «Ассамблея мен Ұлттық құрылтайдың қазақ мемлекеттілігін және Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігін дәйекті түрде нығайту сияқты міндеттерін осы жаңа органға жүктей отырып, стратегиялық сабақтастықты сақтап қалу өте маңызды деп санаймын. Сонымен бірге Халық Кеңесі басқа елдердегі консультативті құрылымдардың оң тәжірибелерін ескере отырып құрылатын жаңа мемлекеттік орган болмақ. Оның құрамына барлық этностың, түрлі санаттағы азаматтардың және аймақтардың өкілдері кіреді», — деді К.Тоқаев.

Халық Кеңесінің барлық мүшесін Президент тағайындайды, ал төрағасын оның мүшелері сайлайды. Халық Кеңесіне заң шығаруға бастамашылық ету құқығы берілуі тиіс. Жылына кемінде бір рет шақырылатын

сессия Халық Кеңесінің жоғары органы ролін атқарады.

Кәсіби заңгерлер Ата заңның мәтініне қатысты пікірлерін білдірді. Олар Конституциямыздың кейбір тұстарын нақтылай түсу қажеттігіне назар аударды. Атап айтқанда, Мемлекет басшысын сайлау мәсе-

Мәдениет – мемлекеттік саясаттың басым бағытының бірі

Мемлекеттік саясаттың стратегиялық бағдарының бірі — мәдениет пен өнер. Себебі қоғамның санасы жаңғырмаса, реформалар ойдағыдай нәтиже бермейді.

САЯСИ ЖАҢҒЫРУДЫҢ ЖАҢА КЕЗЕҢІ

лесі бойынша маңызды ұсыныс бар. Атап айтқанда, Мемлекет басшысы мерзімінен бұрын қызметтен кетсе, екі айдың ішінде кезектен тыс Президент сайлауы өтеді деген норма негізгі заңда нақты белгіленуі қажет. Бұл қадам халықаралық озық тәжірибеге сай келеді. Еліміздің кез келген басшысы билікке сайлау арқылы, яғни заңды түрде келуі керек. Бұл — мен үшін мызғымас ұстаным. Осы норма кейінгі мемлекет басшылары үшін де еш өзгермейтін қағида болуға тиіс!



Саяси жаңғырудың басты мақсаты — Қазақстанның әлеуетін арттыру және мемлекеттілігіміздің қазіргі заманғы сын-қатерлерге дайындығын күшейту. 2022 жылғы конституциялық реформалардың нәтижесінде саяси жүйені теңгерімді етуге және мемлекеттік басқарудың тиімділігін арттыруға арналған шаралар қабылданды. «Әр нәрсенің өз уақыты бар» деп халқымыз бекер айтпаған», — дей келіп, Президент бірнеше жыл бойы мұқият қалыптастырып келе жатқан саяси құрылымның үйлесімді түйіні ретінде Қазақстан Республикасының Вице-президенті институтын құруды ұсынды. Вице-президентті Мемлекет басшысы Парламент депутаттарының көпшілігінің келісімін ала отырып тағайындайды. Оның құзырет аясын Мемлекет басшысы өзі белгілейді.

Қазіргі Парламенттің қызметін қамтамасыз етіп отырған аппараттық құрылымның бір бөлігі және Мемлекеттік кеңесші лауазымы қысқартылады. Президент Әкімшілігінің міндеттері мен құрылымы іс жүзіндегі қажеттілікке сәйкес реформаланады. «Осы конституциялық жаңашылдық Президент билігі институтының өзі әлсірейді дегенді білдірмейтінін атап өткім келеді. Керісінше, Президент лауазымы мемлекеттік жүйедегі басты лауазым болып қала береді. Қазақстанның Президенттік республика ретінде табысты дами беретініне сенімдімін. Өзінің тиімділігін көрсеткен осы саяси жүйеден бас тартуға болмайды. Халықаралық тәжірибе дәл осы таңдаудың дұрыс екенін айқын көрсетіп отыр. Мен ұсынған мемлекеттік билік реформалары, атап айтқанда, бір палаталы Парламент — Құрылтайға көшу, Халық Кеңесін құру, Вице-президент лауазымын енгізу еліміздің дамуына зор серпін береді, оның әлеуетін арттыра түседі деп сенемін», — деді Президент.

Бұл — ақиқат. Сондықтан біз руханият мәселелеріне айрықша мән береміз. Бұл салада бұрын-соңды болмаған ауқымды шаруалар қолға алынады. Атап айтқанда, Алматы облысында қазақ драма театры, Абай, Ақтөбе облыстарында театрлар бой көтереді. Шымкентте де Опера және балет театрының құрылысы басталмақ. Биыл Мұхтар Әуезов атындағы Қазақ ұлттық драма театрының ашылғанына 100 жыл толды. Осыған орай, театр ғимаратына жүргізіліп

жатқан күрделі жөндеу жұмысы аяқталмақ. Наталья Сац атындағы орыс мемлекеттік академиялық балалар мен жасөспірімдер театры да жаңғыртылады. Бұдан бөлек, екі жылдың ішінде елімізде 100-ден астам мәдениет ошағы жөнделеді. Музей ісін дамыту — маңызды міндеттің бірі. Осы ретте, Президент Қызылордада ашылған жаңа тарихи-өлкетану музейін атап өтті. Заман талабына сай салынған орталықта музей ісін ұйымдастырудың тың тәсілдері қолданылған. Бұл тәжірибе басқа облыстарға үлгі боларлық. Биыл Қызылордада жаңа драма театры, сондай-ақ заманауи кітапхана салынатын болады.

Жас буын өкілдері жаңа қоғамдық этиканы, креативті индустрияны дамытуға зор үлес қосуда. Әлем елдері қазіргі қазақ өнерін ерекше құбылыс деп бағалайтын болды. Кино саласы да дамып жатыр. «Жас ұрпақтың ұлттық бірегейлігімізді өнерімен айшықтап, ұлтымызды жаһан жұртына танытуы — зор мақтаныш. Жастардың күш-қуаты, ынта-жігері, жаңашылдығы мен жасампаздығы кез келген салаға зор серпін береді. Сондықтан біз өскелең ұрпаққа әрдайым жан-жақты қолдау көрсетеміз. Олардың ұлттық құндылықтармен қатар жаңа заманның жақсы қасиеттерін бойына сіңіруіне барынша жағдай жасаймыз», — деді Мемлекет басшысы.

Басты міндет – ұлттық мұраны сақтап, ұрпаққа табыстау

«Соған сәйкес алғаш рет аса құнды «Хандар шежіресі» қолжазбасын ЮНЕСКО-ның «Әлем жады» деректі мұралар тізіміне енгіздік. Биыл жазда Корея Республикасының Пусан қаласында Бүкіләлемдік мұралар комитетінің кезекті отырысы өтеді. Сол кезде «Маңғыстаудың жерасты мешіттерін»

ұйым тізіміне қосу мәселесі қаралады. Қазір Қазақстан материалдық емес мәдени мұралар тізіміне өз нысандарын белсенді түрде енгізіп жатқан 25 елдің қатарына кіреді. Бірақ нұнымен тоқтап қалуға болмайды. Төл тарихымызды зерделеу, өнеріміз бен мәдениетімізді өркендету үшін әлі де көп жұмыс істелуге тиіс.

Төрт мың жылдық тарихы бар Қара-тау петроглифтері төл өркениетіміздің

тамыры тым тереңде жатқанын көрсетеді. Ғалымдарымыз Қызылорда жеріндегі Сауыскандық пен Түркістан облысындағы Арпаөзеннен жалпы саны 17 мың петроглиф тапқан. Осындай құнды жәдігерлеріміз бен ұлттық дәстүрлеріміз ЮНЕСКО-ның бүкіләлемдік мұралар тізімінде болуға әбден лайық деп санаймын.

Сондай-ақ Абай ілімі біздің ұлттық бірегейлігіміздің, ұлттық болмысымыздың өзегі болуға тиіс. Оның ой-толғамдары қанша заман өтсе де өзекті болып қала береді. Қазіргі «Адал азамат» тұжырымдамасы ұлы ойшылдың «Толық адам» идеясымен тығыз астасып жатыр. Біз Абайдың «Қара сөздерін» ЮНЕСКО-ның «Әлем жады» деректі мұралар тізіміне енгізуіміз керек.

Әл-Фараби, Ясауи ілімдері де ұлт руханиятының ұстыны саналады. Ашығын айтсақ, ұлы бабаларымыздың өсиеттерін олардың мерейтойы кезінде ғана еске аламыз. Бұл дұрыс емес. Сондықтан Әл-Фараби, Ясауи және Абай ілімдерін жан-жақты дәріптейтін ғылыми жиындарды тұрақты өткізіп тұруымыз қажет. Бұл басқаға емес, ең алдымен, өзіміз үшін керек. Басты міндет — халқымыздың баға жетпес қазынасы ұлттық мұрасын сақтап, ұрпаққа табыстау.

Соңғы жылдары сан ғасырлық тарихи мұрамызды ғылыми тұрғыдан зерделеу және дәріптеу жолында біраз жетістікке жеттік. Биыл көктемде Жошы хан туралы деректі фильмді түсіру жұмыстары аяқталады. Көп сериялы фильмнің тұсаукесері беделді халықаралық платформаларда өтеді. Бұл туынды Алтын Орда брендині жер жүзіне дәріптеуге ықпал етеді. Мамыр айында Алтын Орда тарихына арналған халықаралық симпозиум ұйымдастырылады. Іс-шараға әлемнің беделді ғалымдары шақырылады».

Цифрландыру және жасанды интеллект

«Цифрлық технологиялар мен жасанды интеллект қарқынды дамыған сайын ұлттық бірегейлігімізді нығайту өзекті бола түседі. Төл тарихы мен мәдениетін электронды форматқа көшіріп, оны жаһандық цифрлық өркениетке қосқан елдер ғана ұлттық болмысын сақтап қалады. Мұны жаңа дәуірдің талабы деуге болады. Түптеп келгенде, бұл — жұртымыздың идеологиялық дербестігіне және болашағына тікелей қатысты мәселе. Мен халықтың жады мен ғылым-білімін жинақтайтын «Ұлттық цифрлық мұра» қорын құру идеясын қолдаймын. Цифрландыру және жасанды интеллект жылы аясындағы мұндай бастама тарихи мұрамызды сақтап, оны терең зерделеуге жол ашады.

Біз білім, ғылым және жоғары технология саласына қомақты инвестиция салатын болдық. Себебі адам капиталының сапасын арттыру — айрықша маңызды міндет. Бұл, әсіресе ел дамуының қазіргідей тарихи, бетбұрысты кезеңінде халқымыздың болашағына тікелей әсерін тигізеді. Ең бастысы — бұл жоспарлар жұртты құр уәдемен жарылқайтын тұсаукесер рәсімдері мен форумдардың көлеңкесінде қалып қоймауы керек. Цифрландыру және жасанды интеллект жылын сән қуып, ұрандату үшін жариялаған жокпыз. Бұл шешім бүкіл мемлекеттік аппаратқа нақты міндет жүктеп отыр. Бұл — стратегиялық міндет».

ОРТАҚ МАҚСАТ ПЕН ИГІ ІСТЕР БАСТАУЫ



Мерике ҚҰЛКЕНОВ,
Қазақстан
Жазушылар одағы
Басқармасының
Төрағасы, Ұлттық
құрылтай мүшесі:

МӘДЕНИЕТ – НЕГІЗГІ ІРГЕТАС

Ұлттық құрылтайдың кешегі өткен бесінші отырысы ел болашағы туралы салмақты әрі жауапты әңгімелермен есте қалары анық. Бұл қатардағы көп басқосудың бірі емес, бүгінгі қоғам үшін айрықша маңызға ие құндылықтар мен әр түрлі саладағы нәтижеге жеткізетін бағдарларды терең пайымдауға, талқылауға арналған алаң болды. Өйткені отырыстың күн тәртібінде мәдениет, тіл, тарихи жады және жас ұрпақты тәрбиелеу мәселелері тұрды. Шығармашылық зиялы қауым өкілі ретінде мен үшін ұлттың рухани және зияткерлік капиталының рөлі мұндай жоғары деңгейде айтылуы аса маңызды.

Құрылтайда әлеуметтік-экономикалық міндеттер туралы ғана емес, реформалардың ішкі мазмұны қандай болуы керектігі жөнінде де сөз қозғалды. Бұл тұрғыда мәдениет қосалқы сала емес, керісінше, негізгі іргетас ретінде қарастырылды. Осы тұрғыдан қарағанда, 1960 жылдардың басынан бері қазақ мәдениетін әлемге танытып

келе жатқан, жалпыадамзаттық ауқымдағы тұлға саналатын Олжас Сүлейменовтің 90 жылдығын алдағы уақытта кең көлемде атап өту – символдық мәнге ие. Оның мерейтойы — тек салтанатты шаралар үшін ғана емес, әдебиеттің қоғамдық сананы қалыптастырудағы рөлін терең түсінуге мүмкіндік беретін маңызды себеп.

Реформалар туралы айтқанда, шығармашылық зиялы қауымның да осы реформалардың жүзеге асуына белсенді қатысуы керектігін айтқым келеді. Бұл – формалды қатысу емес, білім беру саласында, мәдени саясатта, жастармен жұмыс істеуде нақты, мазмұнды үлес қосу деген сөз. Осы себептен де республиканың барлық 17 облысында және республикалық маңызы бар үш қалада «Абайтану орталықтарын» ашу идеясы өзекті болып отыр.

Сондай-ақ Мемлекет басшысы ұсынған балалар кітапханаларын дамыту жобасын да айрықша маңызды деп санаймын. Ұлттық құндылықтар негізінде баланы кітапсыз тәрбиелеу мүмкін емес. Әдебиетке қолжетімділікті қамтамасыз ету ғана емес, оқуға деген тұрақты қызығушылықты қалыптастыру да аса маңызды.

Жалпы алғанда, бүгін сөз болып отырған реформалар тек әкімшілік шешімдерді ғана емес, руханият өкілдерінің белсенді қатысуын да талап етеді. Осы тұста жазушылардың, ақындардың, ғалымдардың және мәдениет қайраткерлерінің үні анық естілуі тиіс.



Қарлығаш ЕСІМСЕЙТОВА,
Қазақстан Жазушылар
одағының Қызылорда
облысындағы филиал
директоры

КІТАПСҮЙЕР ЖАСТАР ЖЫЛЫ
ҚАБЫЛДАДЫ

Мемлекеттік саясаттың стратегиялық бағдарының бірі – мәдениет пен өнер. Бұл жайында Мемлекет басшысы өз баяндамасында айқын әрі нақты мысалдар келтірді. Атап айтқанда, «Алматы облысында Қазақ драма театры, Абай, Ақтөбе облыстарында театрлар бой көтереді. Шымкентте де опера және балет театрының құрылысы басталмақ. Биыл М.Әуезов атындағы қазақ ұлттық драма театрының ашылғанына 100 жыл толды. Театр ғимараты күрделі жөндеуден өткізілді. Музей ісін дамыту – маңызды міндеттің бірі. Осы ретте, Қызылордада ашылған жаңа тарихи-өлкетану музейін ерекше атап өткім келеді. Заман талабына сай салынған орталықта музей ісін ұйымдастырудың тың тәсілдері қолданылған. Бұл тәжірибені басқа облыстарға үлгі

етуге болады», – деді Мемлекет басшысы.

Мемлекет басшысы өз баяндамасында жол-көлік инфрақұрылымына, экологияға, мәдениет пен өнер салаларына да кеңінен тоқталды. Бұл салада үлкен өзгерістер мен ілгері басуға қадам жасалып жатқанын, көптеген мәдени ошақтар салынып, елімізде 200-ден аса ғимараттар өтетінін тілге тиек етті. Құрылтай өтіп отырған Қызылорда қаласында жаңа кітапхана, жаңа театр ғимараты салынып, бүгінгі өскелең ұрпаққа қызмет жасайтынын жеткізді. Бұл соны жаңалықты кітапханашылар, оқырмандар мен қаламгерлер қауымы, білімқұмар, кітапсүйер жастар қуана қабылдады деп ойлаймын.

Заманауи технологиямен жабдықталған, оқырманы көп кітапханалардың көбеюіне жазушылар да ақ тілегін, алғысын жеткізіп жатқаны сөзсіз.

«Әл-Фараби, Яссауи, Абай ілімімен сусындаған рухани бай ұрпақ тәрбиелеу – бүгінгі күннің басты міндеті», – деді Президент өз сөзінде.

«Ұлттық мұра цифрлық қоры» құрылуын тапсырды.

Ұлттық бірлік пен келісім – Тәуелсіздіктің кепілі. Қызылордада өткен Ұлттық құрылтайдың бесінші отырысы осыны меңзейді. Ел бірлігінің іргесі нығая берсін.



Жанарбек ӘШІМЖАН,
ақын,
ҚР Парламенті
Мәжілісінің
депутаты, Ұлттық
құрылтай мүшесі

«ҰЛТТЫҚ ЦИФРЛЫҚ МҰРА»
ҚОРЫН ҚҰРУ ИДЕЯСЫ –
ӨТКЕН МЕН БОЛАШАҚТЫ
ЖАЛҒАЙТЫН АЛТЫН КӨПІР

Екі күн бойы Сыр елінде туы көтерілген келелі кеңесте байтақ Отанның бүгінгі мен ертеңі хақында аталы сөз айтылып, тағдыр-шешті шешімдер қабылданды, өміршен реформалар талқыланды.

Мемлекет басшысы өз баяндамасында Қазақстан дамуының жаңа кезеңіне сай стратегиялық бағыттарды, терең реформаларды және қоғамды алға бастайтын басты құндылықтарды айқындап өтті.

Құрылтайдың тарих пен тағдыр тоғысқан өлкеде, Сыр бойында өтуі – кездейсоқ шешім емес.

«Сыр – Алаштың анасы» деген сөздің астарында ұлт тарихының тұтас бір кезеңі жатыр.

Шірік-Рабаттан бастап Сығанаққа дейінгі көне қалалар қазақ жерінде өркениет

болғанын дәлелдейді. Бір ғасыр бұрын ел астанасы болған Қызылорда – мемлекеттілік идеясының, ұлттық жаңғырудың символы.


Президент осы тарихи сабақтастыққа айрықша тоқталды.

Мәдениет пен өнер – мемлекеттің рухани тірегі. Театрлар мен музейлердің салынуы, тарихи мұраны ЮНЕСКО тізіміне енгізу, Абай, Әл-Фараби, Ясауи ілімдерін жүйелі дәріптеу – ұлттық болмысты сақтаудың маңызды тетіктері. «Ұлттық цифрлық мұра» қорын құру идеясы – өткен мен болашақты жалғайтын алтын көпір. Цифрлық дәуірде ұлттық жадыны сақтау – идеологиялық дербестіктің басты шарты.

Президент баяндамасында заң үстемдігі мәселесіне ерекше мән берілді. Қыз алып қашу, тұрмыстық зорлық-зомбылық, немқұрайлылық пен жауапсыздық – мұның бәріне қоғам болып тосқауыл қою қажет. Заң бәріне ортақ, ал тәртіп – өркениетті елдің басты белгісі.

Ұлттық құрылтай жиынында айтылған әрбір ой мен ұсынылған әрбір реформа Әділетті, Қуатты, Қауіпсіз және Таза Қазақстанды құру жолындағы нақты қадам екеніне тоқталған Мемлекет басшысы аталған құрылымның жұмысына ризашылық білдірді.

Ұлттық Құрылтай жиынынан біз бірлігіміз бекем, мақсатымыз айқын болса, алынбайтын асу жоқ деген сеніммен тарқастық.



Азамат ӘБІЛҚАЙЫР,
ақын,
Қазақстан Жазушылар
одағының мүшесі

БҰЛ ХАЛЫҚ БОЛЫП
ТАЛҚЫЛАҒАН МӘСЕЛЕНІҢ
БАСЫ ДА, СОҢЫ ДА ЕМЕС

Конституцияның беттеріне соны өзгерістер түсетін түрі бар. Бұқарадан ұсыныс жиналып, келісімі ортақ қазанда қайнап шығатынына да кәміл сенеміз.

Негізі жұртшылықтың көңілі толғатын шешімді табуға даналығымыз да, сабырымыз да жетеді. Ұлттық құрылтайда Президент те осыны меңзеді. «Қазақ мемлекетінің басшысы ретінде мен үшін тәуелсіздік – бәрінен қымбат», – деді.

Рас. «Ең бастысы, Қазақстанның жерінің тұтастығын, қауіпсіздігі мен егемендігін қамтамасыз етуіміз керек». Бұл халық болып талқылаған мәселенің басы да, соңы да емес. Абай:

«Жау жабылса, бұзылмас жан көрмедім», – деп, тыныштығы кеткен елдің болашағы баянсыз екенін ескертті.

Ғасырлар бойы іздегенімізді тапқанда «Тыныштық іздеп таба алмай жүрген жұрт, тыныштық көрсе, сәтке тұрмай жалыға

қала-тұғыны қалай?» деген сол Абайдың кейіпкері болмайықшы.

Күрделі қоғамда, алмағайып әлемнің аласапыранында елтұтқасы нығаяр нәзік мәселелерді нәтижеге қарай алып жүру – ердің ерінің қолынан келер тірлік. Сол жолда бәріміз бірге болуымыз керек.

«Бостандық ұлтты бодандықтан да қатты сынады» деп абыз Әбіш Кекілбаев бекер айтпаса керек...

Өз кезегімде бір ауыз ұсыныс айтқым келеді.

Ұлттық құрылтай аясында айтылған ұсыныстар мен көтерілген мәселелердің орындалуын жүйелі түрде қадағалайтын ашық цифрлық платформа қалыптастыруды ұсынар едім. Онда Құрылтайда көтерілген әрбір бастама бойынша жауапты мекемелер, нақты мерзімдер мен атқарылған жұмыстар туралы ақпарат қоғамға тұрақты түрде жарияланып отырса, билік пен халық арасындағы сенім одан әрі нығая түсер еді.

Сондай-ақ өңірлердегі зиялы қауым өкілдерінің, шығармашылық адамдардың, жастардың бастамаларын Ұлттық құрылтаймен байланыстыра отырып, аймақтық қоғамдық диалог алаңдарын тұрақты форматта жолға қою ел ішіндегі ой-пікірдің орталыққа дер кезінде жетуіне мүмкіндік берер еді.

Бұл қадамдар Ұлттық құрылтайды бір реттік жиын емес, елдің қоғамдық ой-санасын үздіксіз жаңғыртып отыратын тірі, пәрменді институтқа айналдыра түсері сөзсіз.



Серік ЖЕТПІСҚАЛИЕВ,
ақын,
Қазақстан Жазушылар
одағының мүшесі

ҰСЫНЫСТАРДЫ САРАЛАП,
МІНДЕТТЕРДІ ЖҮЗЕГЕ
АСЫРУҒА ЖҰМЫЛУЫМЫЗ
КЕРЕК

Ұлттық Құрылтай билік пен халық арасындағы қолайлы байланыс орнатқан тиімді, құтты алаң болып қалыптасты. Озінің атауы да, мақсаты да сол еді ғой. Осыған дейін өткен 4 жиында көленкеде қалып қойған қаншама мәселелер ашық

айтылып, олар бойынша қаншама тапсырмалар беріліп, жұмыстар жасалып жатқанының куәсіміз.

Міне, биыл Ұлттық Құрылтай тарихы терең, сыры көп Сыр өңірінде, ырысты-күршіті Қызылорда қаласында өтті. Ел жанашырлары – аузы дуалы ақсақалдар, ақын-жазушылар, атақты ғалымдар, қоғам қайраткерлері барып, Президент алдында пікірлерін ортаға салып жатқанын көріп, қуанып жатырмыз.

Өмір тез дамып, тез өзгеріп жатқан заманда мемлекеттік құрылымдардың, қоғамдық ұйымдардың – бәрінің ықшам, қолайлы болғаны абзал. Цифрландыру, сандық форма, жасанды интеллекті пайдалануды тез жетілдірудің маңызы зор. Көштен қалуға болмайды.

Сондықтан биылғы Ұлттық құрылтайдың да ел-жұртпен ақылдасып шешкен, алға қойған міндеттерін жүзеге асыруға жұмылуымыз керек.



Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ,
эл-Фараби атындағы Қазақ
ұлттық университеті
Басқарма Төрағасы-ректор

Абайдың 180 жылдығы аясында эл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде орындалған көпсалалы іс-шаралардың қорытындысы және Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2025 жылғы 5 қарашадағы жарлығымен бекітілген «Қазақстан Республикасы ішкі саясатының негізгі қағидаттары, құндылықтары мен бағыттары» стратегиясын іс жүзіне асыру мақсатынан туындайтын міндеттер Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» трактатындағы: «Абайды тану – адамның өзін-өзі тануы. Адамның өзін-өзі тануы және үнемі дамып отыруы, ғылымға, білімге басымдық беруі – кемелдіктің көрінісі. Интеллектуалды ұлт дегеніміз де осы. Осыған орай, Абай сөзі ұрпақтың бағыт алатын темірқазығына айналуы қажет», – деген тұжырымы қоғам дамуының қазіргі кезеңі үшін ауадай қажетті рухани құндылықты дәл танып, терең пайымдаудан туған. Бұл тұжырымның өзегінде Қазақстанның ғылым мен білім жүйесінің алдына қойылған аса маңызды және зор міндет тұр деп білеміз.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2025 жылғы 8 қыркүйектегі «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Қазақстан халқына Жолдауында Абайдың даналығына ерекше мән беріп, бірнеше маңызды тұжырым жасады.

Аталған құжаттардағы қағидалардың әлеуметтік маңызы зор екенін айта отырып, Мемлекет басшысының 2025 жылдың 5 қарашасындағы Жарлығымен бекітілген «Қазақстан Республикасы ішкі саясатының негізгі қағидаттары, құндылықтары мен бағыттары» бойынша ұсынған Адал азамат қағидатына ерекше назар аударғым келеді. «Адал азамат» – азаматтардың мінез-құлқы мен жүріс-тұрысының озық үлгісін қалыптастыруды және оны қоғамда орнықтыруды көздейтін қағидат. Іс жүзінде бұл қағидат білім беру мекемелеріндегі оқу-тәрбие үдерісі, ауқымды ағарту жұмысы... сондай-ақ салауатты өмір салтын дәрiптеу арқылы жүзеге асырылады», – деп тұжырым жасады. Бұл жерде де азаматтардың мінез-құлқы мен жүріс-тұрысының озық үлгісін қалыптастырудың, оны қоғамда орнықтырудың, адал азамат қалыптастырудың тетігі Абайдың Кісілік кодексі, Абай ілімі екенін батыл айта аламыз.

Республика Президенті негіздеген осы міндеттерді іс жүзіне асырудың тетігін іздегенде, біз тағы да Абайдың Кісілік кодексіне, «Абай ілімі» оқу пәніне сүйенеміз. Абайдың кісілік кодексі, «Абай ілімі» оқу пәні Президент Жолдауындағы міндеттерді іс жүзіне асырудың біздің қолымыздағы баламасы жоқ бағалы тетігі болып саналады.

Эл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде дайындалған Абай ілімі оқу пәні мен Абайдың кісілік кодексінің ғылыми зерттеу әрі оқу-тәрбие пәні болып өндіріске енгізілуінің маңызы Мемлекет басшысы ғылым мен білім жүйесінің алдына қойған осы міндеттерді жүзеге асырудың бірден-бір басты құралы болып отырғанында.

Абай дегенде, көпшіліктің ойында ақын шығармаларының мазмұны мен мағынасы, жанрлық құрамы мен сыртқы қалыбы тұрады. Ақын шығармаларының мазмұны мен мағынасын, жанрлық құрамын, ішкі иірімдері мен сыртқы қалыбын білмейінше, Абайды тану қиын.

Ендігі тұста Абай шығармаларының мазмұны мен мағынасын, көркемдік әлемін ғана біліп қоймай, Абайдың ілімін білу керек, Абайдың ілімі мен кісілік

кодексі білім алушы жастардың көзінің алдында, көңілінің төрінде тұруы қажет. Өйткені Абайдың ақыл-ой байлығынан туған қасиетті рухани құндылықтар оның ілімінде, кісілік кодексінде жинақталған.

Абай ілімін, Абайдың Кісілік кодексін білу, түсіну және өмірде қолдану – қоғамдық санамыздың жанаруының, зияткерлік әлеуетіміздің артуының, адал азамат қалыптастырудың басты жолы.

Абайдың Кісілік кодексі – Фараби университетінің зияткерлік асыл

гранттық ғылыми жобаларын орындау нәтижелері негізінде дайындалды. Оқу-әдістемелік тұрғыда толық қамтамасыз етілді. Пәннің мазмұнында Абай ілімінің басты ұстанымдары, құрамдас бөлімдері, бастау-көздері, құрылымдық модельдері толық қамтылған.

Еліміздің жоғары білім беру жүйесінде «Абай ілімі» оқу пәнін оқытудың мемлекеттік маңызы бар. Бұл оқу пәнінің мазмұны біздің университетімізде анықталып, тиісті тәртіпте бекітілді. Оқу пәнін

халықаралық алтыншы конференция өтті. Абайдың шығармашылық мұрасын насихаттауда университеттің бірінші курс студенттері ерекше белсенділік көрсетті. Бұл бағыттағы жұмыстар жыл бойы жүргізілді.

Эл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде Абайдың шығармашылық мұрасын, Абай ілімін зерттеу, насихаттау, қолдану негізінде жасалған жұмыстардың басты нәтижелері дегенде, біздің көз алдымызда, ойымызда мына-

Адалдықтың басты жолы –

Абайға



университеттің жоғары білім беру бағдарламалары бойынша оқытудың маңызына факультеттер мен кафедралар үлкен жауапкершілікпен қарап келеді. Мұндай көзқарастың әлеуметтік маңызы үлкен.

«Абай ілімі» оқу пәнін, данышпан тұлғаның аса құнды да құнарлы мұрасын жас ұрпаққа насихаттау, ұғындыру, адал азамат қалыптастырудың басты тетігі ретінде қолдану – бәріміздің ортақ парызымыз.

Университеттің 2025 жылы өткен мәдени-көпшілік іс-шаралары Абайдың 180 жылдығымен сабақтас, салалас өткізілді. Абай жылы басында өткен Наурыз мейрамында университеттің мыннан аса оқытушы-профессорлары мен білім алушы жастары Абайдың әндерін хормен орындап, ҚазҰУ қалашығын ерекше сазға бөледі. Университеттің оқытушы-профессорлары «Егемен Қазақстан», «Қазақ әдебиеті», «Ана тілі», «Қазақ университеті» және басқа республикалық бұқаралық ақпарат құралдарында Абай ілімінің маңызы мен әні туралы танымдық мазмұны бай мақалалар, эсселер сериясын жариялады.

Өткен жылдың 25–26 маусымында Университет түлектерінің үлкен бір тобы Абай институтының базасында орта мектеп пәндерінің еңбек сіңірген ардагер оқытушыларының республикалық симпозиумын өткізді. «Адамзаттың Абайы» тақырыбындағы симпозиум аясында орта білім беру жүйесінің еңбек сіңірген ардагер оқытушылары Абайдың «Қараңғы түнде тау қалғып» (*Temeden*) өлеңін әнге қосып хормен айтты, университет кітапханасы «Адамзаттың Абайы» атты кітап көрмесін ұйымдастырып, көпшілік назарына ұсынды. Осы жылы «Абайдың шығармашылық мұрасы және ілімі» атты

дай нақты өнімдер тұрады:

- Абайдың кісілік кодексі;
- «Абай ілімі» оқу пәні;
- «Абайтану. Таңдамалы еңбектер» сериялық басылымының 1-50-томдары;
- «Абайтану антологиясы» сериялық басылымының 1-10-томдары;
- «Абайтану антологиясы» атты цифрлық форматтағы интеллектуалды ресурстар базасы.

Эл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің зияткерлік меншігі болып есептелетін осы өнімдер – еліміздің қоғамдық-гуманитарлық ғылымдар жүйесіндегі адал азамат қалыптастыруға, әділетті Қазақстан құруға тікелей қызмет ететін бірден-бір басты құрал, теңдесі жоқ құндылық. Оны еліміздің білім беру, тәрбие беру, мәдени ағарту ісінде орнын тауып пайдалануымыздың мемлекеттік маңызы зор.

Абай ілімін, Абайдың кісілік кодексін өндіріске енгізудің нәтижесі: 1) өндірілген инновациялық білімді білуге, түсінуге және қолдануға қол жеткізді; 2) Абай ілімін, Абайдың кісілік кодексін білуге, түсінуге және қолдануға қажетті жағдайдың жасалуына негіз болады; 3) Абай ілімін, Абайдың кісілік кодексін білуге, түсінуге және қолдануға қажетті жағдайдың жасалуы Қазақстан Республикасының рухани және зияткерлік әлеуетінің дамуы мен артуына жаңа серпін береді; 4) Абай ілімін, Абайдың кісілік кодексін, олардың өзегіндегі әлеуметтік қағидаларды білу, түсіну және әлеумет өмірінің барлық салалары мен деңгейлерінде қолдану қоғамдық сананы жаңа сапалық биікке көтереді; 5) Абай ілімі, Абайдың кісілік кодексі адал азамат қалыптастыруға, әділетті Қазақстанды құруға тікелей ықпал етеді.



Жанғара ДӘДЕБАЙ,
Абай институтының директоры,
профессор

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің «Абайтану. Таңдамалы еңбектер», «Абайтану антологиясы», «Абай институтының еңбектері» және «Абай институтының е-басылымдары» атты сериялық көптомдық басылымдары – республика көлемінде айрықша бағалы зияткерлік құндылықтар.

Университеттің осындай айрықша бағалы зияткерлік жетістіктері қатарында төрт өнімнің әлеуметтік маңызы айрықша зор. Олардың бірі – Абайдың таксономиясы, екіншісі – Абайдың Кісілік кодексі, үшіншісі – «Абай ілімі» оқу пәні, төртіншісі – «Абайтану антологиясы» атты дербес интеллектуалдық е-ресурстар базасы. Бұл төрт өнім – Фараби университетінде мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылған ғылыми жобалар бойынша жүргізілген ғылыми зерттеулердің нәтижесі, университеттің зияткерлік меншігі. Төртеуі де Мемлекет басшысының 2025 жылдың 5 қарашасындағы Жарлығымен бекітілген «Қазақстан Республикасы ішкі саясатының негізгі қағидаттары, құндылықтары мен бағыттары» жүйесінде негізделген өзекті міндеттерді іс жүзіне асыруда маңызды қызмет атқарады.

Ғылым мен білімнің бүгінгі жетістіктері тұрғысынан қарағанда, Абайдың таксономиясының қай заман үшін де өмірлік маңызы жоғары. Білім, білу жайында мұншалық терең, толық негізделген қағидалар, біз *Абайдың таксономиясы* деп атап отырған иерархиялық жүйе, ғылыми ойдың кеңістігінде Абайға дейін де, Абайдан кейін де болған емес. *Абайдың таксономиясы* – отандық оқу теориясы, оқу мен оқытудағы танымдық үдерістер психологиясы саласында пәнаралық деңгейде арнайы жүргізілетін зерттеу жұмыстарына, ұлттық білім беру ісіне методологиялық негіз болатын ерекше маңызды құндылық.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауында (2025) «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оларды түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» мақсатында адам капиталын дамытуға қатысты жаңа міндеттер негізделді. «Сапасы жоғары адами ресурстар қажет. Өйткені білікті, саналы адамдар – ұлттық экономиканың арқауы, ел болашағының кепілі» екені туралы маңызды тұжырым жасалды.

Мемлекет басшысының осы қағидасын іс жүзіне асырудың жолы қандай? Ұлттық экономиканың арқауы, ел болашағының кепілі болатын білікті, саналы мамандарды қалай даярлаймыз? Бұл сұрақтарға әркім өзінің жақын мүддесіне орай түрліше жауап береді. Мемлекет басшысы қоғамның алдына, зиялы қауым алдына қойған осы міндетті іс жүзіне асырудың сындарлы, анық та айқын жолы бар және ол біздің университетіміздің зияткерлік меншігінде тұр десек, асырып айтқанымыз емес.

Ұлттық экономиканың арқауы, ел бо-

лашағының кепілі болатын білікті, саналы мамандар сапалы кәсіби біліммен қатар Абайдың Кісілік кодексін, Абайдың ілімін білу, түсіну және өмірде қолдану нәтижесінде өніп-өседі. Ұлттық экономиканың арқауы, ел болашағының кепілі болатын білікті, саналы мамандар оларға сапалы кәсіби білім берумен қатар олардың Абай ілімін білу, түсіну және өзінің кәсіби қызметінде қолдану құзыреттілігін қалыптастыру арқылы даярланады.

Абайдың 180 жылдығы қарсаңында университеттің Басқарма Төрағасы-ректорының талабымен ғылыми-зерттеу мен

«Қазақстан Республикасы ішкі саясатының негізгі қағидаттары, құндылықтары мен бағыттарында» азаматтардың мінез-құлқы мен жүріс-тұрысының, адамдар арасындағы және әлеуметтік ортадағы қарым-қатынастарының озық үлгісін қалыптастыру және оны қоғамда орнықтыру қашанда белгілі бір ортақ құндылықтарға негізделетініне ерекше мән берілген. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Қазақстан жаңарудың жаңа кезеңіне қадам басты» деген тақырыпта осы жылдың 5 қаңтарында «Түркістан» газетінің бас редакторы Бауыржан Бабажанұлымен

тың бәрі үшін қымбат қасиеттер мен ізгі игіліктердің бастау-көзі.

Абай адамның мінезін, заманның бетін өз ілімінің ұлттық және адамзаттық рухани құндылықтарға негізделген қағидаларына сай түземек болған. Бұл – адамзат қоғамының тарихындағы ең бір ізгі, ең бір асыл мақсат. Алдына мұндай мақсат қою үшін кісінің жүрегінде оның өз халқына, адамзатқа деген шексіз хәм шартсыз сүйіспеншілігі, ұлы махаббаты болуы шарт. Абай іліміндегі, Абайдың Кісілік кодексіндегі адам мінезін түзеу, адамды адал азамат деңгейіне көтеру туралы өзекті ойлар мен қағидалардың жүйесі – бүкіл қазақ халқы, адамзат пен заман үшін, болашақ үшін бірдей игілікті құндылық.

Абай ілімі жүйесіндегі қағидалардың адамзат ақыл-ойының тарихында танымдық маңызы, әлеуметтік, философиялық мәні терең. Адам табиғаты, оның көпқырлы болмысы, әлеуметтік тұрғысы, қоршаған ортамен қатынасы туралы терең, тегеурінді әрі ерекше маңызды қағидалардан Абай ілімінің басты ұстанымдарының мәнісі аңғарылады. Мұндай қағидалар мен ұстанымдар жүйесін жасау деңгейіне Абайға дейінгі данышпандардың ешқайсысы көтерілмеген, бұлайша шарықтап ойлау жүйесі әлем даналарының да мүмкіншілігінен жоғары, биік.

Адамзаттың, адам баласының адамдық мәні, Кісілік қасиеті, қоғам сипаты туралы толық жүйедегі ілім қазақ қоғамының тарихында Абайда ғана болды. Абай өз ілімі арқылы адамзат ақыл-ойының кеңістігінде даналық ұстанымдары мен қағидаларының күрделі жүйесін қалыптастырды, ол ұлттық мазмұнының байлығымен адамзаттың бәріне ортақ терең мәнімен заманымыздың айрықша игілікті рухани құндылығына айналды.

Абай ілімі, Абайдың Кісілік кодексі заманымыздың басты рухани құндылығы екенін арнайы атап айтқанды дұрыс көреміз. Оны білу, түсіну, қолдану әлеумет үшін, елдің өсер өркені үшін, ел болашағы үшін ауадай қажет. Сонымен қатар мына жайға назар аударуымыз артық болмас деп ойлаймын: Абай ілімі, Абайдың Кісілік кодексі – Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен (5 қараша 2025 жыл №1081) бекітілген «Қазақстан Республикасы ішкі саясатының негізгі қағидаттары, құндылықтары мен бағыттары» негізіндегі баршаға бірдей мүмкіндік беретін ашық, қуатты және дамыған ел, жауапты және өркениетті қоғам құру, адал азамат қалыптастыру, Әділетті Қазақстанды құру туралы өзекті идеяны жүзеге асыруға қызмет ететін қолданбалы сипаттағы бірден-бір қолайлы тетік.

Халық даналары: «Алтынның қолда барда қадірі жоқ» деген асыл сөз қалдырды. Бүгінгі күннің рухани құндылықтары тұрғысынан қарағанда, қолда барда алтынның қадірін білмеуіміз мүмкін, ал Абай ілімінің, Абайдың Кісілік кодексінің қадірін білмеуге болмайды. Абай ілімінің, Абайдың Кісілік кодексінің жарығы қолда тұрмайды, жүректе жанады. Абай ілімінің, Абайдың Кісілік кодексінің жарығына талпынған жүрек – аяулы жүрек.

Абай ілімі, Абайдың Кісілік кодексі – алтыннан ардақты ұлттық рухани байлығымыз. Абай ілімін, Абайдың Кісілік кодексін оқымаған, білмеген, өмірде қолданбаған, қажет деп есептемеген маманның да, адамның да кісілігі толық болмайды.

Университеттің интеллектуалдық меншігіндегі Абайдың Кісілік кодексін, Абайдың таксономиясын, «Абай ілімі» оқу пәнін, цифрлық форматтағы «Абайтану антологиясы» дербес интеллектуалдық е-ресурстар базасын республика көлемінде өндіріске енгізу Мемлекет басшысының Жарлығымен бекітілген «Қазақстан Республикасы ішкі саясатының негізгі қағидаттары, құндылықтары мен бағыттары» стратегиясында көрсетілген мақсаттар мен міндеттерге сай адал азамат қалыптастыруға, әділетті Қазақстанды құруға игі ықпалын тигізеді.

АЛТЫННАН АРДАҚТЫ ҚҰНДЫЛЫҒЫМЫЗ



білім беру ісінің интеграциясы, зерттеу нәтижелерін өндіріске енгізуге дайындау міндеттері өзекті сипат алды. Абай институтының бұл бағыттағы басты жетістігі – ғылыми-зерттеу нәтижелері негізінде «Абай ілімі» оқу пәнін сынақтан өткізіп, оқу үдерісіне енгізгені. «Абай ілімі» оқу пәнінің Жоғары білім беру бағдарламаларының жалпы білім беретін пәндер циклындағы таңдау пәні ретінде оқытылып келе жатқаны – сүйінерлік жетістік. Білім алушы жастар пәнінің мазмұнын үлкен құрметпен және сүйіспеншілікпен қабылдап, оны дайындаушылар мен оқытушыларға, университет басшылығына, декандар мен кафедра меңгерушілеріне шексіз разылығын білдірді.

Абай ілімін білмей де маман болуға болады. Бірақ біз мынадай ойдамыз: Абай ілімінің құндылықтарын санасына сіңірмей, ақыл-ойының қасиетті қуатына айналырмай, істер ісінің, атқарар қызметінің әділетті таразысы етіп ұстанбай кісі болатын, адал азамат болатын жол жоқ. Заңды, заңнаманы бұзу, қылмыстық іс жасау маманның заң ережелерін жете білмеуінен немесе кәсіби құзыреттілігінің төмендігінен емес, кісілік негізінің қалыптаспағанының нәтижесі ретінде орын алады.

Жоғары оқу орындарында білім алып жатқан болашақ жас маманның кісілік негізін қалыптастыру жайында әркім-ақ өз пікірін айта алады. Бірақ қазіргі шақта мынадай ақиқат шындық бар: болашақ маманның Абайдың Кісілік кодексін, Абай ілімін білу, түсіну, есте сақтау және кәсіби қызметінде еркін қолдану құзыреттілігін толық қалыптастырмайынша ұлттық экономиканың арқауы, ел болашағының кепілі болатын білікті, саналы маман даярлау оңай емес.

Жоғары білімді маман даярлауда кәсіби білім берудің, жас маманның кәсіби, азаматтық, кісілік құзыреттілігін қалыптастырудың маңызы зор екенінде сөз жоқ.

өңгімелескенде:

«Абай халқымыздың еңбекқор, білімпаз және адамгершілігі жоғары болғанын қалады. Мән-мағынасы жоқ сансыз пікір-таластан басқа ұрпаққа ұлағат боларлық сөз қалдырмаған бірқатар қоғам қайраткерлерінің мұрасынан Абай ілімі әлдеқайда биік тұрғаны анық», – деп айтты. Мемлекет басшысының *Абай ілімі* туралы осы тұжырымын Абай ілімінің ұлттық, жалпы-адамзаттық маңызы мен мәніне берілген заманауи мемлекеттік баға деп білеміз.

Фараби университетінің зияткерлік құндылығына айналған *Абайдың Кісілік кодексі*, «Абай ілімі» оқу пәні баршамызға ортақ ұлттық құндылықтарымыздың іргелі жүйесінің қалыптасуына ықпал етеді.

Абайдың Кісілік кодексі, «Абай ілімі» оқу пәні – Қазақстан Республикасы ішкі саясатының негізгі қағидаттарын, құндылықтарын мен бағыттарын іс жүзіне асыру мақсатынан туындайтын бүкілхалықтық, мемлекеттік міндеттерді орындаудың басты құралы, маңызды тетігі.

Абайдың Кісілік кодексін еліміздің білім беру жүйесінде, мәдени-гуманитарлық қызмет саласында кең масштабта қолданысқа енгізудің, цифрлық форматта кең ауқымда пайдаланудың маңызы айрықша. Күннің көзі жарығын дүниеге қалай түсіретін болса, *Абайдың Кісілік кодексі*, *Абай ілімі* жастарымыз бен мамандарымыздың көкірегін, жан дүниесін, ақыл-ойын солай жарқыратып ашады. Көкірегіне Абай ілімі қонған жастың жүрегінде күн көзіндей жарық болады. Адал азаматтың елге, Отанға, адамға, адамзаттың бәріне деген махаббатының нұры мен нәрі, жылуы мен қызуы осы жарықтан таралады.

Абай ілімінің, Абайдың Кісілік кодексінің өзегіндегі қағидалар қазақ халқының дәстүрлі дүниетанымының, дәстүрлі мәдениетінің іргелі құндылықтарына негізделген. Абайдың Кісілік кодексі, Абай ілімі жүйесіндегі рухани құндылықтар – қазақ халқы үшін, адамзат-



Бауыржан ЖАҚЫП,
ақын, академик

Біздің ұлы ұстазымыз, академик-жазушы Зейнолла Қабдолов Абай шығармашылығы туралы лекциясын бастағанда: «Жас жүрек жайып саусағын, Талпынған шығар Айға алыс», — деп ақын өлеңін үзілдіріп, үзбелеп, тізілдіріп, тізбелеп келіп, сәл кідіретін де: «Көлеңке басын ұзартып, Алысты көзден жасырса. Күнді уақыт қызартып, Көкжиек-тен асырса», — деп бас шайқайтын, Абай жырларының інжу-маржанын тергіштей санамызға құйып, өз ойын данышпанның мына жыр жолдарымен түйіндейтін:

«Тотықұс түсті көбелек

Жаз сайларда гүлемек.

Бәйшешек солмақ, күйремек,

Көбелек өлмек, сиремек.

Адамзатқа не керек:

Сүймек, сезбек, кейімек,

Харекет қылмақ, жүгірмек,

Ақылмен ойлап сөйлемек.

Әркімді заман сүйремек,

Заманды қай жан билемек?

Заманға жаман күйлемек,

Замана оны илемек», — деп ауыр бір күрсінетін. Тындап отырған барша студент атаулы терең ойға шомып қалатынбыз...

Қазақ халқының ұлы ақыны Абайдың туғанына 180 жыл толғанын ел болып атап өттік. Абайды қайыра оқып, оның тұңғыш ойларына қайта үңілу арқылы өзіміздің рухани әлемімізді байытқан үстіне байытып келеміз. Абай поэзиясы қазақ халқының ешқашан сарқылмайтын бай, асыл қазынасы екеніне өткен ғасырдың басында ардақтыларымыз әлдеқашан көз жеткізген. Абайтану ғылымының басында тұрған Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатов, Райымжан Марсеков, Мұхтар Әуезов тағы басқа ардақтыларымыздың қай-қайсысы да ұлы ақын шығармашылығының басты құндылығын ашып көрсетіп берді.

Айтылғанына ғасырдан астам уақыт өтсе де, Алаш ардақтарының Абай шығармашылығы туралы осы толғамдары дәл бүгінгідей ақиқат десек, қателеспеспіз. Абай, шын мәнінде, көненің барша інжу-жауһарларынан нәр алған, қазақ әдебиетіндегі жаңалықтың басы болған тұлға екенін оның жазғандары дәлелдеп береді. Абайды әр оқығанда, оның өлеңдерінен әр адам өз өміріне қатысты, бүгінгі қоғамдағы болып жатқан өзгерістерге тікелей байланысты, жаңа бір жұмбақты ашады. Кеше оқығанда байқамаған бір ойдың шешуін бүгін немесе ертең табамыз. Абай ғұламалығының сыры да сонда жатыр. Осының бәрі Абай поэзиясының көркемдігінен бастау алады.

Абай есімін, шығармашылығын әлемге әйгілеген академик М.О.Әуезов: «Абай бірде-бір өлең жолында халық творчествосының қалыптасқан дәстүрлі сөз жүйесі мен ақындық ой-бітімін қаз-қалпында ала салмайды. Абай ауыз әдебиетіндегі сөздерді де, образ жүйесін де, стиль тәсілдерін де тереңдетіп, жаңа ой, сезімдермен толықтырады, оның өлеңдерінде өзгеше бір идеялар мен жан сезімдері жүреді... Ол өзіне дейінгі дидактикалық, уағыз поэзиясының канондарын бұзды...» — деп жазыпты. Абайдың әдебиетіміздегі жаңашылдықтың басы екені, көркемдік көкжиегінің соны шымалдығын ашқаны — тарихи даусыз хақиқат. Абай шығармаларының көркемдігінің басты өлшемдерінің бірі — ақын ойларының жаңалығында.

Бұрын-сонды айтылмаған тың ойлар — Абай парасатының биіктігінің айғағы. Ал сол ойлардың бәрі — адамзаттың ғасырлар бойғы биік мұраттарымен ұштасып жатса, ол Абайдың қазақ санасын шыңға алып шығатын ғажайыптығы.

«Әуелде бір суық мұз — ақыл зерек,

Жылытқан тұлабойды ыстық жүрек.

Тоқтаулылық, талапты шыдамдылық,

Бұл — қайраттан шығады, білсең керек.

Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста,

Сонда толық боласың елден бөлек».

Міне, бұл — елден ерек, жұрттан оқшау биік, парасат иесі болуға нұсқар жол. Абай айтқан «ақыл, қайрат,

Аузын ашса, көрінер кірсіз тісі,
Сықылды қолмен тізген, іш қайнайды.
Сөйлесе, сөзі әдепті хәм мағыналы,
Күлкісі бейне бұлбұл құс сайрайды», —
болып кете береді.

«Аттың сынын» да Абайдай өлең сөзге түсірген ақын жоқ. Кейін Абай мектебінен нәр алған Мағжан ақын Абайдың ғашықтық лирикасын дамытуға құлаш ұрса, Илияс ақын Абайдың бейнелілік қырын мол сіңірген алапат жырларын жазды әрі оны эпикалық кең тыныстылыққа ұластырды.

«Абайдың «Аттың сыны» деген өлеңін оқығанда көз алдына сол жақсы аттың өзі тұрғандай пішіні келіп елестейтіні — жақсы

«Күлімсіреп аспан тұр,
Жерге ойлантып әрніні», — деген сияқты өлең жолдарынан «кәрі құда — қыс» бейнесін, «жан біткен жапырақ» келбетін, «ән қосқан тау» тұлғасын, «күлімсіреген аспан» кейпін танымыз. Бұл — Абай ұлылығын асқақтата, аспандата түсетін бейнелі жолдар.

Абай поэзиясының мазмұнындағы, идеясындағы, тілі мен стиліндегі көркемдік белгілердің әрқайсысын да жеке-жеке алып талдап, таразылап көрсету керек-ақ. Ең бастысы, Абай поэзиясының көркемдік көкжиегі соншалықты әсем де әуезді, кең әрі шексіз болып көрінеді маған.

Абайдың дүниеден өткеніне 10 жыл толған кезінде (яғни, 1914 жылы) Міржақып Дулатов: «Егер Абай қазақтан өзге образды жұрттардың бірінің ақыны болса, сегіздегі баласынан сексендегі шалына шейін түгел атына қанық, сөзімен таныс болар еді, елі туғанына сүйініп, өлгеніне тегіс күйінер еді. Опатына 10, 25, 50, 100 жыл толған сайын бүгін жұрт ескеріп, матбуғаты қайнап, есімін мәңгіге қалдыруға өшпес белгілер орнатып, құрметіне неше түрлі ізгі жайлар ашар еді. Не шара!.. — деп күйіне келіп, — біз бүгін ардақты ақынымыз марқұм Абайдың рухына дұға қылып, қараңғы заманда шырақ жаққан басшымыздың есімі, құрметі, терең мағыналы асыл сөзі атадан — балаға, немереден — шөбереге үзілмей сақталуын тілейміз. Зәредей шүбә етпейміз, Абайдың өлген күнінен қанша алыстасак, рухани сонша жақындармыз. Үнемі бұл күйде тұрмас, халық ағарар, өнер-білімге қанар, сол күндерде Абай құрметі күннен-күнге артылар. «Бірінші ақынымыз» деп қабіріне халқы жиі-жиі зиярат етер, халық пен Абай арасы күшті махаббатпен жалғасар. Ол күндерді біз көрмеспіз, бірақ біздің рухымыз сезер, қуанар...» — деп ұрпаққа үміт артқан екен. Сол арыстарымыздың айтқаны келді, арманы орындалды. Тәуелсіздігіміздің арқасында Абай әлем әдебиетінен де өз орнын алып отыр. Абайды бұдан да зор ұлықтайтын күндер алда.

Еліміздің бас оқу ордасы Әл-Фараби атындағы Ұлттық университеттің Абай ғылыми-зерттеу институты бұл ретте көп шаруа тындырды. Бұған дейінгі абайтанушылар еңбектері бірнеше том болып толықтырылды. Абай антологиясы, Абай институтының еңбектерінің құндылығы зор.

Мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаев өзінің ірі жиындардағы сөйлеген сөздерінде жастарға Абай ұлылығын темірқазық ретінде ұсынып келеді. Мемлекет басшысының 2025 жылдың 5 қарашасындағы Жарлығымен бекітілген «Қазақстан Республикасы ішкі саясатының негізгі қағидаттары, құндылықтары мен бағыттары» бойынша өткен жылдың аяғында Қазақстан Жазушылар одағының арнайы жиынында қаламгерлер тарапынан талқыланғанда, Абайтану ғылыми-зерттеу институтының директоры, Жазушылар одағының Әдебиеттану және әдеби сын Кеңесінің төрағасы Жанғара Дәдебаев Абай ілімі мен Абайдың Кісілік кодексінің осы қағидаттарды орындауда зор маңызға ие екеніне назар аударған болатын.

Абайдың Кісілік кодексін цифрлық форматта көрнекі үлгідегі заманауи баннерлерге салып, қалааралық және қала ішіндегі даңғыл жолдардың бойында, демалыс орындарында, сондай-ақ білім, ғылым, мәдениет, әкімдік мекемелерінің алаңдарында орнату және көпшіліктің игілігіне айналдыру туралы облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, Астананың әкімшіліктеріне ұсыныс жасалуын өз басым қос қолдап қолдаймын. Бұл жайдан Қазақстан Жазушылар одағының Басқарма Төрағасы Мереке Әбдешұлы Құлқенов те бек хабардар.

Күні кеше Қызылордада өткен Ұлттық құрылтайда да Мемлекет басшысы Абай ілімі ұлттық бірегейлігіміздің, ұлттық болмысымыздың өзегі болуы тиіс екенін тағы да қадап айтты. Сондықтан жастар тәрбиесін түзеудің бірден-бір жолы — Абай ілімі, Абайдың Кісілік Кодексі деп санаймыз.

СӘУЛЕҢ БОЛСА КЕУДЕНДЕ...

(Абай ілімін жастардың рухани-мәдени санасында жаңғырту жайында ой-толғам)

жүректі бірдей ұстаған» азаматтарымыз көбейсе, ұлтымызды ұшпаққа шығаратын да сол жандар екеніне іштей мойынұсынасын.

«Жарқ етпес қара көңілің не қылса да,

Аспанда ай менен күн шағылса да.

Дүниеде, сірә, сендей маған жар жоқ,

Саған жар менен артық табылса да...»

Ғашықтық дертін дәл осыдан артық асыра айту мүмкін емес те сияқты. Өйткені мұнда шын ғашық адамның санасынан күйіліп түскен ой сәулелері бар. Абай жыры сонысымен де нұрлы, сонысымен де құнды.

«Балалық өлді білдің бе?

Жігіттікке келдің бе?

Жігіттік өтті, көрдің бе?

Кәрілікке көндің бе?

Кім біледі, сен кәпір,

Баяндыдан сөндің бе?

Баянсызға төндің бе?

Әлде айналып, кім білер,

Боталы түйе секілді

Қорадан шықпай, өлдің бе?» — Абайдың осы бір заман сауалын тастай отырып айтқан ойының салмағы ше? Бүкіл адам ғұмырын он жол өлеңге сыйғызып беру үшін Абай ойының ғана дәрмені жетпек. Бұл бұрын болмаған, айтылмаған тың ой екеніне шүбә келтіре алмайсыз.

«Өлсе, өлер табиғат, адам өлмес,

Ол бірақ қайтып келіп, ойнап-күлмес.

«Мені» мен менікінің айырылғанын

«Өлді» деп ат қойыпты өңкей білмес...» — алдыңғы мысалымыздағы ой бұрынғыдан да тереңдей түседі, енді адам дүниеден озғаннан кейінгі «жан» мен «тәннің» бөлінуі туралы, адам рухының өлместігі туралы ойды Абайдай дәл, Абайдай нақ айтқан ақынды кездестіре алмайсыз. Абай ойларының алуан иірімдері әр оқушыны өз тереңіне тартады. Оған сүңгіген сайын өз ақыл-сананың жаңаша бір оймен молығып, рухани жан дүниенің байығанын байқасаң, ол Құдайдың берген мол несібесі деп білу керек.

Абай поэзиясының көркемдігінің тағы бір қыры — оның бейнелілігі, образдылығы. «...Жарқ-жүрқ етіп екеуі айқасады, Жеке батыр шыққандай қан майданға, Біреуі — көк, біреуі — жер тағысы Адам үшін батысып қызыл қанға. Қар — аппақ, бүркіт — қара, түлкі — қызыл, Ұқсайды қаса сұлу шомылғанға...» Немесе «Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы, Аласы аз қара көзі нұр жайнайды. Жіңішке қара қасы сызып қойған Бір жаңа ұқсатамын туған айды. Мандайdan тура түскен қырлы мұрын, Ақша жуз, алқызыл бет тіл байлайды.



атқа бітетін мүшелердің бірін қалдырмай жазғандықтан...» — деп көрсетіпті Ахмет Байтұрсынұлы.

Шын мәнінде:

«Шоқпардай кекілі бар, қамыс құлақ,

Қой мойынды, қоян жақ, бөкен қабақ.

Ауыз омыртқа шығыңқы, майда жалды,

Ой желке, үңірейген болса сағақ.

Теке мұрын, салты ерін, ұзын тісті,

Қабырғалы, жоталы, болса күшті.

Ойынды еті бөп-бөлек, омыраулы,

Тоятпаған бүркіттей салқы төсті», —

деп кете беретін өлең жолдарынан жүйрік атқа тән қасиеттің бәрін көресің. Алдыңғы келтірген мысалдарымыздың бірінде Аншылықтың сырына қанығып, бүркіт салғандағы сәттерді елестетсек, екінші өлеңде қазақтың қаса сұлуының бейнесін көргендей боласың.

Абай өлеңдерінің бейнелілігі ондағы көркемдік құралдардың мол қолданылуынан аңғарылады. Ұлы ақын жырларында теңеу мен эпитеттің, метафора, метонимияның, синекдоханың, басқа да бейнелеу құралдарының сан алуан үздік мысалдарын тауып көрсетуге әбден болады. Соның бәрі тек Абайдың өз жан дүниесінен төгіліп түскендігімен де бағалы.

Жаңағы мысалдарда біз жанды дүние образына қанықсақ, енді бір шоғыр өлеңдерде Абайдың жансызды жандыға айналдыратын шеберлігінің де күәсі боламыз.

«Ақ киімді, денелі, ақ сақалды,

Соқыр, мылқау, танымас тірі жанды.

Үсті-басы ақ қырау, түсі суық,

Басқағы жері сықырлап келіп қалды.

Немесе

«Қалың ағаш жапырағы

Сыбдырласып өзді-өзі»

«Тау жаңғырып, ән қосып,

Үрген ит пен айтаққа»

Роллан СЕЙСЕНБАЕВ**ТЕКЕТИРЕС**

Менің қуанышымда шек болмады. Мәскеуге келісімен жолдамды жалаулатып Коноваловқа келдім. Ол кісі мені көріп қатты қуанды.

— О, Серік келіпті ғой, — деп мәз-мейрам болды. — Кәне, сөйле!..

— Александр Николаевич, аспирантураға келдім. Жолдамда да бар, — деп қағазымды көрсетіп, ыржия күліп тұрмын. Жаңа ғана бет бейнесі жайнап тұрған академиктің түрі түксіп үнсіз қалды. Өмірде қатал адамның мінезі де ауыр еді.

— Серік... — дауысы салқын шықты. — Сен маған мынаны айтшы... Сен өзі ғалым болғың келе ме, нейрохирург болғың келе ме?..

— Мен нейрохирург те, ғалым да болғым келеді.

— Олай болмайды, — деді Коновалов. Дауысында ызғар бар еді. — Аспирантураны талақ таста.

Менің жаным мұрныма тығылды. Академиктің неге тұлан тұтқанын ұқпадым.

— Енді не істейін?.. — деп күмілжідім. Көңілде сасу да болатын.

— Арнайы тәжірибе өтпеген адамға, аспирантура атасының басына керек пе?! Саған екі жылдық ординатура бітіру керек. Ординатурада тәжірибе жинайсың, ота жасауды үйренесің. Көп, өте көп ота жасамай нейрохирург бола алмайсың. Ол Құдайдың да қолынан келмейді. Ұғамысың... әлде ұқпаймысың? Көремсің, әлде көрмеймісің?.. Әңгіменің тамырына ой жібер. Екеуміздің диалогымызға сапалы ой жүгірт, — сәл дамылдап барып, үнсіз қалды. Сонан соң, менің бетіме зерделей қарады. Жүзі де сәл жылыған сияқты болды. — Серік, менің айтқан ақылымды дұрыстап ойла. Дұрыстап шешім шығар...

Менің де жүзім жылыды. Кеудені тепкілеген ыза да ақырын-ақырын шегініп бара жатыр еді.

— Александр Николаевич, сіздің сөзіңіз маған заң. Онда маған аспирантураның түкке керекі жоқ, — деп Ақтөбеден жалаулатып алып келген жолдаманы төртке бөліп жыртып тастадым.

Академик маған жылы жымып тура қарады да:

— Сенің орныңды басқа біреуге берсін. Сен ординатураны бітір. Аспирантураны саған өзім жасап беремін, — деді. Сонан соң ғылыми хатшыны шақыртты. — Мына Серіктің қағаздарын түзеуге көмек жаса. Бұған аспирантура емес, ординатура керек. Ал, жөнеліндер. — Түсі қайтадан түнеріп, алдындағы аппақ телефонның құлағын бұрай бастады.

Александр Николаевичтің қара қылды қақ шапқан қатал шешімі болмағанда, Серік Ақшолоқовтың кім болары маған әлі күнге дүдәмел.

Ақиқатты ту қып ұстаған Асыл ағаларды қу тірлікте кейде ұқтық, кейде ұқпадық. Кейде дұрыс шешімге, кейде бұрыс шешімге жығылдық.

Реке, адам пенде ғой...

ДОКТОРЛЫҚ ДИССЕРТАЦИЯ

Бірде Александр Коновалов ауыр отадан соң, мені кабинетіне шақырды.

— Серік, саған енді докторантураға түсу керек, — деді. — Созуға болмайды. Уақыт зымырап өтіп жатыр. Мен саған докторлық тақырып ұсынбақпын. Түсіндің бе?

— Түсіндім. Тақырыбы қандай болмақ?

— «Бас сүйектің ішкі негіздерінің

ісіктері» (*опухоли основания черепа*). Бұл тақырыпты мықтап зерттеу керек.

— Мен ойланайын, Александр Николаевич!

— Ойлан. Жауабын жылдам айтатын бол.

Мен ойланып жүрген тұста, мені профессор Леонид Лихтерман өзіне шақыртты.

— Серік, сенің не ойың бар? — деп сұрады.

— Мен докторантураға түспекпін.

— Қай тақырыпта қорғамақсың?..

Мен Коноваловпен болған әңгімені айттым.

Профессор ойланып тұрып қалды.

— Мен сенің жетекшің Сергей Николаевич Федоровқа қарыздар адаммын. Ол кісі тірі кезінде: «Серікті жалғыз тастама. Ол — еңбекқор, талантты жігіт, көмегіңді аяма», — деген. Сені тастамаймын, камқорлық жасаймын деп сөз бергенмін. Сен бір нәрсені біл. Біз қазір бүкіл Кеңестер Одағы бойынша СО9 деген үлкен тақырыпты бітіріп жатырмыз. Бас миының жаракаты туралы үлкен еңбек. Осы еңбекті докторлық дәрежеге көтеру керек. Оны сен көтересің. Ол сенің ғана қолыңнан келеді, Серік. Жүр, Александр Потаповқа барып, ақыл-кеңес сұрайық.

Александр Потапов профессор Леонид Лихтерманның ойын растады.

— Бұл үлкен еңбек болмақ. Сен екі жеңілді түріп тастап, осы іске кіріс. Ал, Александр Николаевич Коноваловқа не айтамыз? — деп Леонид Лихтерманға сынап қарады.

Леонид Лихтерман сәл ойланып барып:

— Ол кісімен өзім сөйлесейін, — деді. Ертеңінде Коноваловтың қабылдау бөлмесінен, Серік Ақшолоқовты маған шақырыңдар деген бұйрық жетті.

Түсі суық тартқан Александр Коновалов маған жақтырмай қарап алды.

— Леонид Лихтерман сенің кімің?.. Әкең бе?.. Атаң ба? Кімің?.. Соны айт!.. — деп қадалды.

— Профессор Леонид Лихтерман — ұстаз! Ол кісі бәріне ұстаз. Нағыз мұғалім ғой, — дедім мен.

Сұсты жүзді, қабағы қату Александр Николаевич күліп жіберді.

— Ол сені немен жарылқамақ, а?.. Ол жай ғалым ғана.

— Профессор, — дедім.

— Сен айтқандай ұстаз-ақ болсын!.. Ал сен нейрохирургсің. Ұғамысың?..

— Александр Николаевич, бәрін ұғамын. Оны да, сізді де. Олар Кеңестер Одағы бойынша ұшан-теңіз материалдар жинаған. Сол ұшан-теңіз материалдарды тексеру, тергеу, зерттеу керек. Сол еңбекті докторлық диссертацияға шығару керек. Сол үлкен жұмысты маған тапсырмақ.

— Олай болса, ол тақырыпты Потаповпен жасандар. Ол соның ғылыми тақырыбы.

— Александр Николаевич, менің сізден сұрайтыным, сіз менің ғылыми кеңесшім болыңыз.

— Жок. Мен бола алмаймын. Кеңесшің Александр Потапов болсын. Ол соның ғылыми бағыты.

— Александр Николаевич, олай болса, маған бұл ғылыми тақырыптың түкке керекі жоқ. Леонид Лихтерманға барып, тақырыпты алмайтынымды айтайын.

Менің ғылыми басшым сіз болуыңыз керек. Маған керекі сол, — деп ашық сөзге дес бердім.

— Бар. Бәрің де барыңдар. Өз айтқандарыңнан басқа сөзді түсінбейсіңдер. Бар!.. — деді. Дауысы салқын естілді. Лезде ашу шақырды.

Мен кабинеттен шыққанда, Леонид Лихтерман мені тосып тұр екен.

— Не айтты?.. — деп сұрады профессор.

— Бар. Бәрің де барыңдар... — деді.

Серік Ақшолоқовпен ӨТКІЗГЕН ОН

— Ис бітті, Серік. Коновалов бізді қолдады. «Докторлық диссертацияның ғылыми жетекшісі Александр Коновалов» деп бадырайтып жаза бер. Александр Потаповты оппонент қылып қалдырамыз. Серік, біз жеңдік. Жүр, бұл арадан жылдам кетейік.

Профессор Леонид Лихтерман жылы жымып, мені өзіме кұшақтады.

— Сен өзі, жолы болғыш жігітсің, ә?! — деп қарқылдап күлді. — Жеңіс біздің жақта.

Докторлық диссертацияның басын бір жылда тегіс жинадым. Екі жылда жазып бітірдім. Докторлық диссертацияның көлемі кең, айтары мол, ғылымдық танымы кең болды. Бұл менің бағам емес, нейрохирургия институтының білгір профессорларының ойы. Бүгінгі күні сол диссертацияға Еуразияның барлық нейрохирургтері жүгінеді. Өйткені бұл — Кеңестер Одағы бойынша бас миының жаракаты туралы зерттелген соңғы докторлық диссертация.

Сергей Федоров

Жаратылысы бөлек, таланты кесек, адамгершілігі зор адам еді. Александр Коновалов пен Сергей Федоров — менің өмірімдегі қадірлі де кимас ұстаздарым. Менің өмір жолымда олардың маған көрсеткен тәрбиелері мен үлгілері шексіз болды. Мен оны еш уақытта ұмытпаймын. Өмірде өзіне жақсылық жасаған адамды ұмытуға болмайды. Ол күнә болады. Аталарымыздың «әр қиындықта — жеңілдіктер, әр көз жаста — қуаныш, әр сабырлықта — абырой тұр» деулерінде терен сыр жатыр.

Тағы бір уақиғаны айтқым келді.

Мен кандидаттық диссертация жазып жатқан кезім. Бұл диссертацияға ми мен бас сүйектің ішкі негізі керек болды. Оны ғалымдар блок препарат жасау деп те атайды. Біздің Бурденко атындағы нейрохирургия институтында Блок препарат жоқ. Оны өлген адамдардың басынан кесіп алу керек. Ол — ең қиын шаруа.

Сот-медициналық экспертизада аспирант болып істейтін Болат Ғалиев деген жақын досым бар еді.

— Болат, сендерде ешкім сұрамайтын өліктер бар ма?

— Бар. Оны қайтесің? — деп сұрады Болат.

— Маған зерттеу үшін солардың басынан блок препарат алу керек, — дедім.

— Ондай өліктер бар. Ми мен бас

сүйектің ішкі негізінің біреуі жиырма бес сом тұрады. Санитаркаларға айтсам, кесіп дайындап береді.

— Келістік, — деп қуандым.

— Саған қанша бас керек?

— Әзірше төрт-бес бас.

— Болсын. Сұраусыз жатқан өліктер жеткілікті, — деді Болат. Құлуге шақ қалып өз-өзімізді әзер тоқтаттық. Өлгендерге күлу күнә болатын.

Мен қолма-қол жиырма бес сом төледім. Санитаркалар басты кесіп берді.

Блок препаратты сөмкеме салып алып, метроға отырдым да, институтқа тура тарттым.

Сол күні Георгий Добровольский деген жас патологоанатом екеуміз зерттеуді бастап кеттік. Аз уақытта арнайы лаборатория аштық. Сағаттап микроскопқа тесіліп, блок препаратты зерттедік, суретке түсірдік, тексердік. Бір айда төрт блок препаратты зерттеп болдық.

Сергей Николаевич, кімнен екенін қайдам, менің өз ақшама блок препарат тауып, оған жүз сом ақша төлеп, зерттеу жасағанымды біліп қалып, мені кабинетіне шақыртты. Отыр деп те айтпастан үстелге үнсіз жүз сом ақшаны тастады.

— Сергей Николаевич, не әкелу керек? — деп сұрадым.

— Түк те керекі жоқ. Өз қалтаңнан материалдарға ақша төлегенді тоқтат. Материалдар үшін институт, мына мен төлеуім керек. Сен — менің студентіңсің, ал мен — сенің ғылыми жетекшіңмін. Мен сенің, французшаласак, шефіңмін! Білдің бе?..

О, Алла Тағала, олар керемет кесек, адал, әділ адамдар еді ғой. Реке, біздер ұсақталдық. Тым ұсақталып кеттік.

Маған ғылыми жетекшімнен ақша сұрау өліммен тең ғой. Сергей Николаевич ара-арасында маған ақша тастап кетуші еді.

Ал бүгін, Бурденко атындағы нейрохирургия институтының лабораториясында баяғыда біз жинаған құралдар тұр. Таңғаласыз ба, жоқ па?!

Георгий Добровольский екеуміз, өзіміз құрған лабораторияда бес-алты сағат талмай жұмыс істейтінбіз. Лабораторияның іші тастай суық, формалиннің иісі аңқып тұратын. Георгий Добровольскийге «Қазақстан» коньягын беріп қоямын. Қасымнан кетпей бірге отырсақ деген тілек қой. Георгий кейде ерте кететін болса, мен де кешікпей жинала бастаймын. Моргте өліктермен жападан-жалғыз қалу кімге болса да оңай емес.

Сол кезде, мен қатты ауырып қалдым. Екінші қабатқа сатыағашпен көтерілу қиынға соқты. Сөйтсем, пневмония ұстап қалыппын. Жылдам жиналып, Ақтөбеге, елге кеттім. Ақтөбеде екі ай ауруханада жаттым.

Кандидаттық диссертацияны бір жарым жылда жазып бітірдім. Александр Коновалов айтқан уәдесінде тұрып мені аспирантураға түсірді. Мені институтта отаны ең көп жасайтын профессор Сергей Николаевичке мықтап байлады.

Кандидаттық диссертацияны екі жылда дайындап болдым. Сонда Федоров мені өзіне шақырды.

— Серік, сен асықпа. Қайда асығасың? Ғылымның асығысты жақтырмайтын кесел мінезі бар. Тағы бір жыл ізден, аурудың кеселдігін білу аз, емдеу де аз, нағыз ғалым аурудың алдын алу керек. Соны жатсаң да, тұрсаң да ойлан. Ибн-Сина бабанның айтқандарын ұмытпа! — деді.

Бұл таптырмайтын керемет ақыл еді. Мені сабырыма түсірген де осы сөз болған. Несін айтасыз...

Диссертацияны әдемілеп бастырдым. Қадағалап оқыдым. Сергей Николаевич Абрмцоввада тұратын. Баян екеуімізді

Біз дәрігерміз ғой. Ішіміз бәрін сезеді. Аурудың беталысы жаман.

Бұл неткен жау жүрек, неткен мықты адам! — деп таңғалдым.

Әлден соң, Сергей Николаевич маған бұрыла қарады. Ойлы жүзі жарқын, тек көзінде қалың, айықпас мұң тұр еді.

— Саған бір ақыл айтқым келеді. Тілек деп те қабыл алуына болады. Онан сөздің мағынасы өзгермейді. Кішіреймейді де, үлкеймейді де. Ақиқат аяусыз ғой, тыңдаймысың?..

— Сергей Николаевич, сізді тыңдағанда, кімді тыңдаймын?!

Көзін жұмып, үнсіз жатты да, басын көтерместен:

— Айтқан сөзіме ренжіме, — деді. Сәл-

Федоров келгенше отаны жасап тастауға ұмтылатынымын. Сергей Николаевичтің тамаша әдеті бар еді. Ол кісі қай ота болса да сағат он екіде бітіретін. Бұл жақсы дәстүр болатын. Сергей Николаевичтің осы озық дәстүрін, мен де жалғастыруға тырыстым. Мен ғана емес, барлық шәкірттері соған тырысып бағатын.

Менің шәкірттерім де, осы үлгіні өз өмірлерінің дәстүріне айналдыруда.

Қайран, Сергей Николаевич, біртуар ержүрек, адал, әділ хирург еді-ау!..

Сөзі — іс, ісі — сөз еді!

Нағыз адам болатын!

Несін айтасыз!..

МӘСКЕУДІҢ НЕЙРОХИРУРГИЯ ИНСТИТУТЫНА

Қазақстан Республикасының сол тұстағы Президенті Нұрсұлтан Назарбаев 1992 жылы арнайы келді. Институт директоры Александр Коновалов құрметті қонақты асығып-аптықпай, еркін аралатты. Институт Нұрсұлтан Назарбаевқа ұнады.

— Қазақстанға да Бурденко атындағы нейрохирургия институты сияқты институт керек-ақ, — деді.

— Ондай институт тұрғызатын болсаңыз, оны басқаратын бізде дайын маман бар. Қазақ азаматы. Өте талантты нейрохирург. Серік Қуандықұлы Ақшолоақов, — деді Коновалов.

Нүрекен маған бағдарлай қарап алды да: — Елге ораламысың? — деп сұрады.

— Нұрсұлтан Әбішұлы, қазір дайынмын, — дедім.

— Елге орал. Жағдай жасаймыз, — деді Президент.

ТУҒАН ТОПЫРАҚ

ыстық кой шіркін!.. Мәскеуде білім іздеп он бес жыл тер төккен соң, туған Ақтөбеге, киелі Шалқарға жетіп, оң мен солымды зерделеп ой жүгірткен шақта, барым мен жоғымды, жетістігім мен кемшілігімді, жеңісім мен жеңілісімді ап-анық танығандай болдым.

Көз алдыма оқу оқыған, ғылым қуған, жұмыс істеген қайран Мәскеу көлбеңдей келіп тұрып алады. Мәскеу менің ер жеткен, азамат болып жетілген қымбат қалам болып қалатынын ұқтым.

Ал енді менің өмірімдегі ендігі ұмтылысым, туған топырақ үшін, қадірлі елім үшін, талмай, тайсалмай еңбек ету, басты мақсатым, ең қадірлі ұмтылысым, таусылмайтын ойым, асқақ арманым еліммен бірге жасайтынын анық таныдым. Бұл қактығыс ойлар мені шабытқа бөледі, алға жетеледі.

Менің ендігі жетер жерім Алматы қаласы болды. Алматының мемлекеттік дәрігерлер білімін жетілдіру институтында нейрохирургия кафедрасының меңгерушісі болып тағайындалдым. Бұл 1996 жыл еді.

Нейрохирургия кафедрасының жұмысында басты мақсат, талантты жастарды жинап, солардың басын қосу болатын.

Он жылда бес ғылым докторын, жиырма бес ғылым кандидатын әзірледік. Нейрохирургия салалары бойынша қажетті кітаптар шығардық. Тұңғыш рет елде «Қазақстанның нейрохирургиясы және неврологиясы» атты журналды өмірге әкелдік.

2008 жылы Астана қаласында «Ұлттық нейрохирургия орталығын» аштық. Бұл менің ең үлкен арманым болатын. Нұрсұлтан Назарбаев сонау 1992 жылы Мәскеуде, Қазақстанда нейрохирургия институтын ашам деген тегеурінді ойын

орындады. Нейрохирургия институтын өзі арнайы келіп ашты. Мені сол институттың бастығы қылып тағайындады.

Жұмыс бастан асады. Нейрохирургия — Қазақ елі үшін жаңа сала. Күрделі, тың сала. Клиникаға бір кірсең, қайтып шыға алмайсың. Клиника — шыңырау, біздің терең құдығымызға айналды. Менде сенбі, жексенбі деген болмады. Менің шәкірттерімде де солай. Біздің мақсат — аурулардың денсаулығын тыянақты қарап отыру. Сапалы ем өткізу. Ауруханадан сауықтырып шығару. Қазір нейрохирургия сан-салаға бөлініп кетті. Жұлын, қан тамырлары, ми ісігі, балалар нейрохирургиясы, жалпы нейрохирургия болып жүре береді.

Бүгін отаны менің шәкірттерім жасайды. Ал менің еншіме ең күрделі оталар жасау қалады. Ертеде, біздің ауру адамдар, шет елдерге барып ота жасататын. Қазір отаны өз елімізде жасаймыз. Біздің клиникаға ота жасауға шет ел азаматтары көп келеді. Бүгін бүкіл Орталық Азия біздің клиникаға келіп ота жасатады десем, өтірік емес.

— Реке, мен сізге турасын айтайын. Әлемнің бірде-бір елінде, өз азаматтарын тегін емдейтін нейрохирургия орталығы жоқ.

Ми әлемі — бөлек әлем. Алла Тағаланың өзі жаратқан ерекше әлем. Қай-таланбайтын әлем. Менің ендігі қалған өмірімде екі арманым бар. Оның бірі — Қазақтың нейрохирургия орталығын, әлемдегі ең озық орталықтарының біріне жеткізу. Екінші арманым — ұстазым Александр Коновалов секілді тоқсан жаста да ота жасаудан қалмау. Қалай, Реке, менің армандарымды қолдайсыз ба?..

— Алла Тағала, сіздің арманыңызды әлдилесін! Сізге күш-қуат берсін! Сіздің орталықта бүгін елу нейрохирург жұмыс істейді. Нейрохирургтердің саны жүзге жетсін.

— Реке, сол елу нейрохирургті біз, Американың, Жапонияның, Германияның, Ресейдің озық нейрохирургиялық клиникаларында оқыттық. Терең білім алуларына көмектестік. Менің үшінші арманым, біздің орталықта шет ел нейрохирургтары дәріс алуын армандаймын.

— Бұл — үшінші арман, — дедім мен.

— Арман таусылмайды ғой. Ол күндерді мен көрермін, көрмеспін, бірақ біздің орталыққа шетелдік ғалымдар келіп білім алатынына сенемін.

— Серік Қуандықұлы, оған мен де сенемін. Халқымыздың басына түскен ауыр кезеңнен аман-есен өту керек. Ана-Жеріміздің астын да, үстін де саудаға салып, ырың-жырың жасаған сатқындық, жемірлік жоғалсын. Қазақ халқының жарқын болашағына күмән жоқ. Осы әлемдік майданда, қазақтың ұлт болып берік бекінген санасын мәпелеп, өсіруге жазсын. Бізге халық болу аз. Ұлт бола алсақ қана халық бола аламыз. Іргелі мемлекет болып тұра аламыз. Оған біздің толық хақымыз бар. Көне түркі, ұлы Дешті-Қыпшақ рухын әуелеттік. Үш ғасыр Мысырды, Орысты билегенімізді ұмытпайық. Қыпшақ тіліміз үш ғасыр әлемде билік құрғанын да естен шығармайық. Көне салт-дәстүрімізді, асыл ойымызды қайтадан тулатып, рухымызды тіктеп, бағыт-бағдарымызды айқындап, әлем халықтарының алдында бағамызды асырайық. Өз-өзімізді ұсақ күйкі тірліктен, ру қуған іштарлықтан, мерездіктен, жалқаулықтан арылып, ірі ұлттық санаға жетелейік. Қазақтың күні сонда ғана аспандап, кең дүниеде мақсатты өмір сүре алады.

(Жалғасы келесі нөмірде)

БІР САҒАТ

(эссе)



үйіне шақырды. Үйінің қасында қонақтарға лайықталған жеке үй де болатын. Диссертациямды алып келгем. Жазу үстеліне аппақ фин қағазына басылған диссертациямды жайғастырдым.

— Серік, кел, әуелі елу грамм арақ ішейік, — деді Сергей Николаевич. — Диссертациянды кейін оңаша қараймын. Ол диссертация енді сенікі емес, менікі ғой.

Тап-тұйнақтай жинақы диссертациямды менің көзімше сейфке салып қойды.

МЕН ДОКТОРЛЫҚ ДИССЕРТАЦИЯҒА ШЫҚҚАНДА

Сергей Николаевич төсектен тұра алмай қатты ауырып жатқан кезі еді. Мен Абрмцоввадағы үйіне денсаулығын сұрайын деп барғам. Жылы қарсы алды. Жылы сөйледі. Жылы құрмет жасады.

— Өзіне елу грамм арақ құй. Маған керегі жоқ. Енді мен — асарымды асаған, жасарымды жасаған адаммын. Өзім ішкендей болайын, алдындағы арағынды тартып жібер.

Мен екі айтқызбай тартып жібердім. Бір ауыз тілек айтпаппын ғой деп сескеніп қалдым. Бірақ, кеш ойландым.

Ал менің ұстазым, Сергей Николаевич менің не ойлағанымды төсекте жатып-ақ дәл тауып қойып еді-ау.

— Серік, қазір сөз айтатын кез емес.

ден соң барып тұншыға жөтелді. Аздан соң тыншыды: — Докторлық диссертацияң талассыз мықты еңбек болатын түрі бар. Сен — еңбекқор, адал, өте талантты адамсың. Ұйымдастырғыш қабілетің де ерекше. Докторлық диссертациянды қорғаған соң, Мәскеуде бір күнге де қалма. Бұл орта бөлек, сенің тәрбие аяна да, адамгершілік қасиетіңе де керек қеледі. Сен сезерсің, сезбессің, ал менің ақылымды тындасаң, еліңе орал. Еліңе қызмет жаса. Сен үшін онан асқан бақыт болуы мүмкін емес. Қазақтың бір ұлы адамы айтқан сөз бар. «Өзге елде Сұлтан болғанша, өз елінде ұлтан бол» дейді. Бұдан биік, бұдан озық сөз жоқ. Болмақ та емес.

Мен содан кейін Сергей Николаевич Федоровты көргенім жоқ.

Шәкірттері ота жасағанда Сергей Николаевич ылғи арттарынан қадағалап қарап тұрады екен. Сен аурудың басын ашып, ота жасай бастағаныңда, ол кісі сенің артыңа шығады, отаны қалай жасағаныңды қарайды. Отаға Федоров келді, деп анестезиолог та, ота медбикесі де жақ ашпайды.

Шәкіртінің ту сыртынан Федоров қадағалап тұрады. Шәкірті не істерін білмей тоқтап қалғанда немесе ота дұрыс жүрмей жатқанда, Федоров шәкіртінің арқасын саусағымен қатты нұқып тоқтатады. Ота жасауға Федоровтың өзі отырады.

Мен Мәскеуде ота жасаған кезімде,

Алтай туралы көп айтылған, көп жазылған. Қазақтың қара тасты иітетін қара сөзінің ғаламат шеберлері Қалихан Ысқақ, Оралхан Бөкей таңғы сәресін «Алтай» деп ашып, аһ ұрып, түсінде де Алтаймен арыздасып жататындары әмбеге аян. Аса сыршыл, көбелек қанатының суылын, тасының әуенін, жапырағының жырын, балдырғанының бал тілін қалт еткізбей ұғатын үкілеген ақыны Ақтан Нұрбаев та Алтайн жырлап тауыса алмай, теңеулері мен эпитеттерін сарқып барып көз жұмған. Ақтан, Қалихан, Оралханның қаламы бәрін қамтып суреттей алмаған абат та жұмбақ Алтайды бабына келтіріп балбыратамын деу бос әуре шығар, тырақы тыраштану, көгерем көк бестіні бас-көзге бекер қамшылап, зорықтыру шығар деп мүлде жылы жауып қойғанбыз. Жо-жоқ, айтуға болады екен. Айтқанда да Әлібек Асқаров сияқты айту керек екен. Міне, сіздің алдында оның «Мұнар тауды, мұзарт шыңды аңсаймын» атты қара сөзбен, көркем тілмен әдіптелген шағын жинағы жатыр делік.

АЛТАЙДЫҢ АЙТАҒАЛЫ ЖЫРШЫСЫ

Әсілі, оқырман қауымның жазушы не журналистің қаламынан туған суреттеулерге «көркем шығарма» немесе «деректі шығарма» деп бөле қарауы – заңды құбылыс. Көркем шығармалардың басым бөлігін жазушы фантазиясының жемісі деп қабылдап, деректі шығармалардан шұқшып шындық іздейді. Табады да әрі имандай ұйып сенеді.

Міне, Әлібек Асқаровтың жоғарыдағы атаумен шыққан көркем очерктер жинағынан, ең алдымен, сол ақиқатты таптық.

Кітап төрт бөлімнен тұрады: «Көккөл», «Шындығатай», «Мұзтау», «Шабанбай». Төртеуі де Алтайдан еншісін бөліп алмаған ғаламаттары.

Басқаша айтар болсақ, Мұзтау – Алтайдың тәжі, Көккөл – көйлегі, Шындығатай – көксауыр етігі, Шабанбай – ақшәйі көрпесі. Мен ойлаймын, Әлібек Асқаров сынды әрі жазушы, әрі қылқалам шебері, әрі қоғам қайраткерін атағынан ат үркетін Мұзтау мен Көккөлге сүйрелеген, ынтықтырған екі түрлі жағдаят, екі түрлі мұрат болуы мүмкін деп.

Біріншісі, Қалаған мен Орекеннің арманы болған асқақ шырдарды өз көзімен көру, солар үшін тәу ету, солардың сәлемін жеткізу, тағы да... Алтай тәңірісіне мұны мен шерін ақтару.

Екіншісі, туған жерінің тау-тасына деген алапат үлкен махаббат пен сағыныш. Ал очерктер жинағын оқып шыққан соң Әлекеңнің қолтоқпақтай денесіне осыншама махаббат пен сағыныш қалайша сыйып жүргеніне таңғалмасқа лажыңыз жоқ.


КӨККӨЛ – ҒАСЫР ТРАГЕДИЯСЫ

Әлібек Асқаров «Көккөл» очеркі арқылы XX ғасырдағы кеңестік дәуір идеологиясы құрбандарына мәңгілік ескерткіш тұрғызыпты.

Көккөл – XX ғасыр трагедиясы. Соғыс алдында (1938 жылы) вольфрам, молибден шығарған, Алтайдың тағылар ғана мекен еткен қиянындағы құлазыған мекен. Қазір әдірем қалған. Очерктен Көккөлдін дәл өзіндей қатыгездік пен қасірет, таусылмас мұң мен шер, Көккөлдін дәл өзіндей тырдай жалаңаш үскірік үреді. Тым-тым үрейлі. Көккөлдін кешегі шындығы – бүгінгі ұрпақ үшін аңыз. Аңыз болғанда да жантүршігерлік оқиғалардың іріктелген түрі. Бүгінгі тоқсұлкі, ішкен – мез, жеген – тоқ жастардың сене қоюы неғайбыл. Асқаров сынды әккі қаламгер бұл мәселеде де аспайды, таспайды, өтірікке баспайды. Қаны сорғалаған шындық түйірлерін теру үшін сан түрлі тәсілдерге барады: Көккөлдін қанды қасабынан әуірімдеп тірі шыққан, бүгінде қан түкіріп, тірлік талқанын талмап жүрген бірен-саран тірлеріне сауын айтады, үзік-үзік кино таспалары сынды естеліктеріне жүгінеді. Құлығы қырық есекке жүк боларлық әккі аңның ізіне түскен сыралғы аңшы болушы еді ғой. Әлекең, міне, дәл осындай әрекетке көшкен.

Әне, шілденің шыбынның миын кайнатар шілдігір аптабында азынаған ақтүтек боранымен, ақшұнақ аязымен тірлік иелерінің өн бойына үрей заһарын шашып Көккөлдін жоғарғы лагері бой көрсетті. Осыдан 50–60 жылдар бұрынғы социализмнің трагикомедия сахнасы бұл. Әлекеңше айтсақ, XX ғасырдың төрт мың метр биіктікте қайырлап қалған «Титанигі» осы.

Асқаровтың қаламынан туған мынадай қасіретті шығарманы оқып отырған сіздің өн бойыңыз тоқ соққандай қалшылдайды, адам баласының онсыз да қамшының сабындай қысқа ғұмырын, талайлы тағдырын ту-талапайға түсіріп тәлкек еткен қоғамдық формацияға кәдуілгідей лағнет кесегін лақтырасыз,



бетіне түкірердей кектенесіз, аза тұтасыз. Енді бірде өліп қалмайын деп көңтері хайуан екеш хайуанның тірлігіне бой ұсынған кешегі ағалар мен апаларымыздың көмпістігіне тісіңізді қайрайсыз.

Біздер күнделікті ку тірлікте сұм дүние деген тіркесті жиі қолданатынымыз бар. Алағай-булағай өмірге көңіліміз толмай, аласапыран күй кешкен сәтте аузымызға түседі. Ал нағыз сұм дүниенің не екенін парықтағыңыз келсе, «Көккөл» трагедиясына ден қойғаныңыз жөн.

Табиғат пен оның бір бөлшегі – адамдар арасындағы қатал да сұрқай қарым-қатынасқа жаныңыз шыркырай егіледі. Көккөлдін төменгі лагеріндегі сүйектері шашылып қалған қайран ағаларымыз бен апаларымыз оқыс тіріліп кете ме деп те қорқасын. Дәуір, оның жүйесінің шындығын Асқаровтай беруге әрекеттену керек екен!

МӘҢГІЛІК САҒЫНЫШ

«Шындығатай» очеркінде «Көккөлдін» оқып отырғанда шегіне жеткізе шірене тартылған жүйке пернеңіз босап сала береді. «Көккөлдін» оқып отырғандағы төкпе күй әуені шертпе күйге ұласқандай, мамыражай тірлікке көшесіз. Автормен бірге дем алғыңыз келеді. Алайда ауыздығын қарш-қарш шайнап, жұла тартқан сөйгіліктің үстіндегі Асқаров бұл жерде де өзіне титімдей рақымшылық жасаудан аулақ. Тағы да төгіледі. Сағынышын шертеді.

Жо-жоқ, Әлекең бұл жерде де: «Сағыныштан сал болдым. Жүзінді бір көруге зармын!» деген секілді ұрандауға бармайды. Өмірден ерте кеткен асылдарын – ағалары мен замандастарын, тіпті қазір қасында жүрген көзі тірлерін де мекірене іздейді.

Оралхан Бөкейдің Асқаровтың жазушы, азамат болып қалыптасуына тигізген үлгі-әсерлерін тізбелеп қажеті шамалы. Әлекеңнің әр шығармасынан, әр аттаған қа-

дамынан: «Мен Оралханның алдын көргенмін. Оның сарқытын ішкенмін. Содан үлгі алғанмын. Соның ісін алға апарушы азаматпын!» деген саумал самал лекіте соғып тұратыны шындық. Десек те, еске алудың да сан түрі болады екен. Әлекең соның соны бір үлгісін ұсыныпты.

Оралхан туралы айтады. Сағындым демейді. Әр эпизодта Орекеннің айтқан оқыс ойларын, бірге жүргендегі іс-әрекеттерін үзіп-жұлып келтіре отырып, Оралхан Бөкей сынды

қара сөздің сүлейін өз биігіне алып шығады. Оқырманға сағындыртады. Оралханның үздіге сағынған автор еркелегісі кеп, қасында жүрген Қалағанның (Қалихан Ысқақтың) қолтығына басын тығып, сүйкеніп кетуді де ұмытпайды. Дәп қасында дастарқандас отырған адамды сағыну Орекенде мол еді, мүмкін содан жұқты ма екен, әлде тамырында бар қасиет пе? Әй, табиғи болмысы шығар!

Орекен: «Алматыда біз емес, Жанұзақ жүруі керек еді» дейтін Жанұзақ Бәйгереев бәріміздің ортақ досымыз еді. Оралханның жасында өтті өмірден.

Сол Жанұзақ замандасының, Баламер Сахариев, Ермұқан Әбдірахманов, Сакан Құрманов, Сайфолла Ауғанбаев сынды ағаларының орнын толтыра алмай аласұрады.

«Пай-пай, нағыз қыз-табиғат Алтайда» деп тамсанғанда тандаймызды қақыратып жібере жаздайтынымыз бары рас. Десек те, одан әріге көбіміздің бара алмайтынымыз – тағы шындық. Ал автор мен табиғаттың бір-бірін жетекке алып, «саяхатқа» шығуының ерен үлгісін дәл осы есседен тауып, айран-асыр боларыңызға бәс тігуге бармын. Әсіре жұмбақ Алтай, Асқаровтың алдында шағи көйлегінің етегін түріп, құпия сандығын ашып алғанын байқамай да қалады.

Әлекең мен оның замандастарының балалық бал шағы, желкөкірек жастық шағы қалған ауыл қандай! Елі үдере көшпеген, базары тарқамаған қайран ауылдың қазы қаңқылдап, сиыры мөңіреп, малы жамырап ию-кию. Кешкі ауылдың ренкі неткен әсем! Әне, ауылдың қара шаңырағы – клубтан бастау алған сазды әуен мұқым ауыл жастарын «жүр-жүрлеп» сонау Бұқтырма өзені бойындағы тал-шілікті тоғайға жетелеп барады. Әсілі дәл осы шығармасын Әлекең көз жасына тұншығып отырып жазған-ақ шығар. Басқаша мүмкін емес.

Сағынуды, соны жеріне жеткізе, майын тамызса жузуды да Асқаровтан үйренсе, артық болмас.

МҰЗТАУДА ЖҰМБАҚ КӨП

Ал «Мұзтау» очеркі...

Мұзтау демекші, осынау тек қана көкпенбек мұздан тұратын алып тауды көп оқып, көнектің түбін тескендер жердің кіндігі атап жүр. Бұл атауының өзінен атты қойып атан үркетін әрі асқақ, әрі тәкаппар заңғарға Әлекеңді тәңті еткен не болды екен? Анау күзде Астанадағы ол телефон шалсын:

– Атас ағатайым-ау, елге барып қайтпаймыз ба? Дидахмет замандасымыздың 60 жылдығын аудан атап өтпек көрінеді, шақырып отыр. Менің бір апталық демалысым қалған, соны пайдаланбақпын. Тауға шығамыз, балық аулаймыз, – дейді. Құдай-ау, тағы да тауы несі? Таудан жалықпайтын неткен жан?

Сол жолы тауға да бардық, балық та ауладық. Қоңыр күз. Алтай маужырап тұр. Күндіз көп-көрім жарқырап тұрған күн, кеш түсуі мұң, еріксіз күпәйке кигізеді. Алтайдың кіндігіне дейін аппақ қар. Иен тауда біраз қосшыларымызбен үш күн жаттық. Сонда байқағамын, Әлекеңнің таусыз тұра алмайтыны. Ақыры шыдамадым:

– Мұзтаудың ешадылығы жайлы бала кезден естіп те, көріп те келесін. Ол тау сауатсыз адамды қойып, сандаған сен тұр, мен атайын дейтіндей тискаққан альпинистерді жұтқанын білесін. Сонда анау жылғы сендердікі нендей

қожанасырлық? – деп қалдым. Әлекең тек қана өзіне тән, тек өзіне ғана жарасатын сыпайы жымысымен маған қарап тұрып-тұрып:

– Әлаға, тауда туып, тауда өссек те тау туралы білетіміз тым-тым аз көрінеді. Тау туралы жазбақ боп қолға қалам алсақ, желісі қатты аттың үстінде келе жатқандай шоқырақтан аспаймыз. Тау туралы жазбас бұрын оның тасы мен қынасын басып, өн бойыңмен сезінуің керек екен. Мұзтау-Мұзтау деп қарақан басын тау мен тасқа соққан Оралхан да құсалықпен өтті, кетті. «Мұзтаудың әу бастағы атауы – Тәңіртау» деп жүретін Қалихан ағамыз болса, ол да ақырет жасында. Шынымды айтсам, басқа өңірдің азаматтарынан ұялып біттім. «Мұзтау» деп елеурегенде көкіректерінді қақыратып жібере жаздайсындар. Ал тау туралы мандытып ештеңе айта алмайсындар» деп бетімізден отымызды шығарады. Сондықтан да осындай тәуекелге баруға тура келді, – деп ағынан жарылды.

Өмірде қарақан басы мен шыбындай жанын құрбан етуге сақалай-сай адамдардың шағын тобы болады емес пе. Міне, Әлекең солардан екен. Қасына өзі сияқты төрт-бес жанкешті дос-жаранын ерткен ол кәсіби альпинистердің кез келгені тәуекел ете бермес, қаһары мен ешадылығы әлемге әйгілі Мұзтауға шығады. Айналдырған үш күнде үш ғұмырға татитын қиыншылықтармен бетпе-бет келеді. Женеді. Көп дүние түйсінеді. Ажалды пендені тәубесіне түсіру үшін Мұзтау керек екенін, ал Мұзтаудың жұмбақтығы сондай, ғылыми прогрестің әлі оның оннан бірін де түсіне алмай жатқанын шертеді.

Оралхан Бөкейдің Мұзтаудың балағында кіндігін қиғызып, Гималайда соңғы демі үзілгеннен байланыс, заңдылық табуға әрекеттенеді. Мүмкін кездейсоқтық, мүмкін жазмышқа қатысты ма екен? Міне, «Мұзтау» очеркі осылай туған.

«Мұзтау» очеркін оқып біткен соң өзіңіз Асқаров бастаған топпен Мұзтауға шығып, ажалмен сан рет төс қағыстырғандай күй кешесіз. Шілденің шілінгірінде тісіңіз-тісіңізге тимей сақылдап, дірдектей тонып отырғаныңызды байқайсыз.

Міне, жазушының құдіреттілігі де осында.

ШАБАНБАЙ – ЖЕРҰЙЫҚ ӨЛКЕ

Шабанбай... Бұл очерк-эссе ел мен жер қасіретінің шырылдаған шындығын іздеген, кешегі Ресей империясының қазақтың ен байлығын, кен байлығын тонап қана қоймай, оның қаны сорғалаған рухын да шайнамай қылғатқанының қағаз бетіне түскен көркем анықтамасы. Әлекеңнің дәл осы очеркін оқыған пенде бүгінгі күні ресейлік болып кеткен Шабанбай сынды жерұйық өлкені менің атамекемі, менің Отаным деп иемденетіні рас. Сандаған ғасырлық тарихты шаң-тозаң басқан көне шапанының етегімен қымтап отырған Алтайдың мұны мен шерін Әлібек Асқаров сынды оның бал татыған зәмзәм суын ішкен, кіндігін сол таудың беткейінде бой көрсетер торы тобылғысына кестірген сұңғыла жазушыдан өзге ешкім де жеріне жеткізе шерте алмасына көзіңіз жетеді. Көркем әрі тарихты таразылаған очеркі арқылы жазушы кешегі империяның тасқайнат қатыгездігіне лағнет-үкімін айтқан. Әсілі кез келген тарихшы не жазушының белгілі бір тарихи кезең жайлы қаламына жүгінгенде мақсат етер ең басты мұраты біреу ғана болар, ол – ел мен жердің өткендегі шежіресін келер ұрпаққа аманаттау, жат жұрт тарихшыларының қандауырымен қыркылып кеткен шындықты табу.

Міне, Әлекең «Шабанбай» эссесінде, жалпы «Алтай» аталатын үлкен жинағының бас-аяғында мұрағаттардың қазақ үшін суалып қалған қасан омырауынан сауып алынған түйнемдей-түйнемдей ақпараттарды өте ілкімді пайдаланған. Оны көркем тілмен өргені – бір төбе.

Қысқасы, жазушы, Мемлекеттік сыйлықтың иегері Әлібек Асқаровтың «Мұнар тауы...» жинағы – қарт Алтайдың көркем антологиясы. Ал оны оқып шыққан ажалды пенденің түркілердің кіндік жұрты – Төр Алтайды көкірегі қарс айырыла сағынатыны хақ. Мұратына жеткен жазушы бақыты дегеніміз де осы шығар.

Әлібек ҚАҢТАРБАЕВ,
жазушы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері,
Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты

Өріс ЯШҮКІРҚЫЗЫ,
жазушы, Халықаралық «Алаш»
әдеби сыйлығының иегері

Елімізге танымал жазушы **Әлібек Асылбайұлы Асқаров** жылқы жылының 24 қаңтарында үндемей, аттандамай, көп істі тындырып, сыпайы қалпымен 75 жастың төріне шыққалы отыр. Қалай дегенмен, суретін көрсек те, атқарып тастаған қыруар шығармашылық еңбегін оқысақта, әлемнің түкпір-түкпіріне шарлап жүрген жиһанкездігін естіп, білсек те, бұл жетпіс бесті Асқаровқа ешкім бере қоймас (жасынан эдәкәйіде жас кәрінеді дегеніміз).

Асқаровты бүкіл ел-жұрт мерейтойымен құттықтап жатқалы қашан. Тіпті былтырғы жылы жаздан бастап кетті десем, өтірік емес. Жалғыз Қазақстан емес, іссапарға барғанда туыстай боп бауыр басып кеткен сонау Саха елі, қытайша кітабы басылып шыққан Пекин, өзіміздікі болып кеткен Түркия, Ресей, қысқасы, Еуропа мен Орталық Азия Әлібек Асылбайұлының мерейлі жасынан хабарлар. Сол елдердің «менмін» деген беткеұстар қаламгерлері Әлібек Асылбайұлына жақсы лебіздерін әлеуметтік желі арқылы, телефон, үшбу хат арқылы құттықтауларын жіберуде.

Мен білетін Асқаров бәзбіреулерше атак алуды өзі іздеген емес. Оған ниеті де, уақыты да жоқ. Атақтың өзі Әлібекті іздеп табады. Шынайы марапаттарының қатары жазушы, баспагер, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығының иегері, Қазақстан Журналистер академиясының академигі, «Парасат» орденінің иегері, Баспа ісінің және полиграфия саласының ұйымдастырушысы, Шығыс Қазақстан облысының және Қатонқарағай ауданының Құрметті азаматы, Қазақстан Республикасы Үкіметінің оннан астам медалінің иегері деп жалғаса береді. Жазушының жазған кітаптарын көріп те, «Мынадай шығармаларды жазуға қалай үлгерді?» деп қайран қаласыз. «Құтмекен», «Тайга толғауы», «Жасыл әлемге саяхат», «Ерте түскен бозқырау», «Өр Алтай, мен қайтейін биігінді», «Социализм әңгімелері», «Социализм хикаяттары», «Әйел парасаты», «Алтай — алтын бесік-атажұрт», «Қазақ жерінің құпия сырлары» сериясымен жарық көрген «Мұзтау (атақты Белуха) немесе жер кіндігіне сапар», «Көккөл немесе қарлы асуда қалған ауыл», «Шабанбай», «Шапағат», «Қазығұрт», «Аспантау немесе Альпинизм ақиқаты», «Жұмыр жердің жұмбағы» айдарымен жарық көрген «Қайырымды Үміт мүйісі немесе Жер шетіне саяхат» атты танымдық туындылар том-том болып та, кітапшалар болып та алдыңнан шығады.

Әдебиет сыншысы, жазушы, философия ғылымдарының кандидаты Әсел Омардың Дәулеткерей Құсайынов аударған «Әлібектің әлемі» атты мақаласын, Дана Ізтілеуованың «Алтай жыршысы» атты жазбасын, қаламгерлер — Құлбек Ергөбектің, Сауытбек Әбдірамановтың, Айгүл Кемелбаеваның жазушы хақындағы талдамаларын рахаттана оқыдым. Д.Ізтілеуова Ә.Асқаровтың «Ерте түскен бозқырау» атты кітабына талдау жасай келе, оның орыс әдебиетіндегі В.Белов, В.Шушкин, В.Распутин, Е.Носов, Е.Думбадзе шығармашылығындағы тәжірибелерді жинақтағанын тілге тиек етеді. Десе де, қазақ қаламгерлерін орыс жазушыларынан үлгі алғандай етіп көрсетуді әу бастан құптай қоймаймын. Егер орыс жазушылары Ә.Асқаровтың шығармаларын орыс тілінде оқып көрсе ғой... Қай тілге болса да еркін аударылатын шығармалардың авторы Ә.Асқаровты оқыған адамдар қазақтың тамаша табиғатын, көп жария болмаған тарихын, елін, жерін, салт-дәстүрін бір мезетте таныр еді. Сондықтан аталған жазушылардың шығармаларынан «тәжірибе жинақтаған» дегенге келіспедім.

Менің бұл мақаланы жазудағы мақсатым, жалпы жұрт көп ауызға ала бермейтін мемлекеттік қызметтегі Әлібек Асылбайұлының адами болмысына, ұжымды

басқару, ұйымдастыру ісіндегі іскерлігіне, адамдар арасындағы араздықты болдырмауды қалайтын азаматтық қасиеттеріне тоқталу еді.

Ә.Асқаров еңбек жолында сатылай көтеріліп, жоғары лауазымды қызметтер атқарғаны белгілі. Соның бірі — 1998 — 2004 жылдар аралығында ҚР Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінің (ол тұста Министр — М.А. Құл-Мұхаммед) Баспа және полиграфия департаментінің директоры болған кезі. 2002 жылы мамыр айында «Астана ақшамы» газетінде жұмыс істеп жүріп, «Егемен Қазақстан» газетіндегі «Министрліктің бұқаралық ақпарат бөліміне (БАҚ) бас сарапшы керек» деген хабарландыруға көзім түсе қалды. Хабар-

Сыртқа шығып алып ішімнен: «Баспа... Баспа...» деймін. «Әжептеуір конкурстан өтіп тұрып министрлікке жұмысқа бүгін қабылданбасам, бір апта бойы ұйқы көрмей, конспектімен дайындалғанымға куә болған үйдегі балаларымнан ұят-ау. Қой, не болса да, келісімді берейін. Сосын көре жатармын...» деген шешімге келдім. Он минуттан соң шақырғанда қайта кіріп, Асқаровқа келісетінімді айттым.

Сол күні Министрдің Асқаров басқаратын Баспа департаментінің бас сарапшылығына қабылдандым. Министр М.А.Құл-Мұхаммедтің бұйрығы шығып, мен сияқты қызметке конкурстан кейін қабылданғандарды Министр кабинетіне шақырып, жеке-жеке танысып құттықтады.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ ЖӘНЕ АСҚАРОВ БОЛМЫСЫ

ландыру талабы бойынша Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінен байқаудан өту керек. Содан мен бағымды сынайын деп жүгірейін. Өйткені ұлдарымның бәрі Агенттіктің байқауынан өтіп, министрлікке өз беттерінше қызметке орналасқан болатын. Солардан Қазақстандағы заңдардың конспектісін алып дайындалып, байқауға қатыстым. Мынаны қараңыз, осы байқаудан 87 пайыз балл алып өтіп кетпеймін бе... Өзім таңғалдым. Енді Министрліктің қабылдау комиссиясының алдына бару керек болды. Шақырылған күні бардым. Мәссаған! Айналам толған өрімдей жас. Ал менің жасым 50-ден асқан. Жастармен қатар тұрып ұялайын келіп.

Ұялып аз тұрдым ба, көп тұрдым ба, бір кезде комиссия менің атымды атап шақырды. Барсам, төрт адам отыр. Біреуі — орыс ұлтынан. Кейін білдім, Министрдің орынбасары Олег Григорьевич Рябенко екен. Араларында сырттай танытыным — Әлібек Асылбайұлы ғана. Асқаровпен жүзбе-жүз бірінші кездесуім.

— Яшқуровасыз ба?
— Иә.

«Жасыңыз келмейді мұндағы қызметке» деп айтар деген оймен қысылып тұрмын.

— Сіз құжатты БАҚ бөліміне тапсырған екенсіз. Онда сізге әзір орын болмай тұр, — дей бергенде мен шыдамай сөзін бөлдім.

— Қалайша орын жоқ? Хабарландыруда жазылған сол орынға Агенттіктен байқаудан өтіп келіп тұрған жоқпын ба? — Дызылдап тұрған дауысымнан комиссияда отырғандардың бәрі маған жалт қарады.

— Ол орынға сол БАҚ-тың ішіндегі жетекші маманды өсірдік. Бізде мұндай жағдайлар болады. Құжатыңыздан көріп тұрмын. Сіз, рас, Агенттіктен өтіп келген екенсіз, балыңыз да жоғары... Менде ұсыныс бар. Осы министрліктің Баспа департаментінде бас сарапшылық орын босады. Сол қызметке қалайсыз? — деп сұрады Асқаров сабырлы қалпымен. Журналы ретінде еркін жүріп, еркін тұрып, еркін сөйлеп қалған мен болсам, Асқаровқа кереғармын.

— Ойбай! Баспасы несі тағы? Оны білмеймін! Онда не істейді? Мен БАҚ-та орын бар деп келдім емес пе?.. Істей алмаймын баспаңызда! — дедім жұлып алғандай.

Асқаров маған жартылай бұрылып қарады да, дауысын бұрынғыдан да бәсеңдетте:

— Хат жаза білесіз бе? — деді.
— Хат пен баспаның қандай қатысы бар? — деп дауысым тағы да қатқылдау шықты. Асқаров болса, сол сабырлы қалпынан айныған жоқ.

— Үкіметке, ресми орындарға министрлік атынан жазылатын хаттар болады. Бұл да — баспада атқарылатын жұмыстардың бірі.
— Білмей тұрмын!.. Жалпы, түсінбей тұрмын! — дедім мен шынында не істерімді білмей.

— Ендеше, сіз сыртқа шығып 10 минуттай ойланыңыз. Сосын тағы шақырамыз, — деді Асқаров құжаттарымды өз жағынан ысырып.



Бұл 2022 жылдың 20-мамыры болатын.

Баспа департаментіне мен барғанда ересектерден Ержан Сүлейменұлы Көшкінов Асқаровтың орынбасары екен. Ал француз тіліне жетік Сержан Сәлімжанұлы Ғалиев Сыртқы саясат басқармасын басқарды. Әлеуметтік маңызы бар әдебиеттерді есепке алу және тарату бөліміне Әлия Әбилдина, Баспа бағдарламасын қалыптастыру, кітап шығару бөліміне Райхан Мәженқызы жетекшілік етті. Алматыдағы баспа бөлімінде Роза Мұқанова, Шәрбану Бейсенова жұмыс істейді екен. Қатара Бөленқызы, Роза Өтепқызы секілді менімен жасы шамалас қызметкерлер де табылды. Ұжымдағы 15 шақты қызметкер Әлібек Асылбайұлының басшылығымен бір үйдің адамындай тату-тәтті болып кеттік. Кейде туған күн дастарқаны жайылып қалса, сол тұстағы Вице-министр, марқұм О.Г.Рябенко да бізбен үстел басынан табылатын. Бұл кездер әлі күнге дейін бәріміздің есімізден кетпейді. «Алтын уақыт болыпты» дейміз кездескенде.

Халықаралық кітап көрмелеріне қатысып, қазақ қаламгерлерінің таңдаулы кітаптарын жеткізу, орналастыру, апарып алып келу, жаңа шыққан кітаптармен елдегі кітапханалардың кітап қорын молайту, қаламгерлер жазған хаттармен жұмыс істеу, келер жылғы әлеуметтік маңызды әдебиеттер шығарудың жоспарын бекіту, шығуға ұсынылған кітаптардың андатпасын әзірлеу Райхан Мәженқызы басқарған біздің бөліміміз иығындағы негізгі жұмыс еді. Сөйтіп, не керек, қаламгерлермен жұмыс қызу басталып кетті.

Баспа департаментінің атына алғыс айтылмайтынын осы кездерде алғаш рет көзбен көрдім! Кітаптарын шығара алмаған жергілікті облыс орталықтарындағы кейбір қаламгерлер Үкімет пен Президенттің, Сенат, Мәжіліс Парламенттерінің депутаттары атына шағымдар жазуда өте шебер екен. Көп жазушының адами қасиеттері қандай екенін мен сонда таныдым. «Хат жазуды білесіз ғой?» деп Асқаров о бас-

та менен бекер сұрамапты. Осы шағым хаттарға тиісті жауап беру менің тікелей міндетті қызметіме айналды. Өйткені заң талабы бойынша, шағым иесіне бір ай мерзім ішінде жауап берілуі тиіс. 2002 — 2011 жылдарға дейін өзімнің білетінім, жергілікті жазушылардан түскен шағым хаттар ай сайын, сенсеніз де, сенбесеніз де, 20-30 шақтыдан көп болатын. Біреуі Баспа жұмысына риза болса, түге?.. Өйткені кітаптары шықпай жатыр. Кітап шығаруға мемлекеттен жыл сайын бөлінетін қаражаттың көлемін, кітап шығару үшін баспалар арасында заңды жолмен тендер ұйымдастырылатынын білмейді, білгісі де келмейді. Шағымдарын жоғары жаққа жолдайды да тұрады. Хат жазушылар бірінің сөзін бірі

жаттап алғандай: «Менің кітабым пәлен жылдан бері неге шықпайды, Пәленшеевтің кітабы шығыпты. Жерлес, рулас дегенді министрліктегілер қашан қояды? Пәленшеевтің кітабы неге шығады? Ол маған қарағанда жазушы емес», — деп жазса, кейбірі: «Баспа департаменті кітабы шығатындардан пара алады», — деп жала жабады. Министрге кіруге келетіндері қаншама. Есік алдында тапжылмай отырып, хатшы қыздың: «Бос емес», — дегеніне қарамай, күн қарайғанша күтуге бар. Мемлекеттік қызмет этикасы бойынша олар саған айқайлап тұрса да, біреуін ренжітпеуің керек, сыпайы жүзбен, қазақшалап айтқанда, әкелеп-көкелеп шығарып салу керек.

Бір күні Асқаров ішкі телефоннан: «Тез келіп кет маған!» — деп қатқыл дауыспен мені шақырды. Бөлім бастығы Райхан жоқ болатын. «Ойпырым-ай, бастық бұлай қатты дауыс көтермейтін еді, не болып қалды екен?» деп жетіп бардым. Кабинетте ақмоалық бір жазушы отыр. Оны танымын. Шағыммен отырғанын түсіне қойдым. Асқаров есіктен кірген бойда:

— Орис Яшқуровна! Орис қыз! Мына кісінің кітабын Райхан екеуің былтыр неге жоспарға қоспадыңдар, а? Айтып ем ғой сендерге «қосындар» деп. Бұларын не? Айтқанды неге ұмытасындар, а? Сендерге, Райхан екеуіңе бұл үшін сөгіс болатынын білмейсіңдер ме? — деді маған қарап. Мен түк түсінбей күмілжі беріп едім, жәнеттен қасындағы креслода отырған жазушыға бұрылды да:

— Аға, сіз кешіріңіз енді. Осы қарындастар кәте жіберген. Министрге осы жолы кірмей-ақ қойыңыз. Бәрі реттеледі. Жоспарға биыл қосылады. Министр әрі бүгін Үкіметте. Сіз үйге қайтыңыз. Қолжазбаңызды қалдырыңыз, — деді де, маған:

— Кабинетке барып, қолжазбасын алып, бұл кісінің кітабын жоспарға енгізіндер! — деп тапсырды.

Кейін түсінгенімдей, шағымданушы бізді кінәлі деп есептеп, «сөгіс» алатынымызға қуанып, «қызметкерлерден кеткен кінә ғой, Министрге бармай-ақ қояйын», — депті. Кейбір авторлармен арадағы осындай шиеленісті ақылмен шешкен Ә.Асқаровтың даналығын бұрынғы ұжымдағылар өзара ырзалықпен әңгіме етіп, көптеген жақсылықтарына сырттай рақметімізді айтып отырамыз. Шалғайда жүрсек те, шығармашылық жетістіктеріне қуанамыз.

Қазіргі кезде ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде кітап шығару ісінде жағдай мүлде басқа. Жүйкеге тиетін мұндай істер жоқ. Тіпті Министрлікке бейсауыт біреулер келмек түгілі, авторлардың өздері кездесудің себебін түсіндіріп, алдын ала жазылып, жолығады. Есік алдындағы күзетшілер тағы бар. Мемлекеттік қызметкерлер өздеріне және жұмыстарына алаң болмайды. Бұл деген рухани жетілу емес пе?.. Мен бүгінде мемлекеттік қызметтегі Асқаровты ойға алсам — баспа, ал баспаға барсам — Асқаров есіме міндетті түрде түседі.



«Егер біз Хунну мен Түрік қағанаты арасындағы және қағанат пен Шыңғыс хан империясы арасындағы дәстүрлердің екі рет үзілгенін ескермесек, онда Орталық Азия тарихы бізге түсінікті бола алмайды. Бұл үзілістерде ғылымға, ағарту ісіне қарсы тұрушылық кезеңдері жатыр» (Л. Гумилев. «Көне түріктер», 340 бет).

«Алтын шежіре» деректеріне қарасақ, Шыңғысқа хандық мансапты бұйырғандар қатарында тайшы ағайындары да төбе көрсетіпті. Ұзақ жылғы ұрыс-керіс олардың есін жидырғандай. Жетінші атадан, яғни Қайду ханнан қосылатын олардың ағайынгершілігінде мін жоқ-ты. Есукей билігі дәуірінде мықты ауызбіршілікті тайпа жаугершіліктен аман, тыныш өмір сүрді, сол заманда жиі кездесетін барымташылық тауқыметін де тартқан емес-ті.

Алайда жылда басшыға берер бес-алты малын қызғанған Тарғұтай қырылдақ пен оның қолдаушылары Есукей қазасынан кейін жесірі Әуелін бегім мен қаршадай ұл-қыздарын жұртта қалдырып, басқа жаққа көшіп кетті. Ол ол ма, Теміршынның шоқты жанары мен шуақты жүзін көре алмай, ағайындары оған қысастықтар жасаумен болды. Көп қысым көрсе де, Есукей батыр әулеті мойымады.

Ал тайжуыттардың атырабын жайлаған тайпалар батыры жоқ бұларға шекесінен қырын қарады, талас-тартыс туа қалса, ұтылатын да осылар еді. Елді бүлдірген Тарғұтай қырылдақтың тайпа іші-сыртында беделі жоқтығынан мықты әскери құрама да жасақтай алмады. Ол заманда жарактанған әскерсіз ел сыйсыз болатын. Оның есесіне Есукейдің үлкен ұлы Теміршын досқа адалдығымен, керекті сәтінде батыл қадам жасау қабілетімен атырабындағы ел-жұртқа таныла бастады.

Дей тұрғанмен, мықты одақтас керек екенін сезген Теміршын әкесі Есукей баһадүр мен керейдің Уаң ханы арасындағы байырғы достық қатынасты жаңғыртудың жолын іздеді және оны тапты да. Ол үшін қайын жұртынан кінәге әкелінген қара бұлғын ішікті Уаң ханның иығына жаба тұрып: «Әкемнің ескі досы едіңіз, сізді әкемдей көріп келдім», – дегені Уаң ханға кереметтей әсер етіп, екі арада сенімді достық қатынас орнығуына ықпал еткен-ді.

Сондай-ақ Теміршын жалайыр Жамұқамен балалық шақтағы достығын да жаңғыртты. Шешімді шешендігімен ағайындары ішінде әжептеуір беделге ие болған Жамұқа бұл кезде қандастары

қатарынан түзілген әскери құраманың басшысы-тұғын.

Бөрте бегіммен қосылып, бақытты ғұмырдың тәтті шәрбатын татып үлгерген Теміршынның алдында сол бір шақта үлкен сынақ төбе көрсетті. Есукейге кеткен ескі кегін қайтаруды аңсап, аңысын аңдыған Меркіт тайпасының Токта бегі Теміршынды қапы қалдырып, Бөрте бегімді олжалаудың сәтін түсірген болатын.

Сүйген жарынан қапыда айырылған Теміршын өзінің жай-күйін Бұрхан Қалдын тауында қапаланып қамыға, былай деп бейнелеген екен:

*Корегендікпен білетін Қуақшын
аян бергесін,*

*Бұла туған денеме бұлтартпас
қауіп төнгесін.*

*Бұғы жымын сағалап, бұта түбін
паналап,*

Бұрхан Қалдынға шықтым мен!

Қара басымды сауғалап, қодас

ШЫҢҒЫС ХАННЫҢ елге сәлемі

*ізін саралап,
Қабакты үй ғып паналап, Қалдын
тауына шықтым мен!*

*Бұрхан Қалдын тауында шыбын
жанымды қорғадым.*

*Қалдын Бұрхан тауында
қарлығаштай жанымды,*

Қасиет тұтып қорғадым!

Тағдырдың бұл сынынан өтудің айла-амалын Теміршын алдын ала ойластырып қойғандай еді. Оның Уаң хан мен әкесі Есукей батырдың дәстүрлі достығын жаңғыртуы, бала күнгі досы Жамұқамен сый-сияпаттар алмасуы кәдеге асты. Солардың көмегімен жан жары Бөртені қайтарып алумен шектелмей, дұшпандарын қайта бас көтерместей тұқыртты.

Бұл оқиғаның артын ала тайжуыт ағайындарын жөнге салуы Теміршынның күш-қуатын еселеп, қолдаушыларының қатарын да көбейтті. Темүжін өзіне ерген елді бақылап еді, қасына келгендер жалайырдан Қашығұн, Қарықай, Қарылтай деген ағайынды үшеу, Дарқыттан Қадаған, Далдұрхан бастаған ағайынды бес үй екен. Бұлардың сыртында Меңкіт қарияның баласы Үңгіртүн, Шәншікүт, Байкүт дегендер де келіпті. Бауырластан Құбылай мен Құтық деген ағайынды екеуі; маңғұттан Жады, Тұғылқы; арұлаттан Боршы мен інісі Екүле шербі; ұранқайдан Желменін інілері Сұрқан, Сүбетей деген батырлар; бесүттен Теке, Күшікір деген ағайындылар; сұлдыдан Шілгүтей, Тақай, Тайшытай деген батырлар; тағы да жалайырдан Шыра абыз, Арқа Қасыр, Бала дегендер аз-аз әулетімен келген екен.

Елге белгілі тайпаластарынан Алтын Құшар мен Шешен бек қалың жұрттың ықыласына орай Теміршынды хан сайлау туралы өзара пәтуғаға келуі осы тұс.

«Сені хан көтерейік! Хан көтеріп, Олжалы соғысқа аттанып бірге, Ару қызын, ордалы үйін Жүзі сұлу ханымы мен жүйрік сәйгүлігін Желдіртіп айдап келейік! Қағысқан кезінде қалқаның болмасақ, Елден безді деп, қара басты алғайсын! Қырқысқан жерінде қорғаның болмасақ, Қалың ұлыстан безді деп, қара басты шапқайсың!» – деп ант беріп, көк аспанға тағзым етіп, қара жерге бас иіп, тоғыз тұғырлы ақ туын тұғырына қондырды. Шыңғыс хан осылайша, барыс жылы – өзінің қырық бес жасында,

Онон дариясының бойында ұлы қағанат тағына отырды.

Содан Керейдің Тұғырыл ханына Тақай мен Сүкейді жіберіп, «Шыңғысты хан сайладық» деп хабар жеткізуді тапсырды. Тұғырыл хан: «Ұлым Темүжінді хан сайлағандарың өте орынды болыпты. Мұғылдар басшы болар ханы жоқ, қалай күн көрмек!» – деп ризашылығын білдіріп:

*Бұл бірлікті бұзбаңдар,
Берекені жазбаңдар.*

Біріңді-бірің сыйлаңдар! – деп сәлем айттырады.

Бұдан соң Арқа Қасыр мен Шәкірхан екеуін Жамұқаға жібергенде, Жамұқа: «Алтын Құшыр мен Шешен бек екеуіне барып айтыңдар, біздің арамызға түсіп, сүбеден түртіп, қабырғадан шаншып, Темүжін екеумізді неге бөлді?! Біз дос болып жүргенде хан болдырмаған Темүжінді енді нені ойлап хан болдырды! Алтын Құшыр, Шешен бек екеуі

тап, суыт аттанып, Шыңғыс ханға келеді. Сонан бұлар дереу жылжып, Жамұқаға қарсы Керулен өзеніне қарай беттейді.

Шыңғыс хан Алтын Құшыр, Дәрітайды алғы сапка оздырып, барлауға жібереді. Уаң хан Сенкүн, Жақа Қамбы, Білге Бекі үшеуін шолғыншы етеді. Олар ілгері аттанып барып, Жамұқаның алғы шебінде тайшының Нағашы батыры, найманның Бұйрық ханы, меркіттің Токта бегінің ұлы Құды, ойраттың Құтық бегі келе жатқанын анықтап, қайта хабар әкеледі. Екі жақтың да алдыңғы шебінде келе жатқандар соғысты ертеңге қалдырып, өзен жағасына келіп түнейді. Ертеңінде екі жақ тура айқасқа түсіп, алма-кезек ығысып ұрысады.

Бұйрық хан мен Құтық екеуі аспаннан жай түсіруді біледі екен. Олар жай түсіріп еді, жасын адасып, өздеріне түскендіктен жүре алмай суға малтығып, «тәңір бізге қаһарын төкті» деп ойлап, кері қайтады да, жан-жаққа тарап, бас-басына



енді айтқан сөздерінде тұрып, Темүжін досымның көңілін аландтпай, адал дос болып жүрсін дендер!» – дейді. Шыңғыс хан Жамұқаның сөз ауанынан қандай да бір салқындық сезіп, қарсы әрекет жасауы мүмкін екенін болжап еді.

Дегендей-ақ келесі тауық жылы қатақанның Бағу Шорқы; салжұттың Еркедей батыры; дөрбеннің Қашықұн бегі; татардан Алшытатар, Жәлі Бұқа; екірестен Түге Мақа; коңыраттан Терікемел, Алақой; қоруластан Шындан; найманның Бұйрық ханы; меркіттің Токта бегінің ұлы Құты; ойраттың Құтық бегі; тайшының Тарқытай, Нағашы бегі; қожанның Үршігі бастаған игі жақсылары Алақай бұлағында бас қосып, «жалайырдың Жамұқасын хан сайлайық» десіп, боз бие, боз айғыр шалып ырым жасап, сол жерден Кентау мен Ергүн өзенінің құйғанына көшіп келеді. Бұл қоныста олар Жамұқаны хан сайлап, Гүрхан – баршаның ханы деген атақ береді. Жамұқаны хан сайлағаннан кейін, жиналғандар Уаң хан мен Шыңғыс ханға қарсы аттануға сөз байласады. Бұл хабарды естіген қоруластың Қорытайы дереу аттанып, Күрелкіде отырған Шыңғыс ханға жеткізеді. Шыңғыс хан бұл хабарды естісімен, Уаң ханға елші аттандырады. Уаң хан әлгі сыбысты естісімен, түмен шерігін жасақ-

бытырап кетеді.

Шыңғыстың хан тағына отыруы және алғашқы жорығында жеңіске қол жеткізуді туралы хабар жер-жерге тарап, қолдаушы ұлыс-тайпалар көші толыға берді. Кеңгістен Құғыс бастаған бір алқа қотан; Дәрітай кенже бастаған бір алқа қотан; Зендірден Мұқылақұл бастаған бір алқа қотан; Үжін саураннан бір алқа қотан ауылдарымен келіп қосылды. Бұлардың сыртында Жамұқадан бөлінген Шешен бекі мен Тайшы батыр екеуі бір-бір алқа қотан және де Тайшының баласы Алтын Құшыр бір алқа қотан; Құтала ханның ұлы Алтын кенже бір алқа қотан болып қосылды.

Жан-жақтан өзіне қарай ағылған халықты көріп, көңілі толқыған Шыңғыс хан: «Көк аспан мен қара жердің қуатын жебеушілік етіп, Жамұқа досымнан мені артықша көріп, «дос боламын» деп келген үлкен-кіші, кәрі-жас барлықтарың менің ең ардақты адамдарым боласыңдар! Жан-жақтан келіп, қолдау көрсеткендерің үшін мен де жақсы ниетімді білдірдім!» – дейді. («Алтын шежіре», 49-бет).

Жетімдіктен жетілген Шыңғыс ханның болашақ ұлы империясының негізін қалау барысында елге жолдаған алғашқы ақжолтай сәлемі еді бұл.

Оңғар НАҚЫП



Ғарифолла ЕСІМ,
академик, жазушы

Есі толық еңбеген бала қолына қарындаш, қалам алса, ақ қағаз бетін шимайлай бастайды. Бұл керемет. Алғашқы шығармашылық ізденіс. Өзін өзгеге таныту тәсілі. Сәбидің «мені» қалыптасып келеді. Қолға қалам алу, шимайлау – сәбидің көңіл шуағы. Ол сол шимайды әке-шешесіне, үлкендерге көрсетеді, қоштау күтеді. Бірте-бірте шимайдан сурет шыға бастайды, ол – бөлек әңгіме. Сурет әлемі сырға толы сәбидің дүниеге көзқарасы, сезім тұнығы, мөлдір бұлақ суы десек те жеткіліксіз. Оны сөзбен айтып түсіндіру мүмкін емес, сәби түсінігін түсінгің келсе, бірге отырып сурет сал.

Ал енді әріп танитын, ес-ақылы, былайша айтқанда, толық дейтіндер неге ақ қағаз бетін шимайлайды? Сондағы «шимайдың» мән-мағынасы неде?

Әрқилы себеп, мақсат, міндеттерден, мүмкін құрғақ қиялдан, тіптен адасудан тұатын «шимайлар» бар және олар өте көп. Менің айтпағым осы «шимайлардың» бірер арнасы туралы болмақ.

Мұсылман қауымы Мұхаммедті «соңғы пайғамбар» деп мойындаған. Одан бергіде пайғамбар болған емес. Алайда «пайғамбармын» деушілер жоқ емес. Олардан бүгінде аяқ алып жүргісіз. Әулие, білгіштер шегірткедей қаптайды-ау кеп. Осындай халде, хакім Абай «Адамзат адасады, оны тура жолға бастаушылар Пайғамбарлар, әулиелер және хакімдер» деген.

Мұхаммед – соңғы пайғамбар. Осыны жанымен сезінген Сұлтанмахмұт Торайғыров «Заманның Ғайсасы кім?» деп қалың елге сауал қойған. Пайғамбарлар дәуірі өтті. Қазіргі заман хакімдер дәуірі. Абай «хакімдердің діндері басқа-басқа болуы мүмкін, бірақ олар болмаса, қайталап айтсақ, дүние ойран болады» деген түйін жасаған. Осы шешімге келмеске амал жоқ. Қазіргі заманның, Сұлтанмахмұтша айтсақ, Ғайсасы – хакім және хакімдер.

Тағы да бірақ деуге тура келеді. Өздерін адамзатты «арманына» жеткізбек болған ілімшілер легі шықты. Қиялшыл-утопистер, қиянатшыл ілімшілер, өтірікшілер... Осылардың дені ақ қағаз бетін шимайлауға ден қойды. Олардың шимайлары том-том кітаптар болып, кітапхана сөрелерін майыстырды. Неше килы ілімдер шықты, олар: коммунизм және фашизм. Бұл ілімдердің шимайларының көбі сау ақылға сыйымсыз еді, оны дәуір хакімдері ашып айтып, әшке-релеумен болды. Бірақ олар хакімдерге өшікті. Ілімшілер қолдарына қалам ғана емес, қару алды. Іс насыра шапты. Әлем дүркін-дүркін қанды қырғынға ұшырады. Мұның бәрі – шимайшылар әрекетінен болған қасіреттер.

Шимайшылар адамзатқа қасірет әкелді, солардың бірі – атақты Карл Маркс. Бір сөзбен айтқанда, ол меншікке қатысты адамдарды бір-біріне жау, қас, дұшпан етіп, соны ілім ретінде насихаттады. Оның ілімі – қылмыс. Марксизм дегендер миллиондаған адамдарды азаптап, құрбан етті. Коммунизм – шимай ілімі, фашизм – нағыз шимай.

Ана тілі туралы әңгімелер де, шимайлар да таусылар емес. Есіме Жүмекен Нәжімеденовтің «Ана тілі» деген өлеңі оралып отыр. Өткен ғасырдың 60-жыл-

дары ұлттар бір-бірімен жақындасып, ақыры ұлт тілі жойылады деген «теориясымақты» қазақтан шыққан коммунист ілімшілер мінберлерден де, басылым беттерінде де жариялап жатты.

«Тілсіз халық бола ма?» деген сауалға да жауап даяр, Кеңес империясына қарасты ұлттар экономикалық, әлеуметтік, рухани, мәдени, саяси жағынан жақындасып бір халыққа айналады, оның аты «совет халқы» деген ілім ірге тепкен. Совет халқының ортақ тілі, әрине, ол көпшілік тілі – орыс тілі болмақ.

қалай түсінбекпіз?.. Ата-баба сөздерін аударма арқылы оқып-білем деу – рухани тозғандық. Қазақта «сөз мәйегі», «сөз ұлағаты» деген бар. Сөз мәйегі дегеніміз – ана тіліміздің дәмі, психологиясы, сөз ұлағаты дегеніміз – ана тіліміздің мән-мағынасы, семантикасы.

Ана тілі – қазақ дүниетанымының, даналығының, философиясының негізгі арнасы, олай болса тәрбиенің де негізі.

Кей ақындардың том-том өлеңдер жинағынан ауызға ілігерлік бір өлең таппайсың, сонда «бұл не шимай?» демеске

Шимай философиясы

Ендеше, ана тілінде оқитын мектептерді қысқартып, орыс тілді мектептерге өріс ашу саяси іске, қажеттілікке айналады.

Мұндай бағдарламаның арнайы құжаттары бекітілген. Осы психология әсіресе партия, кеңес басшыларына (*қазақтарды айтатын – F.E.*), ақын, жазушы, ғалымдарға соншама мықты әсер етіп, балаларын, немерелерін жаппай орыстілді мектептерге оқуға және тәрбиеге бере бастады. Олар балаларының қазақ тілін білмегендерін «өнер» көрді, мақтан тұтты. Сөйтіп, қоғамда орыстілділер кастасы пайда болды, олар билікте және өзге де тұрмысқа қажетті мекемелерге қызметке орналасты.

Қазақ тілі ауыл күзетіп қалды. Осы хал туралы:

Көлденең сөйлейді жұрт!

Міне, сізге ер мұңы:

қонақтың да батады екен

қорлығы,

батады екен есер сөзі мастың

да,

құлағыма түрпідей боп тиді үні,

ал бәрінен ниғыл қандай, ниғылы!

Бәрімізге тағдыр – біреу,

Бір ырғақ,

ана тілін шамамызша жұмырлап,

келеміз ғой, сол тіл үшін егес қып,

Сен – құрысаң,

Мен – құрысам емес тұқ,

бірер кітап тумай қалар мықтаса,

одан ешкім ұтылмайды ұтпаса.

Егер, егер тіл құрыса?..

Сақта, «Алла»,

тоқтығыңа,

көптігіңе мақтанба!

«Тілің құриды» дегенді де түбінде

Айтты әлгі адам

Абай, Мұқтар тілінде!

Африкада құлдың өзін тілімен

Бірге сатқан сатқанда.

Әттең, оның сөйлегені жанып бір

көкірегінің түкпір ісін танытты.

Жігіттің ірілігі не керек,

Тілі өлсе егер тірлігі не керек,

керегі жоқ маған ондай халықтың! – деп

жырлады Жүмекен.

Ана тілі үшін күрес бүгінгі күнге де жетті. Ана тілі – мемлекеттік тіл атанды.

Алайда ақын Жүмекен айтқан жайлар, өкінішке қарай, әлі сақталып отыр.

Тіл саясат емес, ол – халықтың өзімен бірге дүниеге еніп, бірге кететін мәңгілік құндылығы. Саясат құбылмалы. Тіл құндылық ретінде тұрақты. Тіл тірілер арасындағы қарым-қатынас құралы ғана емес... Бұл үстірт түсінік. Тіл ата-бабалармен сұхбат. Бабаларымыз ана тілінде аталы сөздер қалдырды, тіл болмаса, оны



амалың жоқ. Жүмекен Нәжімеденовтің «бір өлеңі жоқ ақын» дейтіні осындайдан емес пе?

Абай, Мағжан, Мұқағалиларымыз бола тура, кім көрінгеннің өлең жазып далбаса халге түсуі ненің белгісі? Ақындық деген – адамның өзімен бірге дүниеге енетін керемет құбылыс. Жазып жаттығу, ақылмен құрастыру поэзия емес. Өлең ерекше әуезді талап етпесе, ол құр шимай. Әуез сөздердің табиғи ырғағынан аңғарылады. Орынсыз келген сөз, тек сөз арасын ғана былғап қоймайды, әуез үнін бұзады. Абайдың «бөтен сөзбен былғанса сөз арасы» деп қайғы тұтқаны поэзия тазалығы хақындағы ой еді.

Бөтен сөзбен былғанбаса, әуезді үннен әділеттілік туады. Әділеттілік – таза сөз, мағынасы терең ой. Қалай болса, солай қолданылған сөздерден тек әділетсіздік, қиянат туындайды. Сөздің мағынасын бұзу – қылмыс. Ақынмын деген жұрттың бір парасы осы әділетсіздік өрісінде деуге негіз бар. Сәбиге таза сөзді сіндіру тәрбие басы. Тәрбиеші тілі өте таза болуы шарт. Ата-ана сөздері тау бұлағындай мөлдір болу – табиғи қажеттілік. Олай болмағанда әділетсіздік сәби санасына егіле бермек. Бұл – «балалар жазушысы» деген қауымға, «тәрбиешілер» деген жұртқа қойылатын ең басты талап.

Жиі айтатын «Рух» деген сөзден тәрбие бастау алады. Сәбидің алғашқы сөзі – «ана» (*оны «мама» дейміз*), «әке» (*оны «папа» дейміз*), үлкендерге болса

ата, әже. Міне, сәбидің алғашқы ұстаздары. Ана деген – рух, әке деген – рух, ата деген – рух, әже деген – рух. Сәби бұл сөздерді рухтанып айтады. Себебі бұл – ең алғашқы таза, мөлдір, мағыналы сөздер. Осы сөздермен сәби әлемге ене бастайды, оны қазақ «баланың тілі шыға бастады» дейді. Ендігі жерде сәбидің рух әлемін кеңейтетін күш – поэзия. Балаға керегі поэзия, оны «такпақ» дейміз. Такпақтың әр сөзі баланы рухтандыруы қажет. Сөздің қысқасы, өлеңмен дүниеге енесің, өлеңмен көрге кіресің, басқа жол жоқ. Сөздің сонынан оқылатын Құран дұғасының тілі де – поэзия. Түйіндеп айтқанда, поэзия деген жақсы сөз.

Жақсы сөз – жарым ырыс.

Ойшыл болу бір мәселе. Ал сыншылдық болса, ойшылдық қуатын одан әрі терендетпек. Сыншыл адамды айламен теріс жолға түсіру қиын. Сондықтан Шәкәрімнің социалистік қоғамды, оны құрушы большевиктер әрекетін қабылдамағаны түсінікті. Ол осы ілімдердің терістігін, қателігін жанымен сезді, содан бұл саясатқа іштей қарсы болды. Шәкәрімнің баласы Ахат жазған өмірбаянынан белгілі болған жай, ол – большевиктер саясатын қабылдамаған адам. Осы жағдайды түсінген большевизмнің өкілдері Шәкәрімді жау деп атаған. Өйткені большевиктер саясаты адамның болмысына, табиғатына кереғар еді. «Осы ілімде қателік бар ма, жоқ па?» дегенге Шәкәрім тура жауап берді, ол: «Ғылым деп уды жегізген» дейді, яғни бұл – ғылым емес у. Ең қиыны, бұл у тәнді емес, сананы ұлайтыны... Сананы ұлағаннан кейін сен басқа адамға айналасың. Басқа табиғатқа кетесің. Сөйтіп адасасың. Сана уланғанын, жұрттың адасқанын Шәкәрім өзі өмір сүрген кезде толық білмеген де шығар, оның тұсында социализмнің нышандары ғана белгілі бола бастаған еді, нағыз бет-бейнесін біз білдік, санамыз уланғын өмір сүрдік. Біз сана, сезім уланған заманды басымыздан өткердік. Шәкәрімнің сол кезде айтып отырған сөзі көрегендік еді, оның әлеуметтік тәжірибеде дәлелденгеніне куә болдық.

«Улама ондай уды жеп, Шатаққа сатпа шыныңды» – дейді ақын. (*Шәкәрім. Шығармалары. Алматы «Жазушы», 1988. 345 б.*) Уақыт өте Тәуелсіздік жеңіске жетті. Социалистік қоғам қирады. Марксизм «архивтік ілімге» айналды. Енді оның жаны диалектикада өз мән-мағынасын жойды. Жағдайдың түбінде осылай болатынын сезген кеңес философтары Гегель іліміне сүйеніп, «Диалектикалық логика» деген пән ойлап тапқан. Ол – схоластика мен софизмнен құрылған қолдан жасалған «философия».

Диалектикалық логиканы жақтаушылар, анығында, «философия» деген зайырлы ілімнің тамырына балта шабушылар. Коммунист-философтар ойлап тапқан (*Фридрих Энгельс іліміне сүйеніп*) диалектикалық материализм және тарихи материализм деген теріс ілімдер бүгінде пән ретінде оқылмайды, олар жойылған. Солармен бірге «архивке» «диалектикалық логикада» кетуі табиғи жағдай еді, бірақ ескіше ойлап, коммунистік санадан шыға алмай (*тәуелсіздікті қабылдай алмай*), кеңес заманында философияны ғылым деп танып, сол таптарын санадан арыла алмай жүргендер Кант, Гегель т.б. (*Еуропа ұмыта бастаған*) философтар ілімінің шашбауын көтеріп, жаңа заманға тың, соны философиялық рефлексия қажеттігін түсінбей жүргендерді адасушылар, яғни шимай философтар деуден өзге айтарым жоқ.

Сәби шимайына қайта оралсақ, ақ қағаздың бетінде көлбеу-көлбеу сызбалар пайда болғанын көреміз. Осы сызбаларды сактап қою қажет. Ол сызбалар сәбидің келешек тағдырының символдары ма екен, әлде басқайды көзқарас бар ма, қадірлі оқырман?!



Дәурен ҚУАТ

Ерепейсіз ұзын емес, бірақ рас, бойшаң. Оны өзгелерден сырықтай етіп көрсететін, сірә, дене тұрқының сидандығы болса керек. Құрдастары «қыз шымшитын қырым етің жок» деп әзілдейтін. «Қыз» демекші, бұл ауылда қыз тұрмайды. Мектепті бітірген соң қарақоз қалқатайлар қалаға қайқайып кете барады. Сонысы қиын, әйтпесе, ауыл көңілді-ақ. Ертелі-кеш өз қызығы өзінде – түгесіліп бітпейтін тіршілігі бұрқ-сарқ қайнайды да жатады. Қак-сокта шаруасы кем. Әйтсе де, дүбірлі дүниеден мүлде бейхабар дей алмайсыз. Саясатты сапырады. Кино көреді. Кітап оқиды. Жылқышысы мен қойшысының қонышында – мұқабасы тозып, ақжемделген бір-бір кітап. Ақын, жазушыларды құрмет тұтады. «Біздің ауылға келсе ғой солар» деп армандайды. Баяғыда бұл ауылға Мұқағали келіп кеткен екен. Ұлы ақынды ортаға алып түскен сурет әрбір үйде сақтаулы. Сарғыш тартқан сол суретті сипап қойып, ауылдың кәрі-жасы әлі күнге: «По, шіркін, Мұқағали!» – деседі. Шайырдың шарапаты тиген бе, әлде, тамылжыған табиғат аясында жүрген соң солай ма, Тұщыбұлақтың тұрғындары әдемі дүниеге әсерленгіш-ақ. Әрі шетінен сөзге шешен: табан астынан суырып салып, өлең ұяқастырып та жібереді. «Осы күні оқырман қалмады ғой», – деп салы суға кетіп отыратын ақын я жазушы жазған дүниесін аркалап, алты қырдың ар жағындағы әлгі ауылға барса болар еді. Сонда олардың алдынан аңқылдап Ұзынтұра Қарекке шығар еді. «Токтаңыз, – дейді ол мейманды сәтке кідіртіп қойып, – естелік үшін сізді суретке тартып алайын». Қарекке суретке түсіретін аппарат болған емес, бірақ ол салалы саусақтарын ыңғайлап, таспаға тартатын құралға ұқсатып алады да, «нысананы» көздеп тұрып, басып қалады. Қжы-ык.

– Аландамаңыз, «потоңыз» ертен дайын болады.

Расында, ертеңгісін Қарекке қарындашпен айнытпай салған бейнеңізді әкеліп тұрады. «Мархабат». Ұзынтұра Қарекенің бұндай өнеріне Тұщыбұлақ ауылының тұрғындары таңданып, тамсанадан қалғалы қашан. Бірақ әркез риза, хош. Сыйлайды, бағалайды. Жиі-жиі өтініш жасап қолқалайды.

«Қарекке, балам ертең мектепке баратын еді, есейіп ер жеткен кезінде қарап, есіне ала жүрсін, суретке «түсіріп» берші».

«Қарекке қайным, отағасымен отасқанымыздың 40 жылдығын ағайын-туыс, дос-жаранның ортасында атап өтіп, той жасамақ едік, табанымыздан таусылып сол үшін қаланы шарлап қайтеміз, өзін бірдене қылшы. Былай, бүйтіп, басымызды түйістіріп түсетін суретті айтамын».

«Ау, Қарекке құрдас, Наурыз мерекесінде үйге соғып кетсеңші, бұрынғы суреттер ескіріп қалған сияқты...»

Осындай өтініштер мен қолқалаулардан қолы босай бермейтін Қарекке кейде: «Пашпырттағы суретінді жанала» дейді өкімет», – дегенді айтып, ауылдың шал-кемпірлері де келіп тұрады. Қарекен қариялардың сөзін екі етіп көрмеген жан: «Қане, мында, мына керегедегі ақ жайманың алдына кеп жайғасыңыз», – дейді де, сарт еткізеді. Тұщыбұлақ ауылының тума таланты Қайыркелдінің 3x4; 4x5 форматында салған суретін төлқұжат беретін мекеме қызметкерлері көріп, талай рет таңдай қакқан-ды. «Апыр-ай, мына жігіт ауылдан неге ұзап шықпады

екен?» – десетін олар бас шайқап. Амал нешік, Қарекке ауылдан шырқап-ақ кетер еді алысқа, апасы жібермей қойды ғой. «Жалғыз жарығымсың, қаласы құрысын, қалқайып көз алдымда жүрші, әйтеуір», – деп, кәрі шеше көз жасын сығымдай берген соң, «әйгілі суретші атансам» деген арманына амалсыз қол бұлғаған-ды бұл. Бірақ қарындашы әркез қалтасында: оқушы дәптерінің жыртылған беті, мейлі, қант-кәмпиттен босаған қағаз жәшіктің қорабы, ақ кездеме – қайсысы кездесе, сонысының бетіне қалаған суретін түсіріп, қас-қағым сәттің көрінісін көшіре қояды. Ауыл жұрты «перме» атап кеткен бұрынғы кеңшар бөлімшесінде Ұзынтұра Қарекенің қаламұшына ілінбеген дүние қалмаған шығар... Сынған соқа, күн астында күңсіген тырма, есігіне құлып салынбайтын ұстахана, мұржасын түтін түтіп бітірген тас монша, заңғар көкке бойлап өскен алып шынарлар, соңу сайдың табанындағы көлшікте улап-шулаған қаз-үйрек, ойнақтаған құлын-тай, арғы жағаға тұмсығы ғана ілінген қисық көпір, қабырға жолдар, сүрлеулер, қыр басына қылт етіп шыға келген салт атты, тіпті төбесі қаңылтырмен жабылған қоралардың құс саңғырып айғыздаған ақ жолағына дейін Қарекенің қолына тиген қағаз бетіне көшкелі көп жылдың жүзі болды.

Қарекке төрт мезгілді де түгендеп отырады. Міне, мынау – былтырғы қыс. Қар жұқа ғана жауыпты. Қырбық, қатқак. «Перме» жүдеу. Суықсайдың аңғарынан үзілмей соғатын суық желдің ызғары байқалады. Көшедегі жүргіншілер бүрсеңдей басып барады. Енесінің бауырына тығылған қасқа бұзаудың өлі жүні үрпип, дір-дір етеді. Әуеде қалбаңдаған қарғалар қара нокатқа айналып, қатып қалған сияқты. Қырды қырман қылған қызыл шұнақ аяздың шапаны батқан күннің шапағына боялып, жайыла түсіпті. Аспан көгіне биіктеп алған Үркердің бозамық сәулесі аңғарылады.

Ал, мынау – былғы қыс: аппақ қар, маужыраған ауыл түні. Құс жолы жұлдыздар шоғырын қак жарып, терістік пен түстіктің арасында көсіліп жатыр. Сенсең ішігінің омырауы мен жағасы ақ қырауға көмілген шаналы жолаушы жегіндегі аттын танауынан буын бұрқыратып, ауылға кіріп келеді. Қарекке «Қантарды жырлаймын» деп ат қойған картинаның етегін ала төрт жол өлең жазыпты:

*«Жұлдыздарда сырлар бардай тұңғиық,
Мынау әлем тұрғандай бір әнге ұйып.
Ауыл түні Ай астында мүлгиді,
Ақ көрпесін қымтай жауып бұйғығын».*

Келесі картиналардан көктем, жаз, күз айлары көрініс тапқан. Қарекке туған өлкесінің бар бояуына қаламұшын малып отырып салған ғажап дүниелер. Ол – бояудан бояу тудыратын шебердің нақ өзі. «Көлдария көктем» картинасында, мысалы, көк бояқтың сан алуан түсін қалай ашқан десеніңші. Көк, қою көк, қара көк, тұнжыр көк, шағи көк, сия көк, селдір көк, селеу көк, бөрте көк, көгілдір, көгілжім... осынша көк бояқ «Көлдария көктемнің» келбетінде тұнып-ақ тұр. «Мен мұнда көктің 47 түсін қолдандым, – дейді Қарекке, – асығыстау болды, асықпай тау-тасымды шарлап шықсам, тағы он шақтысын табар едім».

Тұщыбұлақтың тұрғындары өздері көп мән бермейтін ауылдың ұсақ-түйегі мен айнала табиғаттың кереметтігін Қарекенің суреттерінен көргенде сөз таппай дағдарып: «Пәлі, сынық соқаны қараңдар!», «Қисық көпірді қараңдар!», «Ұстахананы қараңдар!», «Өй, мынау өткен қыс қой?!», «Мынау биылғы көктем ғой, айнымайды, ей, айнымайды!» – деседі. Қарекенің бұдан өзге де суреттері бар. Бірақ ол суреттерді Қарекке ауылдастарына көрсетуден ұялады. Ұзынтұра Қарекке – ұялшақтау жігіт. Құрдастары қыз-қырқын турасында әнтек әңгімелер айтуға кіріскенде, әсіресе қатты ұялып, жасып қалатыны бар. Өйткені жасы отыздан өткіресе де отау құра алмай жүр. «Әй, Қарекке, қу тізеңді құшақтап қашанғы жатасың, қатын алсаңшы», – дейді құрдастары. «Бұйырғаны болар», – деп

сөзден қашады Қарекке. «Қарекке, қызды біз айналдырайық, сен тек алам деші». «Е-е, көнетін қыз болса, неге алмасқа?» «Давай, ендеше, әкел қолыңды, саған осы жұмадан қалдырмай қалыңдық тауып береміз».

Құрдастары Қарекені жасандырып көрші ауылдарға талай сапар шекті. Қайда бұралып өскен бойжеткен бар, қайда оң босағада отырыңқырап қалған әтей қыз бар – Қарекке құрдастарының жетелеуімен сонда барып, бәрімен жүздесті. Әйтсе де солардың бірімен де тіл табыса алмады. Тіл табыса алмайтын себебі: біріншіден, қызға қыры жоқ. Екіншіден, Қарекке – кітап тілінде сөйлейтін адам. Сөз арасында, «әлбетте», «о не дегеніңіз?», «бәлкі», «ғафу

Жаланаң арулар... Мүлде лыпасыз емес. Бірақ үлбіреген сусымалы жібек көйлекті төгілдіре киген әйел мүсіні құбыла толқып, көрген жанның ындынын құрта ынтықтырып бітеді. Қарекені қайсыбір картинасында сол аруды бұлықсытып бауырына басқан сал жігіттің сұлбасы байқалатын. Бұл – өзі. Сұлба кейде жырақтап кетіп, сұлға ынтызар жанның тілегін үнсіз білдіріп қана тұрған кейіпте аңғарылады. Тәкаппар сұлу ғашық жігітті көрмей, көрсе де елемей алысқа телміріп қалған. Суреттің артық-кем тұсын өшіріп, бояуын қандырып алған соң Қарекке күрсініп салады: «Жарығым, сәулем, жан жарым болшы мені!» О, Қарекке өзі салған

«ПЕРМЕДЕГІ»

етерсіз», «япыр-ау», «келіспеске не шара?», «абзал болған екен», «қадари-халімізше», «мархабат» деп қойып отырады. Онысы бір жұртқа инабатты адам болып көрінейін дегендіктен емес, әдеті солай: Қарекке – Қарекке болғалы солай сөйлейді. Бойжеткенмен оңаша қалғанда Қарекке кітап тіліне біржола көшеді.

– Қарындас, – дейді ол, – түн қатып, түс қашып жүрген бұ кім еді деп көңіліңізге алаң кірмесін. Біз бір бейбақ сынарын іздеген. – Мұндай сөзді өмір-ғұмырында естімеген ойға шолак, тілге молак, сезімге сараң қыз шоршып түспегенде қайтсін:

– Не дейсіз? Нені іздеген дейсіз?

Қарекке қара жаяулап көреді:

– Өмірлік серігін деймін, жұбын.

– А-а... Кім болып істейсіз?

– Қолдан келгеннің бәрін істейміз.

«Таңғы нәсіп – Тәңірден» деп, таңмен таласа тұрамыз да, күнделікті өмірдің күрмеуіне түсіп, күйбең тіршілікке кірісеміз.

– Ағай, сіз өзі біртүрлі сөйлейді екенсіз?

– Мен тегі осылай сөйлеймін, қалқам.

– «Қалқам», – дейсіз бе? – Қарындас бетін басып, күлкіге көмілген күйі екі иығы селкілеп тұра қашады. Сосын, Қарекені ертіп келген жылмаңтөс жігіттің құлағына жабысып отырып айтады: «Ана кісі қызық, шалдар сияқты сөйлейді екен. Өзі не, қияли ма, ақын ба, немене тегі?»

Жігіт-желен, қыз-қырқынды ортада «отты судан» ептеп ұрттап, қызыңқыраған Қарекенің ән салып жібергісі келетін. Соны білетін әрі әлгіндей кездесуден тұра қашқан қарындасқа құрдасының тағы бір қырын аша кетуге бекінген қу жігіт: «Қайыркелді, «әу» деші, «әу» дейтінің бар еді ғой?» – деп жата-жабысады. «Отты судың» қызуы бойына шапқан Қарекке ондайда тартынбайды. «Қыз емееее» деп қылғынып қоя береді.

*«Қыз емес, қыздың аты – қызыл қыршын,
Менімен әзілдескен түрің құрсын.
Үдеңнен күндіз берген түнде тайып,
Қойдың ғой сипалатың, ойбай-ай,
жүктің бұрышын-ай-ай».*

Ой-гөк, иги-ай-иги-ай, иги-ай-ай».

Ауылға қайтар жолда құрдасы: «Құдай тілеуінді бергір, Қарекке-ай, «қыз қайдалап» қызды ауылға барғанда, «Қыз емееес» деп қатырдың-ау! Осы сенің «Қызыл асықтан» басқа әнін жоқ па? Аузымыз аппақ болып құр қайттық қой!» – дейтін қарқ-қарқ күліп.

Жо-оқ, Қарекке құр қайтпайды, бірер ауыз тілдескен қарындастың бейнесін көкейіне қондырып, көңіліне біржола көшіріп қайтады. Үйіне келген бетте ол көрі шешесін оятып алмайын деп, аяғының ұшымен еппен басып өз бөлмесіне өтеді де, ақ паракты сыбдырсыз жайып, әлгінде жүздескен бойжеткеннің суретін салуға кіріседі. Суретшінің құрдастарына көрсетуге қымсынатын картинасы – көрші ауылдарға жігітшілік жасап оралған сапарлардан соң салынатын.

арулардың бейнесін құшып, Тәңірге қанша жалбарынды екен... «Келші, – дейді ол, – жансыз сурет болып қалмай, ыстық деміңмен тәнімді өртеп, дүниені нұрға толтырып, ғайыптан жетші маған, аяулым. Шықшы ана ақ қағаздың бетінен. Шырайлым-ау, шыға келіп, шырағымды жандыршы менің!» Қатыгез сұлу тіл қатпайды. Сосын Қарекке жүрегі атқактай соғып, қалтыраған қолдарын суреттегі арудың ал көкірегіне, алма мойнына, сүйіс тілеген етті ерніне, тоят аңсаған тоты кеудесіне, қиылған қыпша беліне, ыңғайы ытырылып кетуді аңғартып, діріл сездіретін балғын балтырына апарып, көзін жұма ләззатты күй кешетін.

Бімырт үйіріліп, сам жамыраған бір кеште ол теледидардан шымқай қара көйлекке малынған қызды көріп отырды. Атысып-шабысып ала топалаң болған Сүрия деген елде жүр. Қазақ қызы. Қазақ қызы жәудір көзінен жас боталап тәлкекке ұшыраған тағдырын баян еткен. Ұққаны: бойжеткен әлдебір құрбысының жетелеуімен діни жат ағымның жамағатына айналып, ата-анасынан, туған-туысынан безіп кетіпті. Жоғары оқу орынын мектеп оқушыларына ағылшын тілінен сабақ беретін маман ретінде тәмамдап, дипломаға қол жеткізген күні құрбысы оны бейтаныс ортаның жігіттерімен таныстырған. Таныстық сол ортадағы аса беделді азаматпен арадағы сырластыққа, жақындыққа, жақындық махаббатқа жалғасып, аз уақыттың ішінде бір-бірін құлай сүйген қыз-жігіттің отау құруына ұласады. «Біздің қауымның дәстүр-салты өзгеше, біз Аллахтың ақ жолынан адасқан жахилдер сияқты беташар жасап, ас та төк той қылмаймыз, екі жақтың құда-құдандалығы есепке мүлде жүрмейді. Некемізге Саудиядағы шейх-Омар ризальығын білдірді. Енді, сен менің некелі жарымсың», – дейді сүйгені. Соны айтады да, жалғыз түнде әйелдікке көндіріп, құмардан шыққан соң: «Менің шетелде жұмысым бар, біраз уақыт алыста бола тұрамын», – деп табанын жұлтыратады. Бұл шамада жамағаттың мүшелігіне толық қабылданған қыз өткен өмірін тәрк етіп, бәріне қолын бір-ақ сілтеген көрінеді. Сондай күндердің бірінде ұялы телефонына сұмдық қорқынышты бейнехат келеді. Бейнехатта күйеуі: «Ахилар қолына мол ақша ұстатады, ақшаны ал да Түркияға тез жет. Мен бір пәлеге ұшырадым», – деп зар қанады. Бұл Түркияға, бейнехатта мензелген мекенге алып-ұшып жетеді. Жетсе, қарсы алғандар: «Күйеуің Сүрияда, оны сол елден табасың», – дегенді айтып, бар ақшасын сыпырып алады да, жолға салады. Ал Сүрияда ұлы сүргін, қан-қасап майдан. Некелескен жарының қайда екенін білмейді, байқус қыз қазір... ары қарай тұтқындағы сорлы сөзден қалып, солқылдап жылай берген. Кешке мал қоралап келіп, теледидардың алдына тізе бүккен Қарекке қара көйлекті қызды көрген бетте қатты да қалды. «Неткен көз, Құдай-ау, не деген көз мынау?» – дейді күбірлеп. Суретшінің қыздың тәлкекке түскен

тағдырынан бұрын, мөлтілдеп аққан көз жасы, мөлт кара көзі толғандырып, естен тандырған. Шымқай кара көйлек, бет-ауызы тұтас тұмшаланған. Тек, көзі, жас жуған нәркес жанары ғана ашық. Қареке карандашын сертке ұстап, ақ қағаздың бетіне төнген. Әдетінше шымқай кара көйлектен қас сұлуды суырып алмақ еді, келіспеді. Қыз бейнесі қысылып, кара кенептен шықпай қойды. «Шығарамын, — деп ышқынды суретші, — қалқатай, қасарыса берме, шығасың. Шығасың да менің анау «кәнизактарымның» қатарына қосыласың».

Алдымен, қарашығы мойыл кара, кіріпкітеріне кіреукеленіп мұң тұнған

тырды. «Арда туған азамат-ай, Құдай қор қылайын десе, қор қыла салады екен ғой, — деді олар. — Енді қайтпек керек?». «Енді қайтпек керектен» кейін көпшілік кеңес құрып: «Қарекені емдеткен жөн. Емдетпесе болмайды. Бұл жазған мына түрімен жындыны тынар», — десті.

Көп ұзамай «Қареке жындыныпты, — деген сұмдық сөз тарады, — үйінің ішін қап-кара көйлек киген әйелдің, қап-кара құбыжықтардың қорқынышты суретіне толтырып тастапты. Астапыралла, көрсен, жаныңнан түңілесің».

Бұл сөз ептеп шындыққа саятын еді. Өйткені шымқай кара көйлекке малынып, мойыл кара көзін жас жуған зипа бойлы,

нейге жөнеген. Содан екі күн өткеннен кейін бесін ауа Тұщыбұлаққа селкілдеп бақсы келді. Бақсымен бірге:

«Ойпыр-ой, бақсыны әрең таптық. Шынжылының арнасын бір күн, бір түн әрі қуалап, бері қуалап кездестіре алмаған соң, қайтамыз ба, енді қайтеміз деп тұрғанымызда, сізге — өтірік, бізге — шын, көлемі шаңырақтай кара тасты жұтып жатқан иірімнен бақсымыздың ақырып шыға келгені. Құдая тоба, сонда да бойына тамшы су жұқпапты...»

«Бақсының сөзін адам ұғып бола ма, жол бойы: «Дарияның түбін кештім. Су перісі Үмменің салтанатын көріп, сайран салдым» деген түсініксіз бірденелерді әңгіме қылды. Біз Қарекені айтып едік, «Оттамай жайларына отырындар, өзін де білемін», — деді».

— «Қарекенің ертелі-кеш көздің суретін сала беретінін білдіріп, соның жөнін сұрамақ болғанымызда, басын машинаның терезесінен шығарып алып, қарғаша қарқылдап, дал ұрды да қалды. Бақсы қарқылға басқанда бір қарға пайда бола кеткен, сол қарға бізге ілескеннен ілесіп, осында бірге ұшып жетті...» деп басталатын килы-қилы сөздер бірге ере келді.

— Жә, бақсы не дейді?

— «Менсіз кара қойды қандаңдар», — дейді.

— Менсіз кара қой табыла қояр ма екен? Жігіттер қылжаққа көшті:

— Табылмаса, Қареке бар ғой, қап-кара қылып бояп бере салады. Мұндай қалжыңды үлкендер жағы жаратпай, қабақ шытқан:

— Біреудің жаны киналып, жынмен арпалысып жатқанда, бұ не қылжақ? Көрші ауылдан болса да іздеп табындар.

Менсіз кара қой басқа емес, Қарекенің өз қорасынан табылды. Мұны жұрт жақсы ырымға балап қуанысқан. Бақсы кара қойды бауыздатты. Сосын қанылтыр шөмішті отқа тосып қыздырды. Шөміштің ішіне кара қойдың іш майын ерітіп құйды да, үстіне көк шүберек тастады. Сөйтіп, Қареке отырған бөлмеге еніп кеткен. Жұрт аяқ тартып, сыртта іркілді. Арада сүт пісірімдей уақыт өткенде бақсы түгінге қақалып-шашалып атып шықты. «Қара қойдың бауырын әкеліндер. Бауырман қағып емдеймін». Бақсы бауырды ұстап Қарекенің бөлмесіне қайта кірді де дүбірді салды кеп, салды кеп. Бақсының ойының тұмшаланған терезенің жырттық санлауынан, сыртқы есіктің көздей ойығынан көріп қалғандар кейін: «Ойбай, сұмдық болды», — деп айтып жүретін.

«Ойбай, атаманыз, сұмдық болды. Кара бауырды қолына алып, Қарекенің бөлмесіне кіріп барған бақсы алып кара бураға айналып, аузынан жын атып, шабынды. Сол кезде Қареке ысқырыған кара айдаһар бола қалды. Бақсы кара найза болып атылғанда, Қареке кара қалқан болып тосты. Бақсы кара мысық болып дұға оқығанда, Қареке кара жылан болып мысықты арбады. Бақсы кара дойыр камшы болып сабағанда, Қареке кара сойыл болып қағынды. Кенет, бақсы шымқай кара көйлек киген қыз болып бұлғақтағанда, Қареке оған қолын созып құлап түсті. Бірақ бақсы кара қарғаға айналып ұшып кетті, Қарекеге емі жүрмеді».

Жер басып келіп, көкке ұшып кеткен бақсыдан соң Тұщыбұлақ ауылына ғұлама молда ат басын тіреген. «Құранның сөзін жатқа судырататын қаридың өзі екен, Қарекенің бойындағы дерттің бетін бір қайтарса, осы қайтаратын шығар», — десті суретшінің ауылындағы алаң көңіл жұрт. Молда қабындап қалың өскен сақалын кіндік тұсына дейін құлатқан мосқал кісі көрінгенімен, қысқа балағының етегін дөң қақтырып, аяғын ширақ басатын, жас шамасы қырықтан жаңа асқан жігіт ағасы болып шықты. Өзі шәмкөстеу жан екен. «Қарекенің ата-бабасының рухына арнап құран оқып жіберсеніз...» деген ұсынысқа шарт кетті: «Мен мұнда ауру аруаққа емес, дертті адамға дем салайын деп келдім». «Е-е, тақсыреке, сіз білесіз ғой, білгеніңізді білдіре беріңіз», — деді Қарекенің басындағы халден шошынып, қосұрейленген ел.

Молда бөлмесінде менірейіп, ақ қағазды алдына өңгерген Қарекені жетелеп алып шықты. Байқұс Қареке... өңнен — өң, түстен — түс жоқ. Шашы сөлбірейген иығын жауып, сақал-мұрты алқымын қауыпты. Көзі шүңірейіп, жақ ұрты солып, ішіне кіріп кеткен. Тырнақтары сояудай. Былай да артық еттен ада, сыйдиган бойы сырықтай боп созыла түсіпті. Молда:

— Басың қысып ауыра ма? — деп сұрады. Қареке басын шайқады. Молда:

— Ауырады екен, — деді Қарекенің бас шайқасына қарап. Сосын сұлу мақаммен сүре оқыды. Қареке айнала алқа-котан жұртқа қарап күлген. Молда берік байлам жасады:

— Көрдіндер ме, күліп отыр. Ішіне жын кіріп кеткен мұның. Оқимын, үш күн, үш түн оқимын.

Молда үзбей үш күн, үш түн оқыды. Үш түн, үш күн Тұщыбұлақ ауылының тұрғындары Құран бетін аударып, сурелер мен аяттарды әндете оқыған молданың әуезді үніне елітіп, егіле тындады. Ал бұл кезде Қареке жан шыдатпай шабатын шабыт тұлпарына мықтап мінген еді. Ол үш күннің ішінде ғажайып үлкен көздің аясына шөгіп келе жатқан Аспанның бейнесін жасады. Масқара! Көз Аспанды арбап алыпты...

— Айыпқа бұйыра көрме, жамағат, — деді үш күннен соң молда, — менің шамамның жеткені осы болды. — Молданың алғашқыдағы арыны басылып, мүлде жуасып қалыпты. — Ішін жайлап алған жын күшті екен, — дегенді қосты ол сөзінің аяғына момын, жуас қалпын сақтап. — Бірақ кара пәленің бетін ептеп қайтарған сияқтымын. Үміт, қайыр бар. Дертті пенде нихап киген әйел затына ынтық. Ин ша Алла, сондай бір тақуа әйел затымен бас құрап, некесін қидырса, Аллақтың қалауымен тура жолға түссе, толайым қаріп-қасіретінен арылып, қатарға қосылып кетер еді. Сондықтан Қарекені біздің қолға беріндер. Ол жігіттің орны — біздің қауымда.

— Молдеке, — десті жақының жан баласына кимайтын Тұщыбұлақтың бауыр-мал тұрғындары өтініп, — пейіл-ниетіңізге мың да бір рақмет! Қайтесіз, Қареке қасымызда қала берсін.

— Мейілдеріңіз, — деді молда да Қарекенен құтылған өз басының қарекетін құптап. Молда аттанып кеткен соң Қарекенің құрдастары кеңес қылған-ды.

— Әлгі адам, — деді суретшіні сүйреп, қызды ауылдарды қыдырыстайтын қу жігіттің бірі, — дұрыс ақыл айтты. Бү немені қайтек те аяқтандырып тынайық. «Не қап киген?» — деп еді молдекеміз? Қандай қап кесе де бұған қатын керек.

— «Не қап» емес, «нихап», — деп түзетті оны біреуі. Құрдастары сол күннен бастап Қарекеге нихап қиетін қыз іздеп, ауылдан ауыл қоймай шарлады. Қырсық қылғанда, ондай қыз қырдан табылмай, табандап іздегендер салып-ұрып қала барған. Қалада «қара жамылып», қараға малыңғандар көп-ақ екен, бірақ әншейінде ұрғашы атаулының тілін тауып, іші-бауырына кіріп кететін Қарекенің құрдастары ортасы оқшау, тұрмыс-салты бөлек жандармен жақындаса алмай қор болды. Бірер ауыз тілге келгендері: «Жігітіңіз тура жолда ма?» деп, Тұщыбұлақтың азаматтарын тұсап, шарасыз халге түсіретін сұрақ қоятын. Содан талабы қайтып, тауы шағылуға таяған жігіттер біреуден біреу сұрастырып, панасыз бір қызға ұшырасқан. Бойжеткен — әке-шешеден тұлдыр, жетім өскен бейбақ екен. Барар жері, басар тауы жоқ, жарты кем күннің алданышымен уақыт өткеріп, өлімшінің күнін кешіп жүрген байқұс қыз, задында, зердесіз болмаса керек, аңқылдаған ауыл жігіттерінің Қареке тұрасындағы сөзіне қанып, сырына әбден бойлады. Жігіттердің «алақанымызда ұстаймыз» деген уәдесіне де иланды, нихап киюге де келісті. Осылайша, істің мәнісін оңдап алған Қарекенің құрдастары өздерінен бұрын ауылға алып-ұшқан қуанышты хабар жіберген еді.

(Жалғасы 20-бетте)

ПИГМАЛИОН

(әңгіме)



көздің бейнесін келтірген. Енді осы көзге әйелдің бет пішінін әлпеттеуі керек. Ат жақты, ашаң жүзді болатын шығар. Иә, солай...бірақ, иегін тым сүйірлеп жібергенге ұқсайды. Бұндай ұсқын сұлуды сұп-суық, сезімге селт етпейтін, жылусыз жан етіп көрсетеді. Әлде, шырайын шыр айналдырып, дөңгелете сомдағаны жөн бе? Мүлде қате. Дөңгелек жүз бүйрек беттеніп, әдемі көзбен үйлеспей, дымын құртты. Азап кешіп, қасырет шеккен әйел келбетін әдіптеп байқаса қайтеді? Бет сүйегі шығыңқы, жағы солғын, қуқыл тартқан ренінде мәңгі арылмас қайғының табы қалған. Бұндай әйел кім-кімнің де жүрегінде аяныш тудырып, қапаландырар еді, бірақ соншалықты сұлу көздер «мені мүсіркеме, менімен бірге қайғырма, қайғының кара тереңіне бойлама, мені ұқ, маған үміт сыйла» деп үздігетін секілді. Кара көздерді кара шілтер, кара көйлекпен тұтастырып, кара бояқтар паллитрасынан тосын шешім іздеген, тағы да болмады. Кара көйлек, кара шілтер кара көзден аққан жасты жұтып алып, меніреу халде мелшііп тұра берді. «Уа, көз! — деді сонда Қареке ах ұрып, — Сені қайтесем екен?» Осы түннен бастап ол: «Жәудір көз», «нәркес көз», «сұқсыр көз», «әзәзіл көз» деп, түсініксіз күбірлеп жүретін әдет тапқан. Кәрі шешенің күтімі, күнде оралып тұрмасаң, кетеуі кетіп, кежегесі кері тартып шыға келетін кара шаруаның қамы жайына қалды. Кейде Қарекенің қорасынан малы да өрмей маңырап, мәңіреп тұратын болған. От уақытында жағылмайды, отын жарылып, су әкелінбейді. Отын мен суға кирелендей басып кәрі шеше кетіп бара жатады. Кәрі шеше сонда көршілеріне мұң шағатын: «Қарашығыма көз тиген-ау, білем. «Көз», «көз» деп түн баласы аласұрады. Күндіз де мелшііп «көз», «көз» дейді де отырады. Көзіккен-ау құлыным...»

Қарекенің басындағы хал Тұщыбұлақтың ақжарқын, мейірімді, бауырмал жұртының қабырғасын қайыс-

бейтаныс жан теледидардан көрінгелі бері Қареке бірыңғай кара бояққа ғана кистісінің ұшын былғап отырып сурет сала беретін болған.

Кара түн: кара түннің түнегінен үрейлі көз шығып келеді; кара тау: кара таудың басында аспанға қарап, мінәжат оқыған көз жатыр; кара орман: кара орманның алабын қап-кара көздің көленкесі жапқан; кара бұлт: кара бұлттың бауырынан кара көздің жасы саулайды; кара айна: кара айнаға қадалған кара көз; тағы да кара түн: кара түнде тұнжырап аққан кара су, кара судын тобықтай толқындары тегіс көзге айналған; кара тас: кара тасты қақ жарып шыққан кара көз; әйел көзді кара арғымақ; әйел көзінің сиқыры сіңген көз жапырақ қайындар; кара қазанның шытынаған бүйірінде шашылған көздің қарашығы... бірі қабырғаға ілініп, бірі терезенің, бірі есіктің жақтауынан орын сайлапты. Ыбырсып, шашылып, еденде жатқаны қаншама. Төрт-бес көз төбеден төніп тұр. Қайсыбірі Қарекенің бөлмесін тастап, ауыз үйге барып қалған. Көз, көз, көздер... көздердің көптігінен аяқ алып жүру мүмкін емес. Ал еркін адымдап, төрге озуға ұмтылғандар табан астында төгілген көздерді езіп-жаншып жүре беруден тартынып, шок басқандай шоршып-шоршып кетісті. Сосын жұрт шулап-шұрқырап абыз ақсақал, жасы тоғыз мүшелді қайырған қарт баба Ағымсалының алдына барған. Ағымсалы аппақ бешпетінің омырауын жапқан аппақ сақалын саумалап, үлкен, саналы көздерін жұмып отырды да: «Баяғының бақсылары жоқ қой қазір, баяғының бақсылары болса, Қарекені өздері-ақ іздеп келер еді. Бірақ осы дәуірім бақсылардың шалығы тиген Қаракеней бақсының бойында бірдене қалса керек, соны алдырыңдар», — деді. Қарт бабаның сөзін ести сала жүрдек көліктеріне мінген жігіттер Шынжылы өзенінің бойын жалғыз өзі мекен етіп, саяқ жүретін, жалаң басты жалқы жан Қареке-



**Зұфар
СЕЙІТЖАНҰЛЫ**

САҒЫНЫШ

О, сағыныш!
Шыдайын не сынайын,
Сағынышпен өте берсін күн-айым.
Мұңданайын, армандайын, аңсайын,
Сағынатын жүрек берген Құдайым.

Сағынышым — аппақ қардай сезімім,
Сағынышым — қарашығы көзімнің.
Көңілді тербететін шалқытып,
Сағынған сәт — толқындаған теңізбін.

Сағынышым — көңіл күйім тербеген,
Сағынышым — іңкәр шағым шөлдеген.
Сағынышқа сүйенемін әр кезде
Сағынбайтын күнім тіпті кемде-кем.

Сағынышым — көңілдің ақ жаңбыры,
Сағынышым — жан жылытар таң нұры.
Санасыздар сағынуды білмейді,
Сағыныштан тұрады адам тағдыры.

Сағынбасам, білем көңіл толмасын,
Сағыныш қой құрғататын көз жасын.
Кездесуді күтіп жүрем сағынып,
Сағынбай еш жүрген емен өз басым.

Өмір деген қас-қағым сәт бір демде,
Қысқа жіптей келмейді екен күрмеуге.
Нәзік көңіл қатқыл тартып барады,
Жақсылықтың ұясы еді бұл кеуде.

Адам деген армандамай жүрген бе,
Мәңгі болмақ қалай өмір сүргенде?
Оңай емес ақындықтың азабы,
Тағдырымның тар жолында сыр берме!

Кейде жортып кететіндей бәрі күн,
Қайда-қайда сезімім мен төзімім?!
Менің жаным сиқырлы әлем секілді,
Түсінеді сырын ұғып оны кім?

Ойланыңдар, ей, пенделер, ұғыңдар,
Жалғасатын алда талай ғұмыр бар.
Алаң болар бұл өмірде себеп көп,
Шындықты айт, сөздеріңде тұрыңдар!

ТАҒЫ ДА ОРАЛДЫҢ БА?

Алтын күннің нұр тамып кірпігінен,
Мейір-шуақ, жанарға іркіліп ең.
Бас көтеріп тіршілік талпынады,
Көгің жарған шиі ағаш бүртігінен.

Сықылықтап күледі бал бұлағы,
Желтінеді жағада тал-құрағы.
Асау өзен аптыға көбіктеніп,
Асып-тасып ұмтыла жарды ұрады.

Шөміш қақты қарт әже жоралғы ма,
Ақ айдынға құстарым қона алды ма?
Сұлулықты қолтықтап жайраң қағып,
Ару көктем, тағы да оралдың ба?!

ТОЛҚЫН

Толқын тұрды қалпын бұзып қайнаған,
Арсы-гүрсі үнге толды айналам.
Ашуланып бас көтерді батырдай,
Қылыштарын жарқылдатып қайраған.

Дүлей толқын кейде соғып жағаны,
Кейде бәсең сабыр сақтап шамалы.
Биіктен бұлт ашуына Ертістің,
Ерекше бір таңданыспен қарады.

Жұлынардай жағадағы тал-құрақ,
Ақ шаштары бұрқырайды жалбырап.

Көк толқындар жағалауға жеткенше,
Арпалысып сан тұрады, сан құлап.

Кейде толқын сақылдап кеп күледі,
Тік шапшыды, тулады ма жүрегі?
Көгала толқын ұмар-жұмар аптыққан,
Ертісте бір дауыл тұрған күн еді.

Базар еді балдәурен жасымдағы,
Сыр сандығым жабылған ашылмады.
Көптен бері көрмедім, Бәйгебұлақ,
Қуаныш-мұң айықпас басымдағы.

Көк белдерім, көлбеген асылым-ай,
Көк жайсаң боп жататын жасыл ұдай.
Көз алдымнан көлбеңдеп өтті жылдар,
Өрекіңді сағыныш тасып ұдай.

АҚҚУЛАРЫМ, АМАН БОЛ

Төгіледі қоңырау үн,
Күн сүйеді омырауын.
Ақмаржандай, аққуларым,
Жалғасады сағынар күн.

Жұптарыңда жарасым бар,
Алыс кетіп барасыңдар.
Аман өтіп жел өтінен,
Жайлы мекен табарсыңдар?

Кел еркесі жаңылмаңдар,
Оралады сағынғандар.
Ұя салған мекеніңді,
Туған жер деп қабылыңдар!

Қимай көңіл тыншымады,
Адасты ма бір сыңары?

Ақтаңдақты ашқанда жиып мұңын,
Білінетін асқақтап биіктігің.
Жан жүректің жарасын сөйлеткенде,
Зеңгір көктем қуана сүйіпті күн.

Төмендетпей кісілік адам атын,
Нұр шарапат халқына тарататын.
Қиын жолын ғылымның айтқан сәтте,
Дүйім жұртты ұйытып қарататын.

Дақ түспеген ізгілік ары басым,
Ойы — теңіз ғұлама, жаны — жасын.
Тура жолдан таймаған табанды жан,
Дауа сөзін ұстаздың сағынасын.

З.ҚАБДОЛОВТЫҢ РУХЫНА

Әуезовке шәкірт болған, ұнаған,
Ұшқыр қиял ғұлама еді бұл адам.
Қара сөз де, өлеңді де жазатын
Сұлу сөзден тұр асқақтап мұнараң.

Жарық болып нұрланатын айналаң,
Жадыраса жазғы күндей жайнаған.
Жаны жомарт, ақылды жан, кірбің жоқ,
Ойы терең, білімі мол қайда адам?

Биік еді бұлт аса алмас басынан,
Шалқар шабыт Ақжайықтай тасыған.
Даңғыл едің, дарын едің сезімтал,
Сөз — құдірет сезе білген жасынан.

Шәкірттерге өнеге едің, пір едің,
Даламыздай кең де нұрлы жүрегің.
Есілетін, шешілетін сөйлесе,
Терең тарттың шешендіктің түренін.

Зерделі ой қыран текті түлесің,
Бұлт қонақтап Алатауға түнесін.
Жүрегінде қадір тұтқан халқының,
Сақталады, ұмытылмайды бұл есім.

Т.КӨКІШҰЛЫНЫҢ РУХЫНА

Академик Кәкішев бетке айтады,
Бұл сөзіне кей адам өкпе айтады.
Жалғандыққа жасындай тиген сәтте,
Алаң болған көңілден кек қайтады.

Өткір сөзі шындыққа суарылған,
Айырады қыранды құладыннан.
Айтқан емес жасуырды жаба тоқып,
Адалдықтың су ішкен бұлағынан.

Талай елдің ақтарып мұрағатын,
Асқақ атын алаштың шығаратын.
Шыға қалса шетелге сапар шегіп,
Іздеп барып табады жұрағатын.

Ой толғайды өмірдің дерегінен,
Сыр тартады тарихтың тереңінен.
Мінгізді де Сәкенді ақбоз атқа
Әлдилетті тау ішін өлеңімен.

Күмілжіген күңкілге бағынбаған,
Арғымақтай көсіліп арындаған.
Ақиқаттың ақ туын алға ұстап,
Бар арманы халқының қамына алаң.

Өзгерсе де замана мың құбылып,
Қалған емес жалтарып сырды бүгіп.
Желбіреген көк Туды көргенінде,
Шыққан күндей жадырап тұрды күліп.

Р.БЕРДІБАЙДЫҢ РУХЫНА

Қорғамақ боп ана тілдің намысын,
Оқтын-оқтын естіліпті дауысын.
Туған жердің киесі ме көтерген,
Түркістанда бір құдірет бары шын.

Сахараның самалы еді тынысың,
Ұшқыр қалам — қолыңдағы қылышың.
Ел бақыты тілінде деп жар салып,
Бозторғайдай шырылдадың кім үшін?

Көкіректе әдеқалай бар ма мұң,
Биік еді танымың да талғамың.
Нысанаға алатынсың озбырды,
Ақиқатты айтпай қалу — арға мін.

Бодандыққа сын сағатын қадаған,
Ел тағдырын парызым деп санаған.
Ана тілім — арым деген ұланды,
Қажу білмес қара нарға балаған.

Жаршы болып ата қазақ ғұрпының,
Елім деумен бос өтпеді бір күнің.
Қамын ойлап қазақ деген халқыңның,
Жоғын жоқтап, сөзін айттың ұлтыңның.

Жайсаң жандар



Саған деген мендегі сезім бөлек,
Сарқылса да сабырым төзу керек.
Сағым сусып көк таулар көлбегенде,
Жұмақ мекен қаламын өзің бе деп,
Басылады сан сурет көзіме кеп.

АЙЛЫ ТҮН

Нұр жамылған ауыл қандай жап-жарық,
Ақ көйлегін киіп алған қамданып.
Көкті тіліп жұлдыз ақты төменге,
Аппақ түннің көкірегің қақ жарып.

Ай-ару да көп қарайды қызығып,
Жұлдыз-маржан жымымдайды тізіліп.
Көк жайлауды тербегенде тыныш түн,
Ақ нұр тамды ақбұлаққа үзіліп.

Қойнауына қонақтаған самалы,
Әсем екен аппақ түннің жамалы.
Түн түнегі сейілетін сәтте бір,
Қызыл күннің жарқ етеді жанары.

Қиялымды қанат етіп байқадым,
Сағынғанда өз әнімді айтамын.
Айлы түн ғой ақ сезімді тербейтін,
Түбі өзіңе бір нүкте боп қайтамын...

Өлең жазсам, жадырап жалындадым,
Өлең деген — арылмас жанымда мұң.
Ойларымды түсірем ақ қағазға,
Қалар дейсің мәңгілік тағында кім?!

Муза өлеңге кейде мен сүйенемін,
Ауырғанда емдейтін, кие-өлеңім.
Жан сырымды өзіңнен жасырмайын,
Тағдыр жазған маңдайға, сый-өлеңім.

Азат елмін, әлемге белгілімін,
Желбіреген көк Туы елдігімнің.
Менің жырым мәңгілік ел жадында,
Шуақ шашып тұрады енді күнім.

Аман болшы, ақ құстарым,
Қандай мұңды сыңсығаны.

Жасаурайды көзім неден,
Көңіл қошым өзіңменен.
Қимай қарап телміремін,
Қандай нәзік сезім деген?!

Ә.ШӘРІПОВТЫҢ РУХЫНА

Кес-кестеді өмірдің де сыны мың,
Аңы менен татып көрдің шырынын.
Батыл едің, батыр едің, қайтпайтын,
Өз кезінде бірі болдың ірінің.

Тек жақсылық күтетіңсіз тіріден,
Қудалады, зәбір көрдің бірінен...
Нағыз адам бола білдің сонда да,
Ақ қағазға ой толғадың түнімен.

Ажалмен де арпалыстың беттесіп,
Хас дұспанға қасарыстың кектесіп.
Қалың орман пана болып сақтады,
Қанат жайған көкжиекпен шектесіп.

Көрсетіңсіз ерліктің де үлгісін,
Қар төсеніп, мұз жастандың бұл бір сын.
Ғұмыр жолың аңыз болды бүгінге,
Басқа болса шыдар ма еді, кім білсін?

Көз алдымда бейнең тұрды кешегі,
Ел құрметі баласына осы еді.
Құлағыма сыбырайды әлдекім
Әди деген көрдің бе деп көшені.

С.ҚИРАБАЕВТЫҢ РУХЫНА

Ашып айттың өмірдің шығалаңын,
Танып-білдің адамның тың қадамын.
Сан соқпағын зерделеп бұл өмірдің,
Жасқа — қамқор, салқынға күн — қадамың.



Ертай БИМУХАНОВ,
Қазақстан Жазушылар
одағының мүшесі

Келемін осы жолда өзімді іздеп...

ЕЛГЕ ХАТ

Адам үшін таусылар ма жер шегі,
Өмірімнің қайда апармақ өлшемі?
Қаратөбем — қазыналы туған жер,
Жақсы көрсем, жақсы көрем мен сені!

Тірі адамға не істетпейді тіршілік,
Бәрі есіме түссе, жаймен күрсініп...
Жүрегімді бөлмесін деп Өзіңнен,
Бір Аллаға етем мәңгі құлшылық.

Бұл өмірдің кеші батып, таңы атып,
Қаратөбем талай топқа жаратып...
Сенен алған мейірімді мейлінше,
Бұл қалаға келем әлі таратып.

Қаратөбем — шаңырағы үлгі үйдің,
Құпиясын ашу қайда бұл сыйдың?!
Тышқантайдың «зәмзәм» суын ал-
дыртып,
Қанша жанның жүрегіне нұр құйдым.

Бұл қалада бағасы ма... құнымның,
Тыныштықта саған ғана бұрылдым.
Қаратөбем, тілегімді қабыл ал,
Тілеуімді тілеп жүрген бір ұлмын!

ӨМІР СҮРЕМІНІ

Бабамның рухы бар тамыздығымда,
Көнеден қалған аңыз бұрында...
Ешкімнің өміріне араласпай,
Өмір сүремін өзімнің жалғыздығымда!

Қайда екен десем, ырыс — құымда,
Өзіңді табу керек екен ғой,
дұрыстығында.
Ешкімнің ешқашан мазасын алмай,
Өмір сүремін өзімнің тыныштығымда!

Қасиетін ұғынсам деп дара қайыңның да,
Ақылына құлақ астым балақайымның да.
Бәрінен бас тартып, жаяулап қана,
Өмір сүремін өзімнің
қарапайымдылығымда!

ҚАРАТӨБЕМ – БИІКТІК

Сенен ешкім таба алмайды кінәрат,
Мәңгі орнаған бір басыңа сірә, бақ?!
Арда атыңды аспандатқан әлемге,
Сал Мұхиттың «Айнамақөзі»... бір ән-ақ!

Сағыныш деп аталатын хатты орап,
Борышымды сенім қалай ақтамақ?
Бұл да — маған бір Құдайдың тартуы,
Ақ тақырың — өлең жазар ақ парақ!

Тартуымды саған сыйлап, өлшеп тең,
Айқара ашып құшағыңды келсек кең...
«Менің ертең болашағым не болмақ?»
Қалдығайтым — айнамақ көрсеткен!

Адамдары аулақ реніш, өкпеден,
Қалай сені, Қаратөбем, жек көрем?

Алла берген сыйға деген құрметі,
«Тышқантайдың» бір
тамишысын төкпеген.

Таң қалмасқа амалы жоқ жан біткен,
Маған ыстық жазық далаң, әр нүктең.
Адам түгіл, қорасынан өреді,
Төрт түлігі таңмен ерте «тәртіппен».

Кең жазира сары далаңнан жыр кетпей,
Шаңыраққа әлі талай ел бітпей!
Қара өлеңмен қаптап қойдым ақырын,
Саған деген махаббатты кірлетпей

ОЛАР

Кейде сенің осынау ақылың да,
Көп қателік жіберіп ақырында...
Бір қаланың иесі боп шығады,
Маңғаз дала, бұйрат құм, тақырың да...

Қажет неге адамға бұның бәрі?..
Таңдай қағып келеміз бұл күнге әлі...
Бізге сабақ үйретіп, партада отыр,
«Түсініксіз әлемнің» тұрғындары.

Мүлдем бөлек санасы, түсінігі,
Қашан? Қалай ұғады кісі мұны?
Аласарып қалғанның ұтары жоқ,
Бізден биік шығар-ау, кісілігі.

Олар өмір сүреді бізден ғажап,
Біз секілді кетпейді іздеп азан.
Таңдауына талассыз жетеді олар,
Өйткені олар: сөзі де, өзі де азат!

ДАУЫС

Кім менің армандарымды үзбек?
Балалығым...
Жастығым...
Бәрі тізбек...
Саған да...
Оған да...
Барудан бас тарттым,
Жан тыныштығын ғана іздеп.

Не керек, әңгіме, сөз құрғақ?
Өкпелемесін десен, жалғанған жұрнақ.
Өзіммен-өзім бола тұрайын,
Ішкі даусымды ғана тыңдап.

Бітті. Болды осымен...
дұрыстыққа кетем,
Өзіңді-өзің ұғу — туыстық мекен.
Қандай құдірет бар
тыныштыққа тең?!

Адамдардың мені мақтағанын қаламаймын,
Өйткені өз әлемімді
Өзім ғана аралаймын!

Адамдардың даттағаны
да маған әсер етпейді,
Өйткені мықтап қаруланғам
Ешкімнің өсегі өтпейді.

Қадірін ұққам қара сөздің киесінің...
Ешкімде шаруам жоқ,
Қарапайым ғана тіршілік иесімін!

МЕНІҢ ЖҮРЕГІМДЕ ҚАЛАСЫЗ

Несіне көңілге аласыз?
Адамдар көп-ақ қой санасыз.
Сіз білесіз бе?
Биіктеп барасыз!
Биіктік пе?..
Менің жүрегімде қаласыз!



Онсыз да пендеміз шарасыз,
Күн кешкен сағыныш анасыз.
Бірақ та сіз
Бәрінен мықты дарасыз!
Сол себепті...
Менің жүрегімде қаласыз!

Ақтарсам, кітап па, дана — сіз?!
Ал кейде ақкөңіл «баласыз».
Уақыт емдейді,
Жан бар ма, жарасыз?
Сөзді қояйық!
Менің жүрегімде қаласыз!

ӘН

Осы әнді арнағам
Бұрын да, қазір де.
Жүрегің тыңдауға әзір ме?

Айтарсың ыңылдап көшеде,
Қосып та аларсың кесеңе.
Өзгеше сезім бар дәмінде,
Жалығып...
тыңдайсың әлі де.

Бұл әнмен гүлдейді қайта бақ,
Ішіңнен айта бер, қайталап!

Бұл әнді арнадым
Кеше де, бүгін де
Бал дәмі, уы ащы түбінде.

ІЗДЕУ

Жек көріп кеттім бәрін,
Жалғыздық шектім хәлің.
Тағдырым жұтады кеп,
«Тәп-тәтті» дерттің дәмін.

Сен маған, Құсым, мүлде,
Ештеңе түсіндірме!
Кім ұрлап әкетті екен,
Жүрегім ұшып жүр ме?

Тазартсам, толды... ішімді,
Барлығы болды. Сіңді.
Жоғалтқан мен бе жалғыз,
Іздеймін болмысымды?..

Өмірдің бізге мәні,
«Жақсы» деп сізде бәрі.
Келемін осы жолда,
Өзімді іздеп әлі...

БӘЛКІМ...

Бәлкім, мен бе?
Қалықтайды көкте құс.

Мынау ішкі дүниеде кептеліс.
Ақындық па...
Бітпейтін бұл неткен іс?
Еркелігім шектен тыс.

Неге мұнша?
Шамадан тыс желпіндік?
Бәлкім, бала кезде біздер кем күлдік?..
Мұншалықты кімге зиян келтірдік?
Еш уақытта тастай көрме,
Мені, ақындық еркіндік!

Қайда, қалай?
Неге бәрі жоғалды?
Бұл ғаламның бар ма, кімде обалы?
Бәлкім, бізді қабылдай да алмайды,
Шектеулердің беделі ме?
Құны сонша жоғары?

БІЗ

Өз қолыммен салған сурет...
Не деген керемет бояу?!
Жол бойы...
Мейрамханадан әуен естіліп тұрды баяу.
Қала көшесінде келеміз екеуміз ғана жаяу.

Аспан әлемі бөлек!
Жұлдыздар ғана бізге жол сап...
Менің жүрегім сенің жүрегіңнен де жұмсақ.
Қартаюға бола ма,
Кешегі жастық дәуренді аңсап?!

Осы менің...
Түн ортасында түйгенім енді.
«Асықпай жүре тұрайық!»
«Үйге ме, еді?..»
Асфальт жолдың қақ ортасында
Өзіңмен билегім келді!
Романтика бітпейді бізде!!!

ҚАЙТЕСІҢ?

Қайтесің?
Қара аспанды төндіріп,
Оданиша ақ қайыңдармен билемейсің бе?
Қаланың оттарын өз қолыңмен сөндіріп?..

Қайтесің?
Оралмас шақты сағынып,
Қалағаныңша аспан асты
сырласпайсың ба?
Мойныңа жұлдыздардан алқа тағынып.

Қайтесің?
Ғажап өмірден жерініп,
Қаланың тыныштығы да болады,
тыңдап көрші,
Романтикаға беріліп!

Сендім саған!

АДАМДАР...

Адамдар құмырсқа тәрізді,
Еңбекке құштарлық жаны ізгі.
Тірнектен, тырбанып жүрміз-ау,
Одан да көп нәрсе маңызды...

Адамдар ұшқан құс секілді,
Самал жел аймалап бетінді...
Ұшасың, қонасың қайтадан,
Бұл өмір — аспан-ой не түрлі...

Адамдар көше ғой тізілген,
Жалғаған бір-бірін үзілген.
Мәңгілік есімі жазылған,
Мәңгілік сызылған тізімнен...

Адамдар кітап қой қатталған,
Сырларын парақтап ақтарған.
Шашылып, сарғайып қалады,
Оқиды болашақ хаттардан...



Белгілі жазушы, сыншы, журналист Жадыра Шамұратованың шығармашылығы көпке етене таныс. Ойлы да образға бай туындыларымен қатар, әдебиеттің әр саласындағы зерттеу мақалаларымен оқырман пайымын байытып жүрген жазушының жуырда жаңа жинағы басылып шыққан болатын. Құтты болсын айта отырып, біршама сауалымызды жолдадық.

«Басқа дүниетанымның қалыптасуы мүмкін»

— Әлем әдебиеті мен қазақ әдебиетін қатар оқысыз. Сіздіңше, әр елдің әдебиеті несімен ерекшеленеді? Қазақ әдебиетіне қандай сипат берер едіңіз?

— Сіздің сұрағыңызға толымды жауап беру үшін оқығаның да, салыстырарын да көп болуы керек, мен, керісінше, ештеңені тиянақтап оқып үлгермей жатырмын. Ал оқу керек еді деген дүние қай-қайсымызда да жетерлік. Біздің үлкен мәселеміз — өте аз оқимыз. Біз егер

таға ұнау секілді прагматикалық ойлар экспериментке жібермейді, яғни біздің әдебиетте сақтық басым, тәуекелге барғанда ешкім қолдамайды деген ішкі түйсік бар.

Ал енді, аударма мен халықаралық айналым туралы айтпаса да түсінікті. Әлбетте туынды халықаралық деңгейде оқылып, талқыланбаса, оның жаңашыл деңгейін бағалау қиын.

— Өзіңіз қай ұлттың әдебиетін көбірек жақсы көресіз?

— Өзіме ең қатты ұнайтыны — жапон әдебиеті, өкініштісі, тіл білмеймін, тек орысшасын ғана оқимын. Арасында оларға риза болатыным бар, уағында орыстар біраз аударылған, сол замандағы көркемдік кеңестер өте жақсы жұмыс істеген, себебі аудармашылар тек тіл емес, эстетиканы жеткізуге тырысты. Қазір де жақсы аудармалар бар, алайда жапон тіліндегі қысқа форма, үнсіздік, ишара толық берілмей қалатын кездер болады. Соның өзінде жапон әдебиетінің рухы бәрібір сезіледі. Қасында жай ғана отырып, бірге үнсіз шай ішкендей әсер қалдыратын шығармалардың басты

Жадыра ШАМУРАТОВА, прозаик:

БІЗДІҢ ӘДЕБИЕТТЕ

Шын жазушылық — жанкештілік

— Жуырда жана кітабыңыздың жарық көргені құтты болсын! Жинағыңызды «Қисық дүние» әңгіменіздің атымен атаған екенсіз. Неліктен бұл атты таңдадыңыз?

— Рақмет! Сол әңгіменің сипаты мен мазмұны кітаптағы дүниелерді біріктіріп тұр деуге болады, яғни қоғамның да, өзімнің де «қисаюым» бар.

— Осы туындыңызды өз басыңыздан өткерген ахуал мен қоғамды шендестіре отырып жазыпсыз. Автор үшін өз болмысын образдау мен өзге кейіпкерлерді бейнелеуде күрделілік жағынан айырмашылық бола ма?

— Әрине, айырмашылық бар. Өз басыңнан өткенді суреттеу — белгілі бір шындықтың жүгін арқалау. Онда эстетикалық бояуды да шектеп жағасың. Ал өзге кейіпкерлерді образдағанда еркіндік көбірек: қиялмен толықтырып, дамытып, кейде өзін таныған адамдардың бірнеше мінезін бір бейнеге тоғыстырып жібере аласың. Бірақ екі жағдайда да басты талап — шындықтан алыстамау.

— Сөз өнеріне деген ықыласыңыз қай кезден басталды? Алғаш шығармашылық қалам тербеген сәтіңіз есіңізде ме?

— Бала кезде ме, әлде жасөспірім шақта ма... кітап оқыған сайын бір күні өзім де бір оқығаны бастан-аяқ баяндап көргім келетін...

— Бұған дейін туындыларыңызды сүйіп оқитын оқырмандарыңыздың қатары қалың болса да, өзіңізді «жазушы» емес, «журналист» деп көрсетуді жөн көретін едіңіз. Бұл — жауапкершілік пе, әлде өзіңізге деген талаптың жоғарылығын көрсете ме?

— Негізінде, шын жазушылық — жанкештілік. Мысалы, қаншама роман, пьеса жазған, сонымен бірге Франция мемлекетінің дамуы үшін қажырын аямаған, сөйтіп қайраткерге айналған Гюго да — жазушы, кешегі алакөбең шақта ұлтына ағартушылық қызмет еткен, қаншама оқулық жазып,

аударма жасап, «Ақбілек», «Күнкейдің жазығы» сияқты шығамалар жазып үлгеріп кеткен Жүсіпбектер де — жазушы, және кеше бастаған менің де жазушы аталатыным ыңғайсыз көрінетіні бар. Осыдан да «Жазушы» деген сөздің салмағы ауыр. Әдебиетте қалам ұстағандар өзін-өзі асыра бағаламау керек, бағаны оқырман мен уақыт береді. Менің ұғымымда жазушы, жазушылық — тек көп жазатын емес, дүниеге бөлек көзқарасы, парасат-пайымы бар адам. Ал енді, журналист екенім рас, оның ішінде әдеби журналистпен деп айта аламын.

— «Шығармашылық барысында, журналистика мен жазушылықтың аражігін ажырата алмай жататындар бар» деседі. Прозаға жазуға ниеттенген автор публицистикаға ұрынып қалмау үшін қайткені жөн?

— Журналистік — факт пен дәлдік, ал жазушылық — айнала дүниеге қатысты шындықты көркем тілмен қайта жарату. Осылай журналистика — мәселені айтады, әдебиет — адамды ашады ғой.

— Сіздің әр туындыңыз көркемдікке тұнып тұрады. Жазушылық машығыңыз да оқырманға қызық болары анық. Жазудағы басты қағидаларыңыз қандай? Нағыз жазушы болып қалыптасқысы келетін жандар өзін қалай «тәрбиелеу» қажет деп ойлайсыз?

— Бұндай күрделі сұраққа ешуақытта ойланып көрмеппін. Жаза бастағаным көп болған жоқ, сол аз дүниеде — адам психологиясын қабілетім жеткенше дәл беруге тырысамын. Өйткені шығармада жасандылық болса, оны оқырман ретінде бірден байқаймын, сондықтан өзіме де барынша мұқият қарағым келеді. Кейіпкердің сөйлемеген сөзін аузына тықпаламаймын.

— Кейіпкерлер мен шығармаларыңыздың желісін қалай екшейсіз?

— Адамды сыртынан бақылайтын әдет бала кезден бар. Біреудің бір ауыз сөзі, бір қылығына дейін ойыма сақтап жүремін. Сол кішкентай детальдар кейін әңгіменің бөлігіне айналып кетеді.

көбірек оқымасак, халықаралық контекстпен салыстыра алмайтынымызды түсінуіміз керек, яғни қазақ оқырманы әлем әдебиетін аз оқыса, жаңа бағыттың қайдан шыққанын түсінбейді. Сондықтан жаңашыл нәрсе байқалмай қалуы мүмкін. Аударма аз, барының өзі көбіне жоғары сапаға жауап бере алмай жатқандықтан, бізде мықты шығарманың өзі әлемдік салыстыру аясында бағаланбайды.

Өз басым осы күні қайта оралып жүргендерім студент кезде кітапханадан тасып оқығандарым екен. К ейін Фариза апаидың «Тұмар» журналында төрт жыл жұмыс істеген кезде оқуға мүмкіндік болды (ол кезде академиялық кітапхананың ішінде отырдық). Осы там-түм оқығанымнан байқағаным, әр ұлттың әдебиеті оның мінез, болмысын да айғақтайтын сияқты. Жапон әдебиеті бірқалыпты, тұйықтау адамның ішкі даусына келеді, орыс әдебиетінде трагедиялық реңктегі қабаттар мол, латын американыкінен асқақтық, еркіндіктің самалы есетін сияқты ма... ал қазақ әдебиеті метафораға бай. Бірақ дәл қазіргі уақытта даму үрдісінде баяулап тұрғанымыз рас. Біздің бүгінгі жағдайымызды сырттан қарап көрсен, сыртқы критерий жоқ, өз қазанымызда ғана қайнап жатқан секілдіміз. Бұл да тоқырауға алып келеді. Шын мәніндегі катал, сауатты әдеби сын жоқ. Ішінара бар десеніз де, ол жазушыға жаңа жол ашатын, жаңа тәсілге итермелейтін күшке айналған жоқ. Дұрыс сын болмаған жерде эксперимент пен жаңашылдық та әлсірейді. Өзінің баяғы соқпағына бой үйретіп алған жазушы көбіне қалыпты жолмен жүреді, себебі тәуекелге барғанда өзін ешкім түсінбеуі мүмкін деп ойлайды. Оған біздің оқырмандар да үйренген, кейде жазушы жаңа бағыттағы шығарма жазып ұсынып жатса да, «шіркін, баяғы Сайындар-ай» деуінен танбайды. Міне, осыдан келіп жазушыларда «қауіпсіз жазу» әдеті қалыптасқан ба дейсің, бұл — «кәсіби қауіпсіздік». Әрі-беріден соң, өзіне үйренген оқырманды жоғалтып алмау, баспадан шығу мүмкіндігі, белгілі ор-

күші — сюжетте емес, беретін күйде. Кейде оқиға аз, қозғалыс баяу болуы мүмкін, бірақ ішкі діріл күшті беріледі. Мысалы, бір кейіпкер бір бөлмеде отырып, терезеден жаңбырды қарап отырады, сол сәтте оның бүкіл өмірі көз алдыңнан өткендей болады. Бұл тәсіл жапон эстетикасында «моно но аварэ» деп аталады, яғни өтпеліліктің сұлулығын сезіну. Қуаныш та, қайғы да ұзақ тұрмайды, сондықтан оларды байқап үлгеру керек деген философия ғой. Көбіне бос кеңістікті сөйлететіні үшін де жақсы көрем. Батыс әдебиетінде жалғыз адам көбіне өзін біреудің құтқаруын қажетсінеді, ал жапон әңгімелерінде жалғыздық өмірдің табиғи формасы сияқты, сондықтан ауырлық бермейді, ойлы, кейде тіпті жұбататын да сияқты. Осы жағынан ол қазіргі замандағы шаршаңқы адамдарға өте жақын ба дейм. Байқасаңыз, жапон әдебиетінде кейіпкерден гөрі сәт пен күй маңыздырақ. Кейде оқып отырып, «нақты не болды» деп сұрасан, жауап табу қиын болуы мүмкін. Бірақ «қандай күйде қалдың» деп сұраса, дәл жауап бере аласың. Менің өз кітапханамда жапон прозасы біраз баршылық және бір нәрсе, жапон әдебиеті күнделікті қарбалас тіршіліктің ішінде жүріп те даусынды бәсеңдетуге, тыныштықты бағалауға үйрететін сияқты.

— Қазақ әдебиетінде қандай идеядағы, қандай бағыттағы туындылар көбейгенін қалайсыз?

— Байқасаңыз, соңғы жылдары үлкен ауқымдағы байқауларда аты шығып жатқан шығармаларды дамыған мемлекеттердің жазушылары жазып жатыр. Осы неге экономикасы дамыған елдің әдебиеті де мықты немесе керісінше, әдебиеті мықты елдің экономикасы жоғары? Бұнда қандай қисын бар? Әлде бұл жай ғана сәйкестік пе? Бұл жерде «бізде ештеңе жоқ» дегелі отырғанымыз жоқ. Бірақ біздің көп оқырман үшін үздік үлгілер болып сол өткен ғасырдың алпысыншы, жетпісінші жылдары жазылған шығармалар есептеледі. «Нелерің бар?» десе, біз осы классикалық әліппені ұсынамыз, көрсе-

теміз. Оқырман ретінде Жүсіпбекті, Бейімбетті, Әуезовтің әңгімелерін, Әбіш, Төлен, Асқар, Сайын, Оралхан, Тынымбай деген кісілерді қайталап оқып отырамын. Алайда бүгінгі күннің прозасы деген де — бір әлем. Оқырман ретінде қазіргі қоғамның өзгерісін дәл ұстап, адамның ішкі дағдарыстары мен рухани ізденістерін терең зерттеген шығармалар жазылса, оқыр едім. Кейінгі отыз жылдықта да шығармалар жазылды, дегенмен, жақсы шығармалар бәрібір өте аз. Өткенде бір жиында болғанымызда әдебиетші кісілер бұның бір себебін тәуелсіздікке дейінгі инерциямен жазылған классикалық мектептің әлсіреуімен түсіндірді. Ол қалай сонда? «Қанша замандасак та, Кеңес кезеңіндегі жазушылар кәсіби редакторлар мен әдеби ортасы бар ортада қалыптасты. Ол заманда әдеби мектеп болды, шеберлік тізбегі болды. Ал кейін бұл жүйе ыдырады. Бүгінгі жас авторлар өздігінен ізденіп, еліктеп-солықтап жүріп үйреніп, баяғы шеберлік сабақтастығы үзілді» деп түсіндірді сонда.

Мүмкін, біз өзіміздегі жақсыны танымайтын шығармыз? Әсіресе кітап оқытын үлкен буын арасында жаңа тәсілмен жазылған шығарманы «бұл

ті көргім келеді. Ендігі үміт жастарда. Олар тіл білуі тиіс. Одан бөлек, әдеби агент, кәсіби редактор, аудармашы керек, оларға фестивалдер, шетелдік рецензенттер, баспагерлер арқылы алысқа ұзауға мүмкіндік бар. Ал әзірге бұлардың ешқайсысы бізде жүйелі түрде қалыптаспай отыр.

«Қазақ прозасында тосын ой неге аз?» деген сұрақ ойға келіп жүр соңғы кезде. Бір жағынан, әдебиеттің негізгі ресурсы уақыт пен ой десеңіз, бір жағынан, біздің қоғам кітаптан алшақтап, соңғы қырық жылда бірыңғай тіршілік қамымен ғана айналысып кетті. Жазушылар да дәл солай. Шын мәнінде, бізге пішін мен тәсілді өзгерту арқылы қазақ прозасын жаңа деңгейге шығаруға болады. Мысалы, психологиялық проза, урбанистік проза, философиялық романдар үшін эксперименттік ойлауды дамытуға күш салсақ... уақытқа ілесе түсер едік.

Болашақтың әдебиеті мүлде басқа болуы да мүмкін. Юваль Ной Хараридің «Homo Deus» кітабындағы «Гуманистическая революция» бөлімінде Харари: «Басқа дүниетанымын қалыптасуы мүмкін», — дегенді айтады. Бұрынғы дәуірде мағына Құдайдан, табиғаттан

дәуір адамын көрсету қажет, бұл енді ойы, таңдауы еркін болса да, өзі алгоритмге тәуелді адам. Оның санасы миллион мағлұмат пен дерекке сықасып тұр, осыдан келіп цифрлық қоғамның ішкі драмасы шығады.

Қазақ прозасында да келешекте осы гуманистік тереңдік пен технологиялық реализм бағытындағы шығармалар жазылуы керек.

— **Адам жан дүниесінің қатпар-қатпар иірімдері, тіршіліктегі алуан құбылыстар туындыларыңызда шынайы кестеленеді. Жазуға отырғанда алдымен, ойша жоспар құрып аласыз ба, әлде жазу барысында желі өздігінен жетелеп отыра ма?**

— Тап осылай деп айту қиын, бір түсінгенім, жазу — интуиция мен еңбектің біріккен симфониясы.

Саяси құпиясы көп біраз кезең бар

— **Өндіре жазасыз, көп оқисыз, үнемі зерттеп жүресіз. Уақытты қалай үйлестіресіз?**

— «Өндіре жазып жүр» деген маған келмейді, бұндайды естудің өзі ыңғайсыз, әлі үлкен-үлкен шығармалар

үлкен әдеби байқаулар өтті ме, «Айбоз» болсын, «Ұлы дала», «Алтын тобылғы», «Алтын қалам», басқа болсын, үздік шығармалар таңдалып, жария болғаннан кейін жүлде берілді, жеңімпаздар фотоға түсті, құттықтау айтылды, сонымен болды. Ал негізі бүкіл әңгіме сол жерден басталуы керек қой, мысалы, әр жүлделі шығармаға кемі екі түрлі көзқарастағы сыншы пікір жазса, бірі шығарманың ерекшелігін, мәтіндегі күшін айтсын, екіншісі осал тұсын ашсын. Сонда жас автор оны мақтау есту үшін емес, өсу үшін оқиды және сын мақтауға да, жамандауға да емес, түсіндіруге қызмет етуі керек. Бұл жерде рецензия жазатын сыншы-әдебиетшіге қаламақы төлеу өте маңызды. Сын тегін болған жерде жауапкершілік азаяды, еңбек бағаланғанда сын да салмақтанады, ой да тереңдейді. Қаржыны кім төлейді дегенде, бұл жерде тек мемлекет емес, мәдени қорлар, баспалар, порталдар бірлесіп жүйе құра алады. Екіншіден, ашық пікір алаңы керек. Ол үшін әдеби порталдарда «рецензия плюс пікір» форматын енгізуге болады, яғни кәсіби сыншы жазғаннан кейін, оқырман да пікір қалдыра аласын. Бірақ бұл фейсбуктегі сияқты жай пікір емес, нақты сұрақтармен бағытталған пікір болуы тиіс. Мысалы, кейіпкер әрекетіне сендіре ме, тілі ауыр емес пе, сюжет қай тұста әлсіреп тұр деген сияқты. Оқырман да ойлануға мәжбүр болады. Үшіншіден, жүлдеге ілікпеген шығармаларды да жариялау керек. Себебі кейде байқау форматына сыймаған, бірақ әдеби тұрғыдан мықты дүниелер болады. Егер олар да талқыланса, әдеби ортада әділдік сезімі күшейеді. Бұнда жүлде алмау деген — үкім емес.

Сондай-ақ жастардың панорамалық шығармалар жобасы бойынша қаншама шығарма жазылып жатыр. Осы еңбектерді бірнеше әдебиетшіге қаламақысын төлеп оқытып, соның әрқайсысы бойынша мақалалар жазылып, талданып отырса, қозғалыс тіптен күшейе түсер еді. Шығарманың не ерекшелігі бар, несі жетпей жатыр дегенге жас қаламгерлер де ойланар еді.

— **Алдағы уақытта қандай кейіпкерлерді, қандай стиль мен идеядағы шығармаларды жазғыңыз келеді?**

— Психологиялық проза қызық маған. Адамның бүгінгі күйін дәл танып, ертеңгі болмысын болжауға талпынатын шығармалар жазғым келеді. Қандай кейіпкер дегенге келсек... менің кейіпкерім — бүгінгі қазақ. Ол қазіргі қоғамда өзін қалай сезінеді? Өз жерінде бейтарап па, әлде әлденелердің арасында қысылып жүр ме? Өміріне риза ма, жоқ әлде шыдамы ғана ұстап тұр ма? Осы сұрақтар жиі ойландырады. Сонымен қатар бізде айтылмай қалған, жабық, саяси құпиясы көп біраз кезең бар. Оларды тарихшы жазушылар жазар деп отырмай, қалам ұстағандардың қай-қайсысы да сол тұстардың жеке адамға әсерін, қоғамға қалдырған ізін көркем түрде зерттей алса, жақсы. Сонда адам тағдыры арқылы мемлекеттің болашағын сезінуіне болатын сияқты. Біз қайда барамыз, қандай мемлекет боламыз, ұлт болып қаламыз ба, әлде жанаша қалыптасудың жаңа кезеңіне өтеміз бе... сұрақ көп... Менің болашақ кейіпкерлерім — осы сұрақтардың ортасында жүрген қарапайым адамдар. Күн сайын танертең оянып, осы сүріп жатқан өмірін сүйе ме, жоқ әлде белгілі бір жүйеден, мағынасыздықтан шаршай ма, сол адамның даусы, ішкі қалпы қызықтырады. Әдебиет арқылы осы сезімдерді ұстап қалғым келеді.

— **Әңгімеңізге көп рақмет!**

Сұхбаттасқан
Мөлдір РАЙЫМБЕКОВА

САҚТЫҚ БАСЫМ

біздің әдебиет емес» деп қабылдамау бар. Біздің жазушылар осыдан қорқа ма? Жаңалықты танитын механизмдер аз болғандықтан, жанашыл автордың даусы бәсең шығады. Мысалы, өзім жұмыс істейтін «Әдебиет порталына» проза көп түседі, олардың арасында жаңа көрініп жүрген жастар да бар, әбден қалыптасқан сақа жазушылар да бар. Ортақ ұқсастығы — стильдік біртектілікте, авторлар прозада жаңа формаларды азырақ іздейді. Композициялық эксперимент, сана ағыны, концептуал проза, метафизикалық бағыт өте сирек, тақырыптар да шектеулі. Сол баяғы ауыл, әлеуметтік драма, ұлттық мінез, өткен тарих... Дау жоқ, бұлар әруақытта керек, маңызды, бірақ оқырман ретінде адамның ішкі әлемі, урбанизм, технологиялық өркениет, модерн қоғамның конфликттері көрінетін дүние оқығын келеді ғой.

Шебер реализм, лирикалық проза, ауыл прозасы — біз бұның қандай болатынын көрдік, оқыдық, осы арқылы есейдік те. Ендігі жерде әлеуметтік психология, урбанистік әңгімелер, постмодерндік ізденістер, қазіргі қазақтың жаңа болмысын ашатын дүниелер керек бізге және ең алдымен, интеллектуалдық прозаның көбейгенін қалар едім. Оқырманды жеңіл сюжетпен ертіп әкететін емес, керісінше, ойландырып, ішкі әлеміне үңілдіретін, дүниені басқа қырынан көруге мүмкіндік беретін шығармалар бізді өсіреді. Десе де мұндай әдебиеттің дамуы бір ғана жазушыға немесе бір ғана ұмтылысқа байланысты емес, интеллектуалдық прозаның өсуі үшін екі қанат керек, яғни туындыны жазатын авторлар мен оны оқып, түсініп, бағалайтын оқырман қажет. Бұл — қоғамның жалпы мәдени деңгейімен тікелей байланысты нәрсе. Өрсі биік оқырман көбейсе, сол оқырман керексінген жаңа әдебиет те дамиды. Жазушы да, оқырман да бір-біріне әсер етіп, бір-бірін алға сүйреп отырады. Сондықтан оқырман ретінде асықпай, бірақ тереңіне бойлап жазылатын, адам жанына жұмыс істейтін, қоғамды да, жеке адамды да ойландыратын әдебиет-

немесе империядан келсе, жаңа дәуірде мағына адамның ішкі әлемінен, сезімінен, тәжірибесінен туындайды. Адамның ішкі түйсігі, сезімі, еркі және таңдауы әлемнің ең жоғарғы билігіне айналады. Бұл либерал гуманизм, социал гуманизм, эволюциялық гуманизм деген үш бағытта дамиды. Демек, адамның ішкі дүниесі, сезімі және еркіндігі басты өлшемге айналатын болып тұр ғой. Бірақ сұрақ бар: егер адамның еркі мен сезімі бәрінен жоғары болса, ал біз еркімізді биохимиялық процестер анықтайды деп дәлелдеп жатсақ, онда гуманизм қандай күйге түседі? Харари турасын айтады: «Егер алгоритм сенің тілегіңді, қалауыңды, тіпті болашақ шешіміңді сенен жақсы білсе, онда гуманизмнің мәні әлсірейді». Харари үшін басты қауіп — адам еркі құнсызданып, биотехнология мен алгоритмдер адамның орнын басуы болып тұр ғой. Енді қараныз, осы кезге дейін әдебиет арқылы гуманистік ой туды, адамның ішкі даусын тыңдау маңызды болып, осыдан роман жанры туды, психологиялық талдау дамыды. Толстой, Достоевский, Джойс, Пруст секілді авторлар жеке адамның ішкі қалпын әлемдік мағына деңгейіне шығарды. Бұл гуманизмнің әдеби нұсқасы еді. Айталық, сол Хараридің де гуманизмді түсінуіне әдебиет үлкен әсер еткен болуы мүмкін. Себебі гуманистік идеяның ең толық көрінетін кеңістігі, негізінен, көркем шығарма болатын. Енді қалай десек те, бүгінгі әдебиет гуманистік дағдарысты сезінеді. Дегенмен, түңіле бермейік, Хараридің айтып отырған гуманистік революция концепциясы қазақ прозасына үш бағыт беруі мүмкін:

1. Адамға психологиялық жақтан терең үңілу, ұлттың мінезі адамның ішкі психологиясынан көрінеді деген ойды алып шығу;

2. Болашақта таңдау да, ойлау да, содан келіп адам да еркін болады. Өйткені еркін қоғамға соған лайықты тұлға қажет. Ал әдебиет еркін тұлғаны қалыптастырудың құралы бола алады.

3. Технологиялық кезеңнің адамын бейнелеу. Харари айтып отырған жаңа

жазған жоқпын, жазсам дейтін ой, ниет бар. Әзірге өзімді «ізденіп жүрген» қаламгер ретінде көремін. Уақыт үйлестіруге келсек, бұл қиын, жұмыста тек жұмыстың мақаласын, сұхбатын жазасын, үйде әйелсің, анасын, дегенмен, қалай болғанда да, күніне кем дегенде бір сағатты жазуға арнауға тырысамын. Кейде көп, кейде аз, бірақ күнделікті ішкі процесс үзілмейді.

— **Жазушы үшін жазудың салмағы қандай? Мысалы, сіз не үшін жазасыз? Ол кімге керек?**

— Өзіме. Кейде қоғамнан шаршайсың, бірақ жазудан шаршамау керек. Себебі жазу — өзіндік сақтап қалудың амалы. Мен өзіммен күн сайын күресемін демеймін, олай десем, өтірік болады, бірақ кеше жазған сөйлемімнің нашарлығын бүгін байқап, неге бұлай сөзбірейтіп жазғанмын деп ұялсам, демек, бір саты өскенім. Өсу деген біреуден озу емес, ішіндегі үнді ести білу ғой. Сол үн сені қайда бастаса да, соған еріп отыру. Көзім осыған жете түседі, жазу адамды сабырлы, байсалды, кешірімді қыла түседі. Кейде өсу үшін біреудің мақтауы емес, жалғыздық пен үнсіздік керек. Сол сәттерде ішінде ой тұнады, сөздер салмақтанады. Егер бір сөйлем шынайы болмаса, ол қанша әдемі жазылса да, тұлға бойы тірі болмағанын жүрекке жетпейді.

— **Қазір байқаулар көп, оның бәрі ұлттық әдебиетті көтеру мақсатында ұйымдастырылады. Бұл көркем әдебиеттің сапасын өсіре ме?**

— Иә, бізде әдеби байқаулар баршылық, ол жақсы, солардың арқасында жаңа авторлар келіп жатыр. Шындап келгенде, әдебиетті дамыту — институттар мен конкурстардың емес, жазу үстеліндегі адалдықтың ісі. Алдымен, жақсы дүниелер жазылады. Ол және көбірек жазылуы тиіс. Әдебиетке ең қажет нәрсе — еркіндік. Ойдың, сөздің, форма мен тақырыптың еркіндігі. Әдебиет өссін десек, сын да өсуі тиіс. Бірақ ол жою үшін емес, жарық түсіру үшін жазылуы керек.

Дегенмен осы байқаулардың өту тәртібін жетілдіруге болар еді. Мысалы,

«ПЕРМЕДЕГІ» ПИГМАЛИОН

(Басы 14-15 беттерде)

(әңгіме)

— Сүйінші, ағайын, сүйінші! Ауылымызға Қарекке теледидардан көрген шымқай кара көйлекті хас сұлудың өзі келе жатыр! Келін келе жатыр! Қарекені ынтық қылған қаракөзайым келе жатыр!

Естіген жан түгіл тау мен тасты тебіреніп жеткен сүйіншіге Қарекке де елең еткен. Кәрі шешеді ес қалмады. Кәрі шеше дал ұрып болып-ақ жүр. Ақ сандықтың аузын ашып, ішіндегісін ақтарып тастаған. «Апа-ау!» — деп үйге бас сұққан келін-кепшіктің қолына бар асыл бұйымын ұстатып: «Абысын-ау, таңың атып, Күннің шықты ғой», — деп кемсендескен кейуаналарды көне сандықтың түбінде сақтаған кәде-сыйымен жарылқап, жадырап сала берген. Қарекке де мөз. «Әй, менің құрдастарым-ай, аспандағыны арбап, жердегіні жалмай-сыңдар ғой», — дейді ол ыржалақтап. Қарттар да әлденелерді еске алысып қауқылдасқан. Әйткенмен де, аңқылдаған ауылдың қуанышы аңсап күткен қаракөзайым албардан атсағанда су сеппендей басылған. Өйткені... шымқай кара көйлекке малынған қалқаны көрген бетте-ақ Қарекке: «Ол емес! — деп бір-ақ кесті. — Жігіттер, сендердің мына ертіп келгендерің мен көрген жанға ұқсамайды». «Жоқ, бұл — сол, соның өзі. Көзінді ашып, дұрыстап кара! — деді Қайыркелді үшін табанынан тозып, нән қаланың көшесін таптап, дінкелеген дос-құрдастың бірі жанұшыра айқайлап. — Дұрыстап кара, оның қаракат көзін сенің шел басқан көзің көрмей тұр ма, не?» Жігіт осыны айтты да, қыздың жүзін жапқан кара шілтерді серпіп жіберген. Шілтер түрілгенде уылжыған жас сұлу аялы көзін төңкеріп тастап, Қареккеге имене қарап тұрды.

Арада ай аунап, жылдар жылжыған. Жоңғар Алатауының ұшпа шындарынан ала бас атан бұлттар көшіп өтеді. Ауыл өмірі ырғақты күйімен қайта қауышқан. Бәрі өзгерді. Өзгермеген Қарекке ғана. Иә, ол бұрынғыдай «көз-көз» деп аласұрмайды. Бірақ бір мұңлы, тұйық жанның кейпіне еніп, көкжиекке қадалады да жүреді. Қазір оны құрдас-тары көп іздемейді, «суретімізді салып берші» деп, қолқалауды да қойған. Қарекке бар жерде ауыл жұрты сурет туралы сөзді мүлде ауызға алмайтын болды. «Көксоқанның кәрі жыны қайтадан қозып шыға келмесін» деп қорқады. Сондай күндердің бірінде «Қарекке Тұшыбұлақтың бастауындағы Тамшыбұлақтың басына түнеп қалатынды шығарыпты» деген сөз тарайды. Қарекенің өзі де кей ортада: «Тамшыбұлақ, Тамшыбұлақтан таптым іздегенімді», — деп жүрді де бір күні ауылдан қарасын батырған. Жоқ. Қайда кеткені белгісіз. Кәрі шеше зар қағып, запыран құсты. «Қартайып қаусағанда қарабаққа тап болдым. Қарекені жын айдап, сайтан жетелеп кетті ме, білмеймін, міне, аптадан асып, айға жуықтады, орнын сипап отырмын. Ағайын, елім-оу, қарайлаңдаршы, Қарекке құлынымның тым құрыса сүйегін тауып берсендерші».

Тұшыбұлақ қайта дүрлікті. Ауылды үрей биледі. Жоқтауы асқан Қарекенің артынан ауылды қасырет басып, қайғы жамылардай зәре-құты қашқан жұрт жан-жаққа ат шаптырып, Қарекені ізде-

уге кіріскен. Алайда Қарекке зарықтырмай тез табылды. Тамшыбұлақтың басынан. Тамшыбұлақ — Құдайдың бір кереметі еді. Аркасын Сарытаудың ну жынысына тіреген алып жарғас. Алып жартастың қас бетінен тебініп жұп тамшы қысы-жазы бір үзілмей, сорғалап ағады да тұрады: мөлдіреп аққан көз жасындай. Сол қос тамшы, о, Құдірет, көзге, кәдімгі айнамақозға айналыпты. Айнамақоздың қарашығынан моншақ тамшылар көз жасындай саулап, төгіліп тұр. Мына ғажапқа кездескен ауыл адамдары Тамшыбұлақтың суын уыстап ұрттап, бас иді.

Сарша тамыз аяқталып, күз мезгілі таяған. Тамшыбұлақтың қас бетіне ойып салған Қарекенің «көзі» жайындағы сөз ауыл-ауылды аралап, алыстағы шахарларды кезіп кеткен кезде Тұшыбұлақ ауылындағы мектепке ағылшын тілінен сабақ беретін жас мұғалім Гүлтұнық келді...

... Алматы кеші. Даңғаз шудан онаша мейрамханада жазушы ағаларын ортаға алып, Тұшыбұлақтың жігіттері кеукеулесіп отыр. Ауылдың үлкен-кішісін түгендеп шыққан соң әңгіме ауаны Тамшыбұлақтың «көзіне» ауған.

— Қарекке қалай, тынышталды ма? — деп сұрады жазушы аға.

— Ой, Қарекке қатқан жігіт болды, — деді жазушы ағаға емен-жарқын, еркелей сөйлейтін інілердің бірі. — Шаруасына тастай. Орнықты отағасы.

— А-а, ол бас құрады ма? Әлгі, өздерің жетелеп апарған қаракөзайыммен отасты ма?

— Жоқ, аға. Ол қаракөзайымның есімі — Гүлбаршын ғой. Қарекенің қарындасы. Қарекке ақ жүрек азамат, білесіз, панасыз жетімді жетелеп жүріп, барша мұратына жеткізген. Үлде мен бүлдеге орап, өз қолынан ұзатты. Ал өзі баяғыда теледидардан көрген ғашығымен табысқан.

— Атамаңыз, аты да бір керім, — деп іліп әкетті әңгімені Тұшыбұлақтың сөзге епті тағы бір жігіті. — Гүлтұнық. Адасып тағдыр кешкен жан екен. Сүрінсе де, күрмеуі қиын күрделі өмірде көресіні көрсе де, қайыспай, қайтпай бақытын іздеп тапты. Бақыты, бағы біздің ауылдан — пермеден табылды.

— Қарекке Гүлтұнықты көрген бетте баяғы Тамшыбұлақтың басына апарып өзі салған «көзді» — Тамшыбұлақтың «көзін» көрсетіпті де, «мынау — сенің көзің» депті. Екеуі Тамшыбұлақтың басында табысып, серттескен көрінеді. Ол — осы күні Қайыркелді інінің жары, екі сәбидің анасы. Кәрі шешеміздің алқауына кенеліп, мейіріміне бөленіп, мерейін тасытып, суретші досымыздың шаңырағын шалқытып, шырағын жақты.

Жан толқытар сүйінішті сөзді естіген жазушы әдемі жымыып:

— Пигмалион, — деді, — біздің «перменің» Пигмалионына махаббат Құдайы Афродитаның шапағаты тиген екен ғой.

«Перме» — ауызекі тілде айтыла беретін бұрынғы кеңсарлардың шаруашылық бөлімшесі — Ферма.

Пигмалион — Грек әфсанасындағы қылқалам шебері. Мүсініші.

● ПІКІР



Әлібек БАЙБОЛ,

жазушы, драматург,
әдебиеттанушы-ғалым,
алаштанушы

ҚАЗАҚ ЕЛІ ТУРАЛЫ ДЕРЕКТІ ШЫҒАРМА


Жазушы, сыншы, алаштанушы, әдебиеттанушы-ғалым, баспагер Елдос Токтарбайдың «Арғы жағы Хазардың, бергі жағы...» роман-хроникасы үш бөлімнен һәм эпиглоттан тұрады. Ал автордың алғысөзі — зор тұздық. Қалам иесінің бұл шығармасында тек 1911 — 1913 жылдар аралығында жарық көрген «Қазақстан» газеті туралы ғана емес, бауырлас ел — қазақ-әзербайжан арасындағы рухани, мәдени, әдеби, тарихи байланыс турасында да сыр шертілген, қос елдің дамуына елеулі үлес қосқан тұғырлы тұлғалар жайында жан-жақты жазылған, келісті тілмен кестеленген-ді. Қаламгердің қажырлы еңбек қылғаны, ізденгені бірден аңғарылды. Себебі ол осынау тақырыпқа ойда-жоқта келе салмаған, бұрыннан бері ой-қазанында пісіп-жетілген дүние.

Роман-хроникадағы тарихи шындық пен көркемдік шешім мәселелері автордың жекелеген концепциясы негізінде жүзеге асканы айқын. Елдос XX ғасыр басындағы зиялылардың ішкі әлеміне үніліп, жанділінің ұңғыл-шұңғылына бойлап, елдегі саяси-әлеуметтік жағдаяттарды көрсетуді, күрескерлердің ерлік хикаясын, қиын заманның қыспағынан қыңқ етпей өткенін ашып шынық, асқақ романтикамен бейнелеуді басты бағдар еткені байқалады. Ағын судай тасқындаған уақиғалар легі тарихымыздың мақтан тұтар тұстарын да, көкірек қарс айырыла, күрсіне бас шайқар трагедиялық жағдайларын да баян етеді. Ұлттың құт-берекесі — бірлігі мен ынтымағында. Одан айырылсаң болғаны — жат жұрттың қорлығына ұшырайсың, жер бетінен өрмесің. Осынау идея — аталмыш көркем шығарма өзегі. Өткен дәуірді көрсететін «Арғы жағы Хазардың, бергі жағы...» романының көркемдік жүйесінде, идеялық, тақырыптық, жанрлық, стильдік жаратылысында фактілердің атқарар қызметі орасан. Өйткені деректер мен құжаттар бұрмаланбай, көркем шығармаға дәлме-дәл көшкен-ді.

Өлі тарихқа жан бітіретін, Тұран даласындағы оқиғаларды өрістететін, кейіпкерлер керуенін түзетін — әлбетте, көркем тіл, айшықты сөз, оқырманды тебірентер тенеулер. Е.Токтарбай туындыны баяндау барысында кібіртіктемейді, себебі романның өзіндік ағысы, иірімі бар. Түрлі көркемдік элементтер мен компоненттер: сюжет, композиция, тіл, стиль, жанр қарым-қатынасы тұтастығынан тұрады. Мұнымен қоса, баяндаудың сәтті, ретті шығуында Елдос туындының дүниетаным, жеке шығармашылық бағыт-бағдары, кеңестік пен уақыт ұғымдары арасындағы байланысты ұғына білу қабілеті, психологиялық деталь-штрихтарды қолдану машығы айтарлықтай рөл атқарғаны сөзсіз. «Арғы жағы Хазардың, бергі жағы...» роман-хроникасындағы баяндаушы-нарратор бір оқиғадан екіншісіне оңтайлы ойыса өтіп, майдай сырғып отырады. Бұл — көркем мәтін пластикасын күшейтетін тетік.

Қазақстан да, Әзербайжан да — бір-біріне етене жақын ел, туыстас халық. Ғұмар Қарашұлы, Бақытжан Қаратаев, Ғұбайдолла Бердіұлы, Мұхамбет Бақыткереев, Иманғали Токбердиев, Халел Досмұхамедұлы,

Елеусін Бұйраұлы, Ахметқали Мәмбетұлы, Ғабдолғазиз Мұсағалиұлы, Шәңгерей Бөкейұлы, Барлыбек Сырттанұлы, Мұхит Мералыұлы, Сәлімгерей Нұрлыханұлы, Ишанғали Мендіханұлы, күйші Сейтек, Мұстафа Көкебайұлы, қажы Зейнелғаби-ден Тағиев, Нариман Нариманов, Ғалымардан Топшыбасов, Маман әулеті асыл ұлдарының, т.б. көркем бейнесі көкейге қонымды шыққан. Өмірде болған, бірақ кейін жер бетінен көшкен елтұтқаларды тірілту — онай жұмыс емес. Сол кісі боп сөйлеу, сол кісі боп тебірену, кейіпкердің дәп сол мезеттегі күйін бастан кешу — қиынның қиыны. Бұл — жүйкеге жүк боларлық ұзақ толғанысты, еңбекті, қажыр-қайратты қажет ететін, әбден дінкелететін процесс. Сюжеттік желі жеңіл, емін-еркін өріліп, оқиға бірде Оралда, бірде Жетісу жерінде, бірде



Бақыда (Баку) дамып, туынды динамикасына дем беріп тұрады. Қаламгердің қиналмай-тыраштанбай жазатыны, кең-мольнан көсілетіні қуантты. Бастапқыда, оқиғалар тізбегі баяу дамып, бірсыдырғы, іркес-тіркес жылжып отырғандай көрінгенімен де, сюжет барған сайын шиеленісіп-ширығып, ішкі қайшылық үдейді. Автор бәрін тегіс ақтарып тастағысы жоқ, отқа шет-шетінен, аз-маздан отын тастаған адамша асығар емес, ыммен-жыммен, кенеттен бұра жөнеліп, қапталға қарата ығысып, ишарамен, астармен жеткізеді. Қазақ жұрты, түркілер, я тұтас мұсылман қауымы болған нәрсеге болаттай берік боп, өткенге өкінбей, қайта шүкіршілік етіп, тәубе қылып, алға жылжып, жай ғана: «Әр істің қайыры бар...» дей салатыны бар. Аталған романдағы тарихи кейіпкерлер де өмірге құштар, мұратшыл, жігерлі...

Көркем мәтін — құрылымы бөлекше семиотикалық құбылыс. Соған орай, мәтіндегі тілдік танбалар, кодтар жүйесі таным жемісі. Сол себепті, оқырман санасында көркем мәтіндегі тілдік кодты аша алатындай, талдап-тәпсірлей алатындай білім-білік болуы шарт. Өйткені автордың айтпақ ойын lingvo-бірліктер және көркемдік-эстетикалық жүйе арқылы ғана ұғына алмақпыз. Әдебиет — дүниетану ғылымының ең биігі, төресі. Бұл — адам өмірін, қоғамды және болмысты көркемдік тұрғыдан пайымдау, зерттеп-зерделеу деген сөз. Қазіргі қазақ прозасы тақырып аясының кеңдігімен, образдар жүйесінің нақтылығымен, уақиғалар желісінің шымырлығымен, кейіпкерлер мінез қасиетінің даралығымен, қаламгерлер концепциясының айқындығымен, жанр трансформациясымен ерекшеленеді. «Не істелді? Ендігі атқарар шаруа қандай? Не жоғалттық, не таптық? Келешекте қалай дамимыз?» деген сауалдар мазаны қашырды. Өйткені бұл шығармада көп дүние астарлап жеткізілген, «ей, елім, есінді жи, етегінді жап...» деген үндеу-ұран бардай сезіледі. Ойымызды қорыта келе айтарымыз, жазушы, ғалым Елдос Токтарбайдың «Арғы жағы Хазардың, бергі жағы...» — кешегі мен бүгінгінің, көне мен жаңаның арасын жалғаған, тарихи жадыға үнілген, секем алған көңілді серпілген роман.



Майкл Х.ХАРТ

*Бұлдыр тартып күн, айым,
Батты тірлік тамуққа.
«Ньютон», — деді Құдайым,
Шыға келді ол жарыққа.*

Александр Поп

Ғылымның дамуына айрықша ықпал еткен ұлы ғалым Исаак Ньютон Англиядағы вулстарпте рождество қарсаңында 1642 жылы (*Галилей өлген жылы*) дүниеге келген. Мұхаммед секілді Ньютон да әкесі өлгеннен кейін дүниеге келген шынашақтай кезінде-ақ механикаға деген өзінің бейімділігін танытты. Исаак зерделі, ақылды бала бола тұра, мектепте алға да ұмтылған жоқ, соншалықты көзге де түсе қойған жоқ. Бозбала шағына енді иек артқанда шешесі оны ауыл шаруашылығымен айналысса, өз тірлігін көріп кетер деген ниетпен, мектептен шығарып алады. Шешесі оның қабілетіне бірде-бір шәк келтірген емес. Бірақ Исаак он сегізге келген кезде Кембридж университетіне түсіп кетеді. Ол онда сол кездегі математика мен жаратылыс ғылымы саласындағы белгілі жетістіктерді бірден меңгеріп, тіпті өз бетінше зерттеулер де жүргізе бастайды. Ньютон өзінің 21 мен 27 жас аралығында, кейіннен бүкілдүниежүзілік ғылымда төңкеріс жасаған негізгі теориясының іргетасын қалады. XVII ғасырдың орта шенінде ғылымның шұғыл дами бастағаны белгілі. Сол ғасырдың басында телескоптың дүниеге келуімен астрономияның жаңа кезеңі ашылып еді. Ағылшын философы Френсис Бэкон мен француз философы Рене Декарт Еуропа ғылымдарын, бұдан былай, Аристотель беделіне сүйене бермей, өз беттерінше тәжірибелер жасауға шақырған болатын.

Галилей бұл шақыруды өмірге енгізіп те үлгерді. Галилейдің телескопы арқылы бақылаулары сол кездегі астрономиялық ұғымдарды өзгертіп, ал оның механикалық тәжірибелері, қазір бізге белгілі Ньютондық механиканың алғашқы заңдылығын орнықтырды.

Қан айналысы саласында жаңалық ашқан Гарвей мен күнді айналатын планеталардың қозғалыс заңдылығын бейнелеп берген Кеплер, сондай ақ басқа да ғалымдар, ғылымға көптеген жаңа маңызды мәліметтер берді. Бірақ тұтастай алғанда таза ғылым тек ақылдылар бәсекесінің тартыс алаңы болып қала берді, Френсис Бэкон болжағандай, адамдардың бүкіл өмірін өзгертіп жіберетін жасампаздық қуатын көп жұрт сезе қойған жоқ еді.

Коперник пен Галилей көне дәуір ғалымдарының кейбір қате тұжырымдарын ретке келтіріп, Ғалам заңдылықтарын дұрысырақ түсінуге зор үлес қосқанын мойындасақ та, бірақ шашыраңқы факторларды бір-бірімен байланыстырып, ғылыми бол-

жам жасауға мүмкіндік беретін негізгі принциптер қалыптасқан жоқ еді.

Ол теориялардың бәрінің басын қосып, бүгінге дейін ғылым жүріп келе жатқан жолды салған Ньютон екенін ұмытпауымыз керек.

Ньютон негізгі тұжырымдарын 1669 жылы-ақ қалыптастырып қойса да, оның зерттеу нәтижелерін тым сараң жариялайтын. Көптеген ғылыми еңбектері көп кейін жарық көрді. Жұрттың бәрін жалт қаратқан алғашқы жаңалығы сәуле табиғаты туралы болды. Ньютон бірнеше тәжірибе жасай

түсіретін заңды тұңғыш ашты. Ал практика жүзінде, әрине барлық заттар сыртқы күштерге бағынышты, солай бола тұра біз әңгіме етіп отырған жағдайдағы заттардың қозғалысы туралы мәселе — механикадағы негізгі маңызды мәселе болып саналады. Шын мәнінде, классикалық физика заңдарының іргетасы болып есептелетін механиканың даңқты екінші заңын ашқан Ньютон ол проблеманы да шешіп қойған болатын. Математика тілімен $F = ma$ таңбаланатын ол екінші заң, заттың массасына бөлінген

далана отырып, Күн айналасындағы планеталардың қозғалысын қолмен қойғандай етіп дәл болжам бере алды. Аспан денелерінің қозғалысын болжау проблемасы сияқты астрономиялық динамиканың принципті проблемасын шешкен Ньютонның бұл еңбегі — ең ұлы еңбектердің бірі. Сондықтан да оны күні бүгінге дейін теңдессіз астрономдардың бірі деп санайды.

Ньютонның ғылыми еңбектеріне деген біздің бағаларымыз не нәрсеге негізделеді? Егер ғылыми энциклопедиялардың индекстеріне көз салсақ, онда кез келген басқа ғалымдардан гөрі Ньютонға, оның еңбектеріне көбірек жүгінетінін байқау қиын емес. Сонымен бірге Ньютонмен көп айтыс-тартысқа түскен, ұлы ғалым Лейбництің Ньютон туралы айтқанын еске алайық: «Егер математика туралы дүние жаратылғаннан Ньютонға дейінгі уақытты ауызға алсақ, онда ол бұл ғылым үшін басқаларға қарағанда, анағұрлым көп жұмыс бітірген». Ұлы француз ғалымы Лаплас «Бастауды» — «адамзат баласы жаратылғаннан бергі ұлы шығарма» деп атаған. Ланграж да Ньютонды — теңдессіз ғұлама деп атаған, ол Эрнест Мач 1901 жылы былай деп жазған: «Сол уақыттан бергі математикадағы жетістіктің бәрі Ньютон идеялары негізіне сүйенген механика заңдарының дамуына байланысты».

Біздің бұл шағын ғана шолуымызда, Ньютонның бүкіл жасампаздық қуатын түгел айтып шығу мүмкін емес. Оның тіпті жеке жетістіктерінің өзі айрықша мәнге ие. Мәселен, Исаак Ньютон термодинамика мен акустикаға үлес қосып, қуат көздерінің заңын сақтаудағы маңызды принциптерді қалыптастырып, өзінің атакты бином теоремасын құрып, астрономия мен космогонияға едәуір үлес қосты.

Алайда Ньютонды әлемдік ғылымға анағұрлым ықпал еткен ұлы ғалымдардың бірі екенін мойындай тұра, тізімде неге ол Ұлы Александр мен Вашингтон сияқты ұлы саясатшылардың немесе Христос пен Будда сияқты ұлы діни көсемдердің алдында тұр деген заңды сұрақ тууы мүмкін. Менің пікірім: саяси және діни жаңғырулардың мән-маңызына қарамай, дүниежүзінің көптеген елі Александрға дейін 500 жыл бұрын да, 500 жыл кейін де қалай өмір сүрсе, дәл сондай өмір сүріп жатты. Сол сияқты көп жұрттың біздің дәуірімізге дейінгі 1500 жыл бұрынғы да, одан 1500 жыл кейінгі де күнделікті тіршілігі солай болған.

Ал 1500 жылдан бастап ғылымның дамуы мен көтерілуіне орай адамдардың тұрмысында, тағы да басқа қам-қарекеттерінде революциялық өзгерістер болды. Сонымен бірге философияда да, діни ойлауда да, саясат пен экономикада да бірқатар түлеп-жаңғырулар дүниеге келді. Ньютон ұлы ғалым ретінде, ғылымның дамуына айрықша ықпал етті, сондықтан да ол ықпалды тарихи тұлғалардың кез келген тізімінде аса құрметті орындардың бірінде (*маңызы жөнінен екінші*) тұруға лайықты.


Ньютон 1727 жылы дүниеден озды. Ол ғалымдардың ішінде бірінші болып Вестминстр аббатствасында жерлену құрметіне ие болды.

Аударған

Темірхан МЕДЕТБЕК

Исаак Ньютон

(1642—1727)



отырып, кәдімгі ақ сәуледе құбылып тұратын кемпіркосақтың барлық түсін табуға болатынын дәлелдеп шықты. Ол сонымен бірге сәулелердің шағылысуымен шарпысу заңдылықтарына мұқият сараптама жасады. Осы заңдылықтарды танып білу негізінде ол 1668 жылы тұңғыш телескоп рефракторды дүниеге келтірді. Сол типтегі телескоптар негізінде жасалынған телескоптар басты-басты астрономиялық обсерваториялардың бәрінде дерлік күні бүгінге дейін қолданылады. Солар туралы, сондай-ақ басқа да тәжірибелер мен ашқан жаңалықтары жайлы Ньютон Британ королі ғылыми қоғамының мәжілісінде баяндама жасады.

Исаак Ньютонның астрономияда қол жеткізген табысының өз-ақ, оның есімін біздің тізімімізге сөзсіз кіргізер еді. Дей тұрғанмен оның математика мен механикадағы ашқан жаңалықтары әлдеқайда маңызды. Ньютонның математикаға қосқан басты үлесі интегральді есептеу. Ол кезде Ньютон жиырма үш, жиырма төртте ғана болатын. Оның бұл ашқан жаңалығы қазіргі математика өсіп шыққан тұқым ғана болып қойған жоқ; ол әдістеме болмаса қазіргі ғылымдардың көбісі мұндай деңгейге көтеріле алмас еді.

Бірақ Ньютонның ұлы жаңалығы механика саласында жатыр. Галилей денелердің сыртқы бөгде күштердің әсеріне бағынбай-ақ, қозғалысқа

күштің шапшандығына тең екенін көрсетеді. Ньютон механиканың екі заңдылығына, әрбір әрекет соған қарсы әрекет тудырады деп дәлелдейтін өзінің атакты үшінші заңын қосты, сондай-ақ ол ең атакты бүкіләлемдік тартылыс заңын дүниеге келтірді. Механиканың осы төрт заңының көмегі арқылы жүргізілетін зерттеулер, шынтуайтына келсек, маятниктің тербелісінен Күн айналасындағы планеталар қозғалысына дейінгі, одан да тереңірек айтсақ, барлық макрокопиялық механикалық жүйелерді қамтитын біртұтас жүйені құрайды.

Ньютон бұл заңдарды қалыптастырып қана қойған жоқ, сонымен бірге механикалық әдістерді пайдалана отырып, ол көкейкесті мәселелерді шешу үшін заңдарды қалай пайдалану керектігін де көрсетіп берді.

Ньютон заңдарын танып білу ғылыми-техникалық проблемаларды аса кең ауқымда шешуге мүмкіндік береді. Бұл заңдар оның көзінің тірісінде-ақ астрономия саласында соншалықты ынта-жігермен қолданыла бастады. 1687 жылы ол өзінің, әдетте «Бастау» деп аталып кеткен «Табиғи философияның математикалық бастауы» деп аталатын ұлы еңбегін жариялады. Ол еңбегінде Ньютон механика мен бүкіләлемдік тартылыс заңдарының мәйегін ашып көрсеткен. Ньютон ол заңдарды пай-

Жуырда ғана Мемлекет басшысының Жарлығымен «Халық қаһарманы» атағы ресми түрде берілуіне орай, Алматыда, 28-гвардияшы-панфиловшылар атындағы саябақтағы Офицерлер үйінде Генералдар кеңесінің ұйымдастыруымен белгілі жазушы Мамытбек Қалдыбайұлының Бауыржан Момышұлының өмірінен жазған онтомдық шығармалар жинағының тұсаукесер рәсімі өтті. Рухани-мәдени шараға генералдар, офицерлер, курсанттар, ақын-жазушылар, Алматы облыстық мұражайының қызметкерлері қатысты.

Айтулы шараны ашқан Генералдар кеңесінің төрағасы, генерал-лейтенант Бексұлтан Сәрсекөв өз сөзінде бұл басқосу – жас офицерлер мен курсанттарымызды, жалпы жастарымызды батыр бабалар өсиетіне адал, ел қорғау ісіне берілген, Отанын қалтқысыз сүйетін патриот етіп тәрбиелеу жолындағы мақсатты шаралардың бірі екенін атап өтіп, Бауыржан Момышұлының рухани өмірінен сыр шерткен белгілі жазушы Мамытбек Қалдыбайұлының онтомдық шығармалар жинағының жарық көруіне ерекше еңбек сіңірген Генералдар кеңесінің және Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Ержан Исақұловқа ризашылық білдірді.

Кеш мінберінен ақын, халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері Қорғанбек Аманжол «Батыр Бауыржан Момышұлы рухымен сырласу» атты өлеңін оқыды.

Батыр рухына арналған жырдан кейін мінберге әскери ғылымдар докторы, академик Досай Абырайымов көтерілді. Әскери қызметін отыз жыл шет елде өткізген ол халқымыздың біртуар ұлы Бауыржан Момышұлының рухани өмірінен жазылған онтомдықтың авторы, белгілі жазушы Мамытбек Қалдыбайұлының еңбегін үлкен ерлікке пара-пар деп бағалап, өз алғысын білдірді.

«Өмірімде болған бақытты бір жағдайға тоқталып өткім келеді. Мәскеуде қызмет етіп жүрген мені Совет Одағының батыры, Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрі Сағадат Нұрмағамбетов елімізге шақырып алды. 1993 жылы осы залда өзімен кездесу кеші өтті. Залдың алдыңғы қатарында екі мәрте Совет Одағының батыры Талғат Бигелдинов, «Халық қаһарманы» атағының иелері Қасым Қайсенов, Рахымжан Қошқарбаев, Роза Бағланова отырды. Залға Сағадат Нұрмағамбетов кіріп келгенде, бәріміз орнымыздан тік тұрып, ду қол соғып, құрмет көрсеттік. Мен сонда «Шіркін, қазір арамызда Бауыржан Момышұлы болар ма еді. Мына кешіміздің көркіне көрік, маңызына маңыз қоса түсер еді. Баукең – феномен ғой» деген ойға баттым. Алматы шаһарының дүниеге келген миллионыншы сәбиіне Бауыржан батыр есімінің берілуі тегін бе? Әрине, тегін емес. Баукеңді халқымыз түгел біледі, білу аз, бар жанымен сүйеді. Елімізде Баукеңнің орны ерекше. Бүгінде қанша балаға ол кісінің аты қойылды десеңізші?!

Мына бір фактіні айта кетейін. Армян халқынан Екінші дүниежүзілік соғысқа үш жүз мың солдат қатысты, алты маршал, алпыс генерал шықты. Ал бізден шыққан генерал жоқтың қасы. Ол шенді шовинистер таңғайып, ерен ерліктің өнегесін көрсеткен Баукеңнің өзіне қимады. Бұл әділетсіздік пе, әділетсіздік. Бірақ оған Бауыржан Момышұлы мойыған емес, қажымас қайрат, қайтпас ерліктің, еркін ойдың символы бола білді. Ол кісімен ешкімнің иық тірестіре алмайтынының сыры осында деп білем.

Қазір мен америкалық бір ғалымның «Феномен лидерства Чингиз хана» деген кітабын оқып жүрмін. Біздің тарихшыларымыз, философтарымыз Баукең өмірінен де осындай еңбек жазса деген тілегім бар.

Халқымыздың тарихы бүгінгі таңда жеті том болып жазылып жатыр. Мамытбек Қалдыбайұлының бір ғана Баукең өмірінен он том жазғаны – атап айтар ерлік. Бұл еңбек ұландарымыздың Баукеңдей батырлар өнегесінен үлгі алып, ел қорғаны – нағыз азамат болып өсіп, жетілуіне негіз болар рухани қазына деп білемін», – деп түйіндеді

ЕРЛІК – МӘНГІЛІК ТАҚЫРЫП



сөзін академик.

Келесі кезекте сөз алған Ұлттық қауіпсіздік комитетінің генерал-майоры Мейрамбек Мұқатов: «Өз басым Баукең туған өңірде дүниеге келгеніме қуанамын. Ол кісінің рухани мұрасын, нақыл сөздерін оқып-біліп, бойымызға сіңіріп өстік. Кеңес өкіметі кезінде қазақ тарихы пышақтың қырындай жұп-жұқа кітап еді. Қазір, міне, төл тарихымыз жеті том болып жазылып жатыр. Еліміздің, жеріміздің тарихы, заманының әр қилы кезеңінде халқымызға қорған болған батыр бабаларымыздың ерлік істері шынайы жазылған еңбектер жарық көрмек. Ел тарихында есімі алтын әріппен жазылып қалған тұлғалардың бірі – Бауыржан батыр», – деді.

Сөзін қорытындылай келе, мың жылда бір туатын Бауыржан Момышұлының асыл қасиеттерін сарбаздарымыз бойына сіңіріп өссе, ел-жерімізге қорған болар, халқымыздың мақсат-мұратына адал ұлдарымыздың қатары берік боларына сенім білдірді.

Президент сыйлығының иегері, белгілі жазушы Көлбай Адырбекұлы: «Халқымыздың ұлы тұлғаларының бірі – Бауыржан Момышұлының рухани өмірінен жазған танымал жазушы Мамытбек Қалдыбайұлының онтомдық еңбегі – жастарымыздың жігерін жанып, күрескерлік рухын көтеріп, елін, жерін қалтқысыз сүйеге баулитын алтын қазына. Менің пайымдауымша, басқа шығармаларды оқымасандар да, Мұхтар Әуезовтің «Абай жолын», Бауыржан Момышұлының «Ұшқан ұясын», Мамытбек Қалдыбайұлының онтомын оқыңыздар, – деді жас сарбаздарға қарата. – Сонда қазақ халқының қандай екенін толық танысыңдар. Баукеңнің өмір, еңбек, тарих, әдебиет, мәдениет, өнер, қоғам құрылысы туралы айтқандары да таңдай қақтырарлық».

Сөзін Жаратушы Алланың атымен бастаған «Өнер» баспасының директоры Әшірбек Көпішев бұл шараға қуанып келгенін айтты. «Өйткені бұл бас қосуымызды, шын мәнінде, халықтың рухын көкке

көтеріп, арманын асқақтататын басқосу деп білдім. Белгілі жазушы Мамытбек Қалдыбайұлының Баукең өмірінен жазған онтомдығында бұрыннан белгілі оқиғаларды қайталау жоқ, есесіне Бауыржан Момышұлының жан дүниесінің жұртқа беймәлім қыры мен сырын барынша жарқыратып аша түскен. Ол кісінің педагог, философ, психолог, тарихшы екеніне шүбәсіз көз жеткізеді. Мамытбек ағамыз осы жанқиярлық еңбегімен Алланың рахымына бөленіп, ұрпағымыздың тәрбиесіне өзіндік үлес қосты. Жастарымыз



Берік САДЫП

28 маусым, 1984 жылы Жазушылар одағындағы асханада жазушы Софы Сматаевтан естіген бір соқталы әңгімені келтіре кетейін.

Ақын Қалижан Бекхожин 1948 жылдан қызмет істемегі. Жазушылар одағының мүшесі, жасы 40-тан асқан... жазары көп, жұмысты біржола қойыпты. Тек үйіне 300 сомдық қызметтемің дейді екен де, сол кезде ол кісіге жылына бір кітап шығарып отыру бұйырып, оның қаламақысының көп бөлігін кассаға салып қояды екен де, айдың жартысында қасадан 150 сом түсіріп, полушка есебінде жеңгейдің қолына ұстатады екен... Ал айдың соңында тағы да 150... Ертеңгілік үй-іштегілерге «мен жұмысқа кешірек барамын» деп, ал кешке қарай «ерте келдім» дейді екен... Қалижан Бекхожин Софы Сматаевқа осы құпиясын айтып, «Қырықтан асқан соң мүмкіндігің болса, жұмысты қой, артыңдағы жастарға орын бер де, өзің жазуға кіріс, кейін өкінбейсің», – депті.

«Абай, Жамбыл, Сәкен сияқты мықтыларымыздың шығармалары Одақтас Республикаларда анда-санда жарияланып, оларына Жазушылар одағына қаламақы келіп... ал ол қаламақыны Жазушылар одағында, әсіресе «Қаламгер» кафеесінде «көбірек жүретін» біраз пенделер Жазушылар одағынан «доверенноспен» алып, бірігіп жаратады екен» деген әңгімені естідік...

Әзіл орнына осы кезде айтылған қағытпаны келтірейін.

Бір кезде ақын Шәймерден Әлдибеков «Лениншіл жас» газетінің әдебиет бөлімінің менгерушісі Құлбек Ерғөбек өлеңдерін шығармай бірнеше қайтарған соң, ал керек болса деп... өз атынан Абайдың өлеңдерін апарып... онысын Күлекең жарамайды деп қайтарып, оны Шәкен жазып ыңғайсыз оқиға болып, оған қарсы Күлекең де жауап бергені бар. Сөйтіп жүргендерінде, бірде екі сабаз Жазушылар одағында кездесіп, аналдай жерде тұрған Құлбекке Шәймерден ағамыз: «Әй, Құлбек, жасың кіші, неге сәлем бермейсің...?» – десе, Құлбек: «Қазір бұрынғы қалған, жасы кіші емес, басы кіші сәлем беруге тиіс...» – депті.

31 тамыз, 1984 жыл

Кеше «Қаламгерде» Софы Сматаев, Несіпбек Айтөв, Исрайыл Сапарбаевпен бірге тамақтанып отырып: «Біздегі Асқар Егеубаевтың орны бос...» деп алып, бір деммен былай деп әңгіме айта қалдым: «Осыдан 23 ай бұрын бөлмеде Сайлаубек Жұмабеков Асқарға: «Асеке, «Жазушы» баспасына замглав боп барайын деп жатыр екенсің ғой» деп еді, мен де тілім қышып китүркі сөйлем қоса қойып едім, Асекең екеуімізге ал кеп ашулансын... кешірім сұрап әрең құтылдык...» деп бітіріп едім, Несіпбек: «Асқардікі жөн ғой...» – деп қабақ шытып күйбеңдеп қалғаны. Біліп отырмын, мені жақтырмай отыр. Осы сәт, «Кімді айтсаң, сол келеді» демекші, Асекеңнің келіп қалғаны... Қараптан-қарап ыңғайсыздандым... Ана екеуі маған тек Софы мойын

ӘЗІЛМЕН АЯҚТАЛАТЫН КҮНДЕЛІК

бұрып отырған соң ғана «бұл кім болды екен» деген пиғылмен тесіле зерттеп амалсыз әңгімелеріне ортақтастырып отыр...

Ас ішіп болып Софеекпен қарсы көшедегі паркті аралап шықтық. Софеекпенде жанындағы бала еді-ау, мен осы кіммен келе жатырмын, кімге әңгіме-шерімді айтып келе жатырмын деген «бөтен» қасиет жоқтың қасы екен. Тақырып табылса болды, шынын айтады, ақтарыла айтады. «Төрт бөлмелі үй алсам, жұмысты қоямын... Бұл өмірде бұғып тыныш жүре берудің қажеті жоқ екен, болмас нәрсені армандап, болар дүниені бермесіне қоймай тартып ала білу керек екен. Ана Мұхтар Шаханов Бүкілодақтық Ленин комсомолы сыйлығының лауреаты болған соң кірмеген тесігі қалмапты. Соның арқасында бес бөлмелі үйді иемденіп отыр. Министрлер Советінің председатели Әшімов өзі шақырып, «Елім-ай» романыма риза боп, не керек дегенде мәшине ала салып едім, ол кезде мына «Жигулидің» өзі қат... Кейін «Волга» етіп берем деді. Оны қайтем, қояр жер де ыңғайсыз. Бұзылса, тағы, машақат, өзім де жөнді жүргізе де алмаймын... Совминнің үйінен үй берілетін болып, кешегі Жұбан секретарь боп тұрғанында какой-то несчастный справкисін бермей... содан айырылып қалдым... ит қой, ит. Кейін берейік пе дейді, «Сіз де көп тұрмассыз, мен де өстіп жүре бермесіпін...» деп кабинетінен шығып кеттім» деп тоқтаған сәтте, бір қырымбайлар кезігіп, әңгімеміз күрт үзілді...

Сәбит Мұқановқа төрт художник жігіт портретін әлемілеп салып апарыпты. Сәбит оларды жақсылап сыйлап, әрқайсысына елу сом ақша беріпті...

Әлгілер, ақшаға дәндей, портретін керемет етіп Мұхтар Әуезовке апарса, ол кісі жақтырмай, «Мұнда қоя салындар»... деп, құры қол қайтарыпты...

Кіші қызметте жүрсен, қалай болса солай, олпы-солпы жүрген жөн екен... Тікелей бастығым Қажығали Мұханбетқалиев мені Жазушылар одағының екінші секретары Қалдарбек Найманбаевқа ертіп кіріп: — Қалекен, жаңағы жаққа мына жігіт барып келсе, секретариаттың жігіті, — деп еді, Қалекені сақалы өскен, жұпынылау киінген менің үсті-басыма барлай қарап: — Өй, болмайды! Өзің бар... ол кісі — бақандай замминистр... — деп еді, Қалекен ләм-мим демей жөнеле берді...

Қалтай Мұхамеджановқа біреу звондап: «Бұл зоопарк па?» — деп, Қалекен: «Жоқ» деп, әлгі қайта-қайта хабарласып: «Бұл зоопарк па?» — дей берген соң, Қалекен келесі хабарласқанында амалсыз: «Иә, зоопарк» депті... Анау іле-шала: «Кто говорит?» — десе, Қалекен: «Слон говорит!» — депті...

Дулат Исабеков корейс қызбен сүйісіп тұрса, біреу: «Ей, Дулат, қазақты бітірдің, орысты көрдің, ендігі қалғаны корейіс пе еді?» — десе, Дәкен ыржия: «Оу, бұлай етсең грипп болмайсың, грипп!» — деген көрінеді.


30 қыркүйек, 1984 жыл

«Қазақ әдебиеті» газетінің «Сатира және юмор» бөлмесінің алдында Т.Иманбеков, М.Рахманбердиев, Н.Ақышев — төртеуіміз әңгімелесіп тұрдық. Осы бөлменің бастығы Көпен Әмірбеков туралы сөз болып, «Әй, осы байқаймыз, Көпеннің құйысқаны көтеріліп жүрген сияқты, бір майлы жерге кетіп тынады-ау, пәтшағар...» деген әңгіме айтылып қалды. Оның қорықпайтынын, жұмысқа асықпай келетіні, еркін жүретіні сияқты «мықтылығы» сөз болды... Сол мезет өзі де сап етіп келе қалғаны...

...Осының алдында ғана, Нұрәулет Көпеннің орнына біздің Берік дайын деп,

оны Мұса қоштап, бірауыздан Көпеннің «мықтылығын» қағытып өткенбіз.

...Көпенді қаумалап, оған: «Кімді айтсаң сол келеді» деген, объектіміз сен болып, басыңа ытқытып жатыр едік...» — деп, Нұрекен: «Берік айтады, Көпен деген кім өзі?» — деді, Мүсекен: «Көпен менің жанымда сатирик пе деді», — деп қағытып жатыр. Көпен оның қалжың екенін, айтылған сөздердің осы жерде табан астында шығарылған «тапқырлық» екенін ұғады... ыржияған қалпы киімін шешуге бөлмесіне еніп, қайта шығып: «Иә,



сатирик Әмірбеков дегеннен гөрі, Садыров — сатирик деген жарасады да, ұқсайды...» — деп әзілмен жауап қатқаны бар.

Одақтың екінші қабатында тұр едік, арқалы ақын Сәкен Иманасов келіп, бірден әңгімесін айта жөнелді. «Бірде Одақтың алдына шығып телевидениеге бес минутта жету керек болды. Ісләм Зікібаев машинасымен тұр екен, айтып едім: «Ойбуй, Сәке, апарар едім-ақ, бір тығыз шаруа болып тұрғаны...» — дегені. Қоя қойдым. Осы сәтте баспа директоры Әбілмәжін Жұмабаев шығып: «Қап, машинамың кетіп қалғаны-ай, комитетке бару керек еді», — деп еді, Ісләм: «Отырыңыз, апарып салайын», — деп ала жөнелмек... Есігіне жармасып: «Сені ме, мен де бастық болармын, алдына келтіремін!» — деп, ол кеткен соң Тұрсынқұлова Ісләм сөйтті деп иттігін айтып тұрса, Ісләм апарып кеп қапты, қолтығымнан тартып жеке шығарып: «Не сен, елдің бәріне айтпақшымысың...» деп ашуланады. «Айтамын, ол иттігінді Алматыдағы сауатты азамат атаулыға түгел айтамын», — дедім. Содан бері жыл өтті, әлі айтып келемін...» дегені бар.

Жоғарыдағы әңгіме айтыла сала, фототілші Сайлау Пернебаев:

— Ісләм кез келген «Волгадан» озып кетеді!.. — деп қалды.

— Жаман «Жигулимен» бе? Қалай ша?

— «Волганың» артына бір сом байлап,

әне кетті десең, қуып жетіп үзіп алады... —

деді де, — Жаңағы жоғарыжайсаң басып

көтеріліп кеткен Жайсаңбек Молдағалиев

ішіп теңселе басып келе жатса, алдынан

Ғабит Мүсірепов шығып, сәл қарап тұрып:

«Мен сені Жайсаңбек екен десем... Жайсаңбек емес екенсің ғой...» — депті деп,

астарлы әзілді ортаға тастады.

Осы Жайсаңбек Молдағалиев партияға мүше болған соң, бір аттың басын жіберіп отырып, партияның «взнос» деп айлықтан, гонорар атаулыдан қырып ұстайтынына қынжыла келіп: «Атаңа нәлетке бекер өткен екем, үйде бес балам бар еді, бұл алтыншы болды...» — деген екен.

21 қараша, 1984 жыл

...Өткенде сатира және юмор бөлмесінің алдындағы әңгіме бекер айтылмапты — Көпен Әмірбеков «Ара» журналына ауысып дегендей, редакцияда тағы да өзгерістер болды.

Естуімше, сатира-юмор бөліміне адам іздестіріп жатқан көрінеді... Табыла қою оңайға соқпайтын сияқты... Кім бар еді: Сейіт Кенжахметов Торғайдан келе қоймайды; Шона Смаханұлы пенсияға шығып отыр; Үмбетбай Уайдин денсаулығы нашар; Таңдай Кенеев — инженер...; Қажытай Ілиясов — «Арада», майлы жерді кім қисын; Марат Нұрқалиевті «Арадан» Ғаббас Қабышев жібере қоймас; Абдрахман Асылбековті ала қоймайды, жұмыс істеуі ала қарға дейді; Оспанхан отыра қоймас... Келгісі барлар: Мұратбек Дүйсенбеков, Леспай Оспанов, Бейсебай Кірісбаев, Мұхтар Шерімов, ал Оналбек Кенжебеков кіріп те шығыпты... Елдің біразы Беріктен басқа кім бар деп қояды... Нұрәулет келіп, «Орағана айттым, керек десең, Шерағаға айттайын» дейді... «Ойбай, Нұреке, оған бара қойма, мүйіз сұрап құлақтан айрыламын, мына орынның өзінде ұшып кетейін деп жүрмін...» — деп, екпінін әрең бастым. Ішінде жүрміз ғой, қойса қолдарында... Кіріп айту, кісі салу — ыңғайсыз. Оның үстіне секретариатқа да қолайлы, ұқыпты адам табу да қиын.

Сөйтіп, біз долбар пішіп жүргенде Сейтказы Досымов өзі сұранып сатира бөліміне барды... Проза бөлімінде еді, одан қашу себебі достарынан айырылып, дұшпандарын көбейтіп алыпты. Өзі де кертартпа, Шерағанды арқа сүйеп, жеңілдің асты, ауырдың үстімен баскендердің ыңғайына қарай қимылдап жүрген еді...

Сейтказының орнына Тұтқабай Иманбеков, өнер бөліміне Кеңшілік Мырзабеков бөлім меңгерушісі болды.

Жоғарыдағы өзгерістер болып, Көпен Әмірбеков «Араға», ал Сейтказы Досымов проза бөлімінен сатира бөліміне ауысқанда фототілші Сайлау Пернебаев: «Көпен сотталуға кетті, Сейтказы боқталуға кетті...» — депті.

Беделді басылымның беделді басшысы ұжымды жинап алып, даулы да жанжалды жиналыс өткізіп жатады. Бұлайша шұғыл бас қосуға мақала тақырыбындағы «республикалық» деген сөздің «ли» деген екі әрпінің түсіп қалғаны себеп болған.

— Қане? Кім біледі, «ли» әріптері қайда кеткен? Кім алып тастады оларды? Бұл кімнің кінәсі? Кім жіберген қатені? Корректор ма, кезекші ме? Әлгі сонынан оқитын көмекші кезекші қайда жүрген? Жауапты хатшы, оның көмекшілері не бітірген? Менің орынбасарларым да бар емес пе? Қайда жүр бәрі? Жабылып жүріп нені оқыдыңдар? — деп бас редактор сұрақты үсті-үстіне төпеп, үстелді қос қолдап ұрып тұр. — Тез айтыңдар! «Ли» қайда? — дейді зіркілдеп. Ешкімде үн жоқ. Ішке осы сәтте енген фототілші Сайлау Пернебаев ештеңеге түсінбеген қалпы төмен қарап тұнжырап отырғандардың соңын ала жайғасады. — Кім айтады? — деді бас редактор бәрін көзімен бір сүзіп шығып, — «Ли» қайда? Өңі түтігіп, қап-қара болып, түгі сыртына шығып тұр. Мұрты едірейіп, көздері ежірейіп кетіпті. Бәрі тым-тырыс, қым-жырт. Сол кезде шыдамы біткен Сайлау дауысын созып:

— Оу, бәсеке-ау. Бір көріс үшін бәрімізді қырасыз ба, қайтесіз? Лидің қайда жүргенін біз қайдан білейік? — деген екен.

2 ақпан, 1985 жыл

Қазақстан Жазушылар одағының «Бүгінгі әдеби процесс және көркем сынның міндеттері» деген тақырыпта пленумы болып өтті. Баяндамашы Сағат Әшімбаев елдің көп тыңдауға құлқылары жоқтығын білгендіктен қысқарта, тездетіп сөйледі. Жарыссөзге М.Қаратаев, Ә.Әбішев бастап, он бестей адам сөйлеп, кешкі бестен өтерде әрен-пәрен бітірді. Пленум тізгіні, әлбетте, Жазушылар одағының бірінші секретары Олжас Сүлейменовтің қолында болды.

...Жазушылардың міндеті — сөз тисе, бір-бірін іреу, есе қайтару, әйтеуір бар екенін білдіріп деп қалу. Негізі, қай-қайсысы болса да өзі туралы біреу бірдене дей ме деп аңдып отырады. Жеме-жемге келгенде «сен тимесен, мен тимеймін бадыраң көзді» басшылыққа алады.

Біз Одақ мүшесі емеспіз әрі тиіп тұрған жерде күнделікті жұмысымыз болғандықтан бұл пленумға тиіп-қашып қана қатыстық. Сондағы есте қалғандардың «дәмділеуін» келтіре кетейін.

Қарағандыдан келген Қадырбаева есімді сыншы қыз жөн нәрсе айтты ма ел сөйлесін деп, регламентінен екі есе аса сөйледі. Жас сыншының сөзі көп елге жақты, регламенттен асып бара жатқанын ескерткен Олжасқа жұрт «сөйлесін!» деп қолпаш жасап болмаған соң Олжекен: «Е, мейлі, ол сіздердің обедтеріңіздің есебінен...» — деп күлдіріп, сыншы қыздың сөзі біте сала: «Міне, мына кісінікі қызық болды ә... осы сияқты бұдан да қызық сөз түстен кейін болайын деп тұр. Сіздердің осы қалыптарыңызды жазбай жиналуларыңыз үшін онда бірінші болып кім сөйлейтінін айтпаймын... Оның сөзі бұдан да керемет!» — деп түскі үзілісті жариялады.

...Берқайыр Аманшиннің: «Жолда бір орыстың әйелі орыс тіліне аударылған қазақ жазушысының шығармасын оқып: «Какой-то ерунда!» — деп лақтырып жіберді!..» дегеніне орай, Олжекен қорытынды сөзінің орта тұсында мына бір оқиғасын айтып қалды: «Самолетпен ұшып шығып Қарағандыдан «пересадка» жасадық. Онда мінген бір спортсмен жігіт жанымға жайғасып болып, бір кітапты оқып отырған. Біраздан соң әлгі батыр кітабына қарап отырып: «Какой-то ерунда! Еше сказали детективный...» — деп лақтырып жіберген кітабын алып қарасам, Достоевскийдің «Преступление и наказание» кітабы екен» дегені есте қалыпты.

1982 жылы Қазақстан әдебиеті мен өнерінің РСФСР-дағы күндері өтіп жатады. Мәскеуде Қазақстан жазушыларымен кездесу болады. Сахнаға Олжас пен Қалмұқан Исабаев қатар шығады. Сірә, Олжас сөз сөйлеуге, Қалекен сый-сияпат тапсыруға шықса керек.

Олжас әдеттегідей тапқыр сөздердің тиетін ағытып тұрып: «Қалмұқан аға екеуіміздің бітіміміз бүгінгі қазақ совет әдебиетінің диаграммасы сияқты», — десе керек. (Олжас сорайған ұзын да, Қалмекең белінен ғана келеді ғой). Сонда Қалмұқан ағамыз ойланбастан: «Онысы рас, тек бір анықтай кететін жағдай, Олжасты — әдебиетіміздің саны, мені — сапасы деп қабылдасаңыздар қателеспейсіздер!» — депті.

Ұшқыр әзілге мәскеуліктер ризалықпен қол соғыпты.

Қазақстан Жазушылар одағы Басқармасының хатшылығы, «Қазақ әдебиеті» газеті мен «Жұлдыз», «Жалын», «Простор» журналдарының еңбек ұжымы Қазақстан Жазушылар одағы Басқармасы Төрағасының кеңесшісі, белгілі медиаменеджер Нұрлан Нұрғазинге анасы

Нұржамал САФАТБЕКОВАНЫҢ

дүниеден өтуіне байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.



**Бақытжан
СОВЕТҰЛЫ**

Бір күні жұмыстан әріптесім Мақұлбек Малдарбекпен бірге шықтым. Кабинетте басталған қызықты әңгімеміз әлі де толастамаған бойы аялдамаға келдік. Көп ұзамай-ақ біз күткен автобус та тоқтап, ішіне ендік. Алдыңғы бос орынға жасы үлкен Мақаң жайғасты да мен әңгімемді одан әрі жалғастырып жатырмын. Бір уақытта жеңімнен біреу тартқылағандай болды. Қарасам, Мақанның артында отырған бір келіншек: «Аға, мында отырыңыз», — деп өзі тұрып орнын босатып берді. «Рахмет, айналайын», — дедім де, әңгіменің қызығына түсіп кеткен мен байқұс, әрі қарай

сөзімді автоматпен атқандай бұрқыратып жатырмын. Сәлден кейін жаңағы келіншек «Аға, сіз осы жерден түспейсіз бе?» — дегені. Қарасам, шынында да, менің аялдамам. «Иә осы жерде түсем», — дедім де, Мақаңа «Қалғанын ертең айтып берем», — деп түсуге ынғайландым. Қалтамда майда болмаған соң мың теңгені кондуктарға ұсынсам, «бағанадан бері неге дайындап қоймағансыз?» — деп әжептеуір кейіс танытты. Осы кезде артымдағы келіншек

болды ғой. Қой құрсын бұған бір ілтипат көрсетейін. Жақсылап танысып алсам, кейін бір кафеге шақырып, жақындасып та кетермін» деген еркекке тән «жаман» ой жылт ете қалды. Автобустан лып етіп түсе қалдым да, іле-шала соңымнан түсіп келе жатқан әлгі әйбәт аруға: «Түсініз қарындас», — деп оң қолымды ұсындым. «Рахмет» деген ол: «Не, жас қыз деп қалдың ба, өмірінде бірінші рет қолынды беріп,

ӘДЕМІ ӘЙЕЛ



«Бұл кісі үшін мен төлей салам, міне алыңыз», — деп жолкірені ұстата салды. «Ләм-лим» деуге шамам келмеген мен ішімде «Мынау өзі Құдай берген сылқым

ілтипат көрсеттің ғой», — демесі бар емес пе. Жақсылап қарасам, Албанның қызы — Алма! Өз әйелім! «Не, тағы да Құдай атып, танымай тұрсың ба?» — деп мырс-мырс етеді. «Сасқан үйрек артымен сүнгиді» демекші, «Таныдым ғой. Жолпұлымды төлеген соң риза болып...» — деп қоям. «Жарайды, ковалерім, аман бол әйтеуір. Ал кеттік, бас үйге», — деген ол қолтығымнан ұстаған күйі дедектетіп үйге қарай ала жөнелді. Иә, бағанағы танысу, кафеге апару... не керек, бейтаныс келіншектің бейнесі көз алдымнан бұл-бұл ұшып, тәтті қиялдың бәрі далада қалды. Иә, шынында да, бас аман болсын, басқасын көре жатармыз.

АСЕКЕҢНЕН «ҚҰТЫЛУ».

Мен облыстық телеарнаға келгенде Асекеңмен бірден араласып кеттім (*Асекең деп отырғаным екеуміз 20 жылды «Қазақстан — Тараз» телевизиясында қызметтес болған, тележурналист әрі Қазақстанға еңбек сіңірген әртіс — Асқарбек Сейілханов*). Қашан көрсен де қабақ шытуды білмейтін жігіт ағасы мені жатырқаған жоқ. Ол менің алдымда 2-3 ай бұрын ғана Қызылордадан біржолата көшіп келіп, режиссер болып қызметке тұрыпты. Екеуміздің жұбымыз жазылмайды. Бірге жүреміз. Бірге тұрамыз. Хабарды да бірге жасаймыз. Мен — редактор, ол — режиссер. Бір күні Асекең:

— Қордайға барып келдім. Сюжет керек пе? — дейді. Ол кезде марқұм Мұса Рахманбердиевтің басшылық ететін тұсы. Күніне 10-12 сюжет береміз. Ақпаратта істейтін 4-5 адамға бұл өте ауыр. Мұрнымыздан шаншылып жүрген кезіміз. Салған жерден:

— Әкел, — дедім. Оқып отырмын. Тілі жатық. Бір-екі жерін түрткенім болмаса, дайын материал.

— Жазып тұрсайшы, — дедім.

— Жақсы, — деп шығып кеткен Асекең бұдан кейін, әй, бір бұрқыратты-ау дейсін. Ол тек жазып қана емес, өзі түсіріп, өзі монтаждап, өзі эфирге дайындап, қолымызды ұзартып-ақ тастады. Кейін бірінші басшының сеніп тапсырған «Ән жұмбақ» хабарын жүргізіп, облыс жұртшылығына танылды. «Ән жұмбақ» аға атанды. Асекеңнің енді жүрмейтін жері, қамтымайтын хабары қалмады. Бір күні менің апталық хабарым — «Стадионды» жасап отыр.

— Мұның не? — десем.

— Спорт қой, — дейді

— Жарайды, айыбыңды жуасың деймін. Бекер обалы не керек, «жуу» жағын ол қатырады. Осылайша, Асекең талай тележурналисті жұмыссыз қалдыра жаздады. Ақыры оны жоғарылатып «құтылдық». Ол телеарнаның Бас редакторы, сонан соң Қазақ драма театрына директор боп кетті.

Телеарнада жұмыс істегеніме 20 жылдан асты. Жаңадан келген жастардың өзі көлік алып жатқан соң, мен де бір мәшине мінеіін деп «Опель» алып енді ғана үйреніп жүрген кезім. Бір күні жұмысқа Асекең келді. Келген бойда әй-шәй жоқ:

— Әй, бала, сен көлік алғанда көрімдігі деп жүргізу куәлігінді әпердім, талай машинамды міндім. Ендігі кезек сенікі. Жүр, кеттік, — деді. «Жазған құлда жазық жоқ». Бәрі рас. Кетсек, кеттік. «Қырсықанда қымыран іриді». Машинаға келіп отырғанда оның қозғалар түрі жоқ. «Скоросқа» салып, рульді бұрамын. Мыңқ етсейші шіркінің. Мен Асекеңе қараймын. Ол маған. Бірақ үн жоқ.



«Не болды» дегенді иегін шошайта ыммен білдірді. «Әкесі өлгенді де естіртеді»

— Машина жүрмейді, — дедім.

Асекең күлкіге көмілді де қалды. Менің жыным қозды. Күлкісін әрең тыйған ол:

— Әй, сен ең бірінші машинанды оталдырсаңшы, — демесі бар емес пе...

Сөйтсем, оталдыруды ұмытып кетіппін. Кілтті бұрап қалып едім, көлік те дар ете қалды. Екеуміз де мәзбіз. Мен оталғанына, ол мені қатырғанына. Ең бастысы, баратын жерге аман-есен жеттік.

Жамбыл облыстық «Ақ жол» газетінің тілшісі Амангелді Әбіл тойда қатты «сілтенкіреп» жіберсе керек, ертесіне «сынып» тұрған басын жібіту үшін Асекеңе барады. Оның алғашқы жары жаныстың қызы болған соң Асекеңді «қайын аға» деп ойнайтын. Асекең де күйеу баласының бетін қаққан емес. Соған әбден үйреніп алған Әбекең келген бойда:

— Қайын аға дегенде, қайын аға,

Болмай тұр менің бүгін жайым, аға.

«Көр қазған мен бас жазған» сауабы бір Бар ма сізде 100 грам дайын, аға, — демеі ме.

Сөйтсе, Асекең:

— Дұрыс. Көр қазған мен бас жазған

бірдей,

Қайта-қайта басынды жазып жүрмей,

Бір-ақ рет сауабыңды алайын,

Көріңді де қазып бере салайын, — депті.

Мұндай жауапты күтпеген Әбекең әжептеуір өкпелейді. Арқасынан қаққан Асекең:

— «Күйеуді пайғамбар да сыйлаған».

Саған жүз грамм емес, бір жарты әперем жүр, — деп буфетке қарай бастай жөнеліпті.

«ЖҮР, БАҚЫТЖАН МОНШАҒА»

Қазақта «соғымбасы» деген жақсы дәстүр бар. Жаңа жылдың алдында екі-үш жігіттің басын қосайын деп үйге шақырдым. Ет піскенше емен-жарқын әңгімелесіп отырғанбыз. Бір кезде әріптесім әрі сол кездегі Бас редакторымыз Асқарбек Сейілхан: «Бақытжан, өлеңіңді оқышы» демесі бар ма. Мен өлең емес, сықақ жазатынымды, өкінішке қарай, оны жатқа білмейтінімді айтып ақталып жатырмын. Оған пысқырған Асекең жоқ. «Сен болмасаң, балаң оқиды. Мен білетін Санат атасының өлеңін білуі керек. Шақыршы», — деді. Қонақтардың алдына келген Санат сасқан жоқ. Атасының мазактама өлеңін судырата оқи жөнелді. Сондағысы мынау:

— Жүр, Бақытжан,

моншаға!

— Кір емеспін соншама.

— Жүр, Бақытжан, бұлаққа!

— Не бар шаршап жырақта.

— Құлағың кір, мойның кір.

Жуынуды қойдың бір.

Жүр дегенге жүрмесен,

Үйде жуын онда сен.

PS: Тұр Бақытжан есінен, Жуынамын несін деп.

Бұны естіген жігіттер қырантопан күлкіге көмілді. Ал мен не дейін. Бала кезімде моншаға бармай қырсығып, Совет әкемнің маған жазған мазактама өлеңі кітабына еніп кеткені рас. Кезінде оны әкемнің өзі оқып бергенде жинақты жырттам деп ашуланғаным да бар. Сол кезде әкем: «Жарайды, менің қолымдағы кітапты жыртып, жыртарсың. Бірақ бүкіл Қазақстанға тарап кеткен өлеңді қалай өшіресің?» — деп күлгені әлі есімде. Енді міне, өзім де әке болғанда бұл өлең тағы алдымнан шығып отыр. Оны басқа емес, ұлым айтып жатса, не шара?! Содан бері демалыс күндері Асекең: «Жүр, Бақытжан, моншаға» деп ұялы телефоныма хабарлама жіберетін болды. Иә, бармағанда қайтем. Аптасына әкемнің өлеңін еске салып, моншаға алып баратын Асекеңе рахмет!

Редакторлар кеңесінің төрағасы
Мереке ҚҰЛКЕНОВ

Бас редактор
Бауыржан ЖАҚЫП

Бас редактордың орынбасары
Қали СӘРСЕНБАЙ

Редакция алқасының мүшелері:

АЙТҚОЖИНА Марфуға,
ӘБДІҚҰЛЫ Төлен,
БАҚТЫГЕРЕЕВА Ақұштап,
ЕЛУБАЙ Смағұл,
ИРАН-ҒАЙЫП,
КӨПІШ Әшірбек,
ҚАБЫШҰЛЫ Ғаббас,
ҚАНАЗ Молдахмет,
ҚОШЫМ-НОҒАЙ Байбота,
НҮРЖЕКЕ-ҰЛЫ Бексұлтан,
НҮРМАҒАНБЕТОВ Тынымбай,
ОРАЗАЛИН Нұрлан,
СЕГІЗБАЕВ Кәдірбек,
СЕЙСЕНБАЕВ Роллан,
СМАТАЕВ Софы,
ШАХАНОВ Мұхтар,
ЫСҚАҚБАЙ Марал

Жауапты хатшы
Мұратқали ДҮЙСЕНБАЕВ

Әдебиет бөлімі:
Жүніс ОМАР

Мәдениет және руханият бөлімі:
Мәлдір РАЙЫМБЕКОВА

Әлеумет, тарих бөлімі:
Рымтай КӨКЕНАЙҚЫЗЫ

Компьютер орталығының жетекшісі
Данияр ҚАБА

Терімші
Рысқұл ЖҰМАБАЕВА

Корректор:
Айнаш ӘЛДИБЕК

Меншікті тілшілер:

Астана қаласы,
Ақмола, Солтүстік Қазақстан,
Қарағанды, Ұлытау облыстары

Айтбай СӘУЛЕБЕК,
Алматы облысы

Ержан ТОҚТАРҰЛЫ,
Абай облысы

Дәулет СЕЙСЕНҰЛЫ,
Ақтөбе облысы

Бауыржан ҚҰРМАНҚҰЛ,
Атырау облысы

Әлия ДӘУЛЕТБАЕВА,
Батыс Қазақстан облысы

Бауыржан ҒУБАЙДУЛЛИН,
Жамбыл облысы

Кәсемәлі СӨТТІБАЙҰЛЫ,
Жетісу облысы

Жангелді НЕМЕРЕБАЙ,
Қостанай облысы

Жанұзақ АЯЗБЕКҰЛЫ,
Қызылорда облысы

Қаршыға ЕСІМСЕЙІТОВА,
Маңғыстау облысы

Сағындық РЗАХМЕТ,
Павлодар облысы

Серік ЕЛІКБАЙ,
Түркістан облысы

Айдар СЕЙДӨЗІМ,
Шығыс Қазақстан облысы

Тоқтарбек МАҒЗҰМОВ,
Шымкент қаласы

Момбек ӘБДӨКІМҰЛЫ

Кезекші: Мәлдір
РАЙЫМБЕКОВА

РЕДАКЦИЯНЫҢ
БАЙЛАНЫС ЖҮЙЕСІ:

8 (727) 272-88-17

e-mail:
kazakh_adebiety25@mail.ru

Мекенжайымыз:
050009. Алматы қаласы,
Абылай хан даңғылы,
105-үй. 3-қабат.

ҚҰРЫЛТАЙШЫ – ҚАЗАҚСТАН ЖАЗУШЫЛАР ОДАҒЫ

Индекс 65353

Таралымы 15 000. Тапсырыс 895

Газетте жарияланған авторлар пікірі редакцияның көзқарасы болып есептелмейді. Материалдарды көшіріп басқанда редакцияға сілтеме жасау міндетті. Кей суреттер ғаламтордан алынады. Редакцияға келген хаттарға жауап жазылмайды, қолжазба авторға қайтарылмайды. Газет Қазақстан Республикасының Байланыс және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2011 жылғы 21 қарашада №12120-Г куәлігі берілген. Газет Алматы – Болашақ АҚ баспаханасында басылады. С.Мұқанов, 223-В. Оффсеттік басылм. Газет материалдары «Қазақ әдебиеті» газетінің компьютер орталығында теріліп, беттелді.